Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат Комитеті	000569	09.11.2004	Жоқ	Мәліметтер беру (оның ішінде интернет және телеграф қызметі)	Қазақстан Республикасы
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат Комитеті	000579	30.06.2004	Жоқ	Жеке желілерді ұйымдастыру бойынша (байланыс каналдарын жалға беру және инфрақұрылым желілері элементтері)	Қазақстан Республикасы
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы Комитеті және жер ресурстары басқармасы	14014979	06.10.2014	Жоқ	Құрылыс-құрастыру жұмыстары	Қазақстан Республикасы
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы Комитеті және жер ресурстары басқармасы	14013098	08.09.2014	Жоқ	Жобалау қызметі	Қазақстан Республикасы
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жұмыстары жөніндегі ҚР Агенттігі	12015021	25.10.2012	Жоқ	Іздестіру қызметі	Қазақстан Республикасы
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат Комитеті	001885	31.03.2008	Жоқ	Ір-телефония (Интернет- телефония)	Қазақстан Республикасы
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті» мемлекеттік мекемесі	17014561	16.08.2017	16.08.2022 ж.дейі	Атом энергиясын пайдалану саласында қызметтер көрсету	Қазақстан Республикасы

Даму стратегиясы

2017 жылғы қаңтарда Директорлар кеңесі Компанияның (капиталдандыру) нарықтық құнын арттыруға бағытталған, 2026 жылға дейінгі «Транстелеком» АҚ Даму стратегиясын (Даму стратегиясы) бекітті.

Компанияның Даму стратегиясы телекоммуникациялық саланы дамытудың заманауи жағдайы мен келешегіне сәйкес, компанияны дамытудың миссиясын, елестетуді, стратегиялық мақсаты мен стратегиялық бағытын анықтайды. Даму стратегиясында тұрақты даму мен қызметтің тиімділігін арттыру мәселесіне ерекше көңіл бөлінген.

Миссия, елестету және құндылықтар

Миссия

Клиенттер мен серіктестердің күткенінен асып түсіп, инфрақұрылымдық мүмкіндіктерді және бірегей IT шешімдер жасау.

Миссияны талдау

«Инфрақұрылымдық мүмкіндіктерді талдау...» - Компания мақсаты- еліміздің әр түкпіріне және қалың бұқараға жету арналаған инфрақұрылымды кеңейту болып табылатын жобалармен жұмысты ерекше ынтамен жасайтын болады. «Транстелеком» АҚ – Қазақстандықтарға цифрлық әлемге және жоғары технологиялы қызметтерге қолжетімділік беретін жобаларды жүзе асырушы, жоғары деңгейдегі корпоративтік жауапкершілігі бар қазақстандық компания.

«...және қажетті АТ шешімдер...» - Компания сатып алатын және сататын технологиялық шешімдерін объективті түрде бағалау үшін жеке сараптамасын дамытатын және жинақтайтын болады. Клиенттермен жұмыс жасаудың жаңа қыры шешімдерге және сапасы жоғары өнімдерге сәйкестілігіне қамқорлық туралы ғана емес, Компанияның қызметтерін пайдалану нәтижесінде клиенттерге тікелей экономикалық тиімді болады.

«...серіктестер мен клиенттердің күткенінен асып түсу» - көрсетілетін сервистерді сапалы деңгейге жеткізу үшін Компания клиенттері мен серіктестерінің қанағаттану деңгейін үнемі бағалаушы институт қолданысқа енгізілетін болады (мысалы, NPS көрсеткішін қолдану). Жұмыстың қанағаттану деңгейін арттыру Компанияның барлық құрылымдарында өзара әрекет ететін клиенттермен және серіктестермен қандай да бір шарада тиімділіктің негізгі көрсеткіші болып табылады.

Елестету.

«Транстелеком» АҚ – бұл озық технологиялар мен қызметтер жасау үшін ұйымдасқан және нәтижеге бағдарланған мамандар командасын біріктіруші, процестерді жоғары ұйымдастырушы динамикалық компания. Нарықтың көшбасшылары ынтымақтастық жасауға тырысатын тұрақты және сенімді серіктес.

Құндылықтар

- Үздіксіз шыңдау

  Біз бір орында тұрмаймыз, күнделікті практикамызаға үздік алдыңғы қатарлы шешімдер мен технологияны енгізе отырып, қызметіміздің барлық саласында үнемі үздік болуға тырысамыз.

- Бейімдік

  Біз кез келген жағдайда өзімізді және клиенттерімізді қамтамасыз ете отырып, кез келген өзгерістерге дайынбыз және үлкен жетістіктерге жетеміз.

- Әлеуметтік жауапкершілік

  Қоғам алдындағы жауапкершілігімізді сезіне отырып, біз өз шешімдеріміз бен қызметтеріміздің сенімділігіне, қауіпсіздігіне және сапасына кепілдік береміз.

- Клиентке бағдарланған

  Біз жоғары сапа мен ұзақ мерзімді қарым-қатынас орната отырып, клиенттеріміз бен серіктестеріміздің қажеттіліктерін түсінуге тырысамыз.

- Тиімділік

  Талап етілетін ресурстар мен күтілетін тиімділіктің байланысын бағалау арқылы біз нақты нәтижелерге жетуге бағытталғанбыз.

- Өзара жауапкершілік

  Біз өзімізге жауапкершілік алуға қорықпаймыз және оны бірлескен жетістікке жету арқылы саналы түрде жасаймыз.

- Адами әлеует

  Біздің қызметкерлердің әлеуетін ашуға және дамытуға Мы тырысамыз, оларды компанияны жақсарту процессіне қатысуға тартамыз.

Қоғамның ұстанымын және оның даму болашағын бағалау

Қазақстан Республикасы аумағында алғашқы провайдерлердің бірі болып табылатын «Транстелеком» АҚ республиканың 11 ірі қаласын бір желігі біріктіретін, жеке талшықты-оптикалық байланыс желісінің магистарльды желісі бар.

Компанияның негізгі қызметтері телекоммуникациялық және АТ-қызметтердің кең спектрін және:

- жергілікті, қалааралық, халықаралық телефон байланысын;
- Интернет желісіне қолжетімділікті;
- Телеграф байланысын;
- Байланыс каналдарын жалға беру және деректер беруді;
- АТ-қызметтерді және жобаларды ұсыну болып табылады.

Қоғам есепті кезеңде ұзақ мерзімді тұрақты дамуға жетуге толықтай бағытталған, Қоғамның даму Стратегиясында белгіленген іс-шараларды жүзеге асырады.

Қоғам құрайтын стратегияның және операцияның өзара әрекеттесуі үшін ішкі процесстер үздіксіз жетіліп отырады және корпоративті басқару жүйесі дамиды.

Қоғам жетістіктерінің бірі деп Компанияның NB500 рейтингіне кіруін айтуға болады. NB500 – Қазақстанның ірі компанияларын, олардың еншілес компанияларын көрсетумен түсім көлемі бойынша сараптап анықтайтын National Business және McKinsey & Compan бірлескен жобасы, сондай-ақ мұнайгаз кешені, қаржылар, металлургиялық кешен, құрылыс, транспорт, IT және телеком, өңдеуші өнеркәсіп, сауда, FMCG, ауыл шаруашылығы және энергетика сияқты экономиканың 11 саласына толық аналитикалық шолу жасалады.

NB500 нұсқасы бойынша 2016 жылы «Транстелеком» АҚ жылына - 32,7 млрд. теңге табыспен екінші орынды иемденіп, «Саланың өте жылдам дамушы компаниялары» үштігіне кірді.

Дамудың жеткен деңгейін сақтап қалу үшін Компания бастамаларды, жаңа қызметтер мен сервистерді әзірлеу мен енгізуді іске асыруды жалғастыруға ниетті. Бұрынғыдай айырықша болып клиентке бағдарлану, бәсекелестікті арттыру міндеттерін шешу, өзгеріске бейімдік ұстанымдарын қолдану қалады, бірақ саладағы үздік дәстүрлі сақтау, өзекті трендерді қолдану керек.

Сыртқы және ішкі ортадағы ағымдағы жағдайдың жүргізілген талдауы, сондай-ақ Компанияның миссиясы мен елестетуін тұжырымдау алдағы 10 жылдықта стратегияны елестетуге мүмкіндік берді. Стратегия өзіне негізгі үш бағытты іске асыруды қамтиды:

1. Телекоммуникациялық қызметтерді дамыту;
2. АТ-қызметтерді дамыту;
3. Ішкі өзгерту.

Әр бағыт өз кезегінде ПӘК мен негізгі міндеттерден тұратын бірнеше мақсаттарды қамтиды.

Стратегиялық мақсаттарға жету Қоғамда қабылданған тиімділіктің негізгі көрсеткіштері жүйесімен бағаланады, оны орындау сыйлық ақы бөлігін ауыстыру көлеміне тікелей байланысты.

Стратегия B2B және B2G есебінен позицияларды тіркелген байланыс нарығында күшейтуге, IP-телеграфияға өту арқылы телеграф желісі топологиясын жаңарту бойынша қызметті ұсыну бағытында дамуға, мобильдік бизнесті дамытуға, АКТ қызметтерін, АТ аутсорсингі мен АТ саласындағы ірі халықаралық компаниялармен одақтаса жүйелік интеграция қызметтерін көрсетуге, сондай-ақ күрделі және кешенді АТ жобаларды іске асыруға бағытталған.

Қоғамда бизнестің операциялық тиімділікті сақтау, капиталды инвестициялардың тиімділігін арттыру, ішкі процесстерді үздіксіз шыңдау және басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту бойынша міндеттер қойылған.

04

Операциялық нәтиже

Қызметтер

Тиімділікті арттыру

2017 жылғы ірі және стратегиялық маңызы бар инвестициялық жобалар


Клиенттік қор

Клиенттермен қарым-қатынасты дамыту

Хартиялар мен ассоциацияларға қатысу

Клиенттік база





2017 жылғы маңызды оқиғалар

852 367
мың тг.
Жергілікті телефон қызметі

1 683 783
мың тг.
Халықаралық және қалааралық телефон байланысы

2 038 898
мың тг.
Телеграфтық байланыс


6 899 384
мың тг.
Интернет желісіне қатынау қызметтері

2 586 225
мың тг.
Спутниктік байланыс және деректерді беру қызметі

12 179 355
мың тг.
Талшықты-оптикалық арна жалға беру бойынша қызметтер

2 945 019
мың тг.
Халықаралық транзиттік қызмет

Қызметтер



Жергілікті, қалааралық және халықаралық телефон байланысы

«Транстелеком» АҚ-ның темір жолды бойлай орналасқан, телефон байланысының тармақталған желісі бар. Бұл желі жетекші өндірушілердің жабдықтарын қолданып әлемдік технологияның соңғы жетістіктері негізінде салынған, сигнал берудің сенімділігін және қауіпсіздігін кепілдейді. Желі Астана және Алматы қалаларын және барлық облыс орталықтарын, сонымен бірге темір жол маңында орналасқан, аудандық маңыздағы көптеген қалалар мен ауылдарды қамтиды.Бұл қызметтер келесі пайдаланушы топтары үшін ұсынылады:

- **жеке тұлғалар үшін** – тұрғындарға көрсетілетін қызметтер;
- **заңды тұлғалар үшін** – коммерциялық ұйымдарға (акционерлік қоғам, жауапкершілігі шектеулі серіктестер және басқалар), коммерциялық емес ұйымдарға (мемлекеттік ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, қоғамдық қорлар және басқа да заң актілерімен анықталғандар) телекоммуникация қызметтері;
- **жеке кәсіпкерлер үшін** – абоненттік терминалды тұрғын емес үй-жайларда, не тұрғын жайларда табыс табу үшін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында қолданатын жеке тұлғаларға көрсетілетін қызметтер;
- **байланыс операторлары үшін** – лицензиялау туралы Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленген тәртіпте байланыс қызметін көрсетуге лицензия алған жеке және заңды тұлғаларға көрсететін қызметтер.

Қосымша қызмет көрсету түрлері (ҚҚТ)

Қосымша қызмет көрсету түрлері уақытты үнемдейді, шығындарды бақылауды қамтамасыз етеді, сіздің телефоныңызды тыйым салынған пайдалануды жол бермейді, шаруашылықта және жұмыста қосымша қолайлылық туғызады. Қосымша қызмет көрсету түрлері қызметін Қоғамның цифрлық АТС-қа қосылған абоненттері пайдалана алады.

Қосымша қызмет көрсету түрлері:

- нөмірді қысқартып теру;
- қайта бағыттау (барлық түрлері);
- кіріс қоңырауын ескерту;
- шығыс байланысын шектеу;
- оятқыш;
- тіркелген нөмірді теру;
- күтуші шақыру;
- кіріс байланысына уақытша тыйым қою (телефон үзілісі, «Мазаламаңыз!»);
- конференц байланыс;
- нөмір анықтағыш (НА);
- нөмірді анти-анықтағыш (Анти-НА) және басқалары.

IP-телефония

IP-телефония – Интернет желісі бойынша немесе қандай да бір IP-желісі бойынша сөйлеу дабылын беруді қамтамасыз ететін байланыс жүйесі. Дабыл байланыс арнасы бойынша сандық түрде адамның тіліне тән артықшылықтарды алып тастау үшін, жіберер алдында өзгертіліп (қысылып) жіберіледі.

Сөлесу кезінде, дыбыс дабылдары (айтылған сөз) қысылған деректер пакетіне өзгертіледі. Осыдан кейін, осы деректер пакеттері Internet арқылы екінші жаққа жіберіледі. Деректер пакеттері адресатқа жеткенде, олар негізгі нұсқаның дыбыс дабылдарына қайта қодталады.

IP – телефония Интернет-хаттамасы (IP) пайдаланатын, желі үстінен дыбысты байланысын қамтамасыз етеді. Технология ұйымдардың көптеген бытырап орналасқан объектілерін, бейімделгіш қызметкерлерді қоса бірыңғай конвергентті желісіне біріктіруге мүмкіндік береді.

IP – телефония шығындарды үнемдеу техникалық қолдауы орталықтану арқылы іске асырылатын бір желіге дыбыс байланысын және деректерді тарату қызметтерін біріктіру, сонымен бірге алыстағы объектілерге қоңыраулары кезінде қалааралық және халықаралық байланысқа шығындарды жою арқылы жетуіге мүмкіндік береді.

IP – телефонияның әрекет ету принциптері – бұл дыбыс байланысын деректер пакетіне айырбастау. Телефон аппараттары IP-желісінің деректер тарату портына қосылған. Бұл ретте телефон қызметтері желіге қосылған басқа қондырғылармен оңай атқарылады.

Бейнеконференцбайланыс

Қоғам бейнеконференцбайланысы қызметін сапалы жаңа деңгейде пайдалануды ұсынады. Қазіргі заманғы жабдықтар, жүйелер және технологиялар қосылудың әртүрлі түрлерін ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады. Сонымен жоғары сапалы бейнені және дыбысты қамтамасыз етеді.

Бейнеконференцбайланыс мәжілістердің барлық түрлері үшін қолданылатын, дыбысты беруге қосымша бейнесі қажет болғанда, дыбыс, бейне және ұсынылған қосымшаларды беру үшін көп жақты байланысын ұсыну болып табылады. Сөйтіп, тіпті географиялық бөлінген конференция қатысушылары да бірін бірі көре және есті алады. Қазіргі таңда бейнеконференцбайланыс барлық әлемде үлкен танымалдыққа ие.

Біздің клиенттердің мүддесі үшін жұмыс істей отырып, біз сапалы жаңа деңгейдегі «Бейнеконференцбайланыс» қызметімен қамтамасыз етеміз. Қазіргі заманғы жабдықтар, жүйелер және технологиялар қосылудың әртүрлі түрлерін ұйымдастыруға мүмкіндік туғызады. Сонымен жоғары сапалы бейнені және дыбысты қамтамасыз етеді. Бейнеконфернецбайланысын өткізу әртүрлі келіссөздер, мәжілістер, тренингтерді жылдамдатады және жеңілдетеді, ақшаны және уақытты едәуір үнемдейді, іссапар шығындарын азайтады. Осы байланыс түрінің көмегімен корпоративті кеңестер және кездесулер, Қазақстан Республикасында және шетелдік серіктестермен келіссөздер, кадрларды және оқуды таңдау, заңды кеңестер, телемедицина және тағы басқалары кезінде дистанциялық сұхбат өткізу мүмкін болды.

Бейнеконфернецбайланыс қызметін жеке ТОБЖ магистралді желісі бойынша ҚР барлық қалаларында - облыс орталықтарында және темір жол жиегінде орналасқан елді-мекендерде ұйымдастырды:

- Петропавль – Көкшетау – Астана;
- Астана – Қостанай – Ақтөбе – Орал;
- Астана – Павлодар – Семей – Өскемен;
- Астана – Қараганды – Алматы;
- Алматы – Тараз – Шымкент – Қызылорда;
- Ақтөбе – Атырау.


Сондай-ақ 2017 жылдан бастап Атырау – Маңғышлақ аймағындағы елді – мекендерге қосты.

2017 жылғы алынған табыс мың тг.


Қалааралық және халықаралық телефон байланысы **1 683 783**

Жергілікті телефон байланысы **852 367**

Бір 1 ОТА үшін орташа табыс



Кеңжолақты қатынау үшін портқа кіріс



Телеграф байланысы

«Транстелеком» АҚ телеграфтық желісі- технологиялық байланыстың ең негізгі түрлерінің бірі болып табылады, онда темір жол көлігі ұйымының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында құжатталған жедел ақпарат жіберуге арналған, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау, барлық аудандарда тәулік бойы поездардың жол қозғалысының қауіпсіздігіне байланысты, сондай- ақ «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ құрылымдық бөлімшелердің қызметін жүзеге асыру үшін және де басқада заңды тұлғаларға телеграфтық қызмет көрсетеді.

2017 жылғы алынған табыс мың тг.

Телеграф байланысы 2 038 898

Интернет желісіне қолжетімділік

Қоғам Қазақстан Республикасы аумағында Интернет желісіне қолжетімділік қызметін ұсынатын ең үлкен алғашқы провайдерлердің біреуі болып табылады.

Біз Интернет желісіне қолжетімділік бөлінген цифрлық каналдар бойынша – әркеттегі немесе жаңа талшықты-оптикалық желісінің бос қорларын бөлу көмегімен ұйымдастырылатын, жоғары жылдамдыққа қосылудың сапалы және сенімді әдісін ұсынамыз. Желілерді бөлу бойынша жұмысы жергілікті желінің барлық пайдаланушыларына бір уақытта Интернет желісіне қол жеткізуді сонымен бірге қазақстандық және шетелдік сегмент желісіне және көп көлемді трафикті жоғары жылдамдықта тарату тез қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Қоғам RIPE халықаралық ұйымында тіркелген және ADSL, SHDSL, Ethernet технологиясы арқылы Интернет желісіне жоғары жылдамдықта қатынауды ұсынады. «Транстелеком» АҚ «Интернет – трафигімен алмасу орталығы» Ассоциацияна кіреді. Бұл ұйымның мақсаты – «ішкі трафик үлесін жоғарылату, және сыртқы интернет – арналарын жалдауға қазақстандық провайдерлардың жалпы шығынын азайту» дамыту.

ADSL технологиясы бойынша Интернет желісіне қолжетімділікті ұсыну

Интернетке қол жетімділіктің кең жолақты жүйесі ADSL (Asymmetric Digital Subscriber Line – Асимметриялы цифрлық абоненттік желі) – стандартты телефон желісінің базасында кең жолақты өткізуді қамтамасыз ететін жаңа технология.

ADSL технологиясы телефонды ақпараттарды таратумен бір мезгілде пайдалануға мүмкіндік береді.

Дауыстық трафикті тарату деректерді таратумен қоса қамтамасыз етіледі. Деректерді тарату арнасы ассиметриялы:

1. кірістер секундына 32 кбиттен – секундына 12 Мбит-ке дейін;-

2. шығыстар секундына 32кбиттен – секундына 640 Мбит-ке дейін.-

Абоненттің тарапында компьютерлік ADSL – картасы немесе ішкі ADSL модемі орнатылады.

Станция тарапында ADSL – DSL Access Module (DSLAM) модемдердің тіреулерінің қондырғысы орнатылады.

Қызметтердің негізгі артықшылықтары

1. интернет желісіне қатынаудың жоғыры жылдамдығы;

2. қосымша интернет-қызметтері (әр түрлі ақпараттық, музыкалық ресурстарға, онлайн-ойындарға, Интернет желісінің басқа да қызметтеріне қатынау);

3. телефон сөйлесулері мен деректерді таратуды бір мезгілде жүзеге асыру;

4. байланыстың тұрақтылығы, сенімділігі және жоғары сапалылығы;

5. қызмет ақысын төлеудің ыңғайлы формасы;

6. ай сайынғы шығындарға шектеуді орнатудың мүмкіндігі;

7. тұтыныатын трафик мониторингін өз бетімен жүзеге асыру мүмкіндігі.

SHDSL технологиясы бойынша Интернет желісіне қолжетімділікті ұсыну

SHDSL (ағылшынша Single-pair High-speed + DSL) — XDSL технологиясының бірі, мыс өткізгіш жұбы бойынша сигнал деректерін сиимметриялы дуплексті таратуды қамтамасыз етеді. Провайдер (соңғы миля деп аталтын) қол жетімділік телімімен абоненттерді көбіне (айрықша) жалғау қолданылады. Бұл жұп сымын қолданатын SHDSL түрлері, аппараттық шығындары бойынша және соған сәйкес екі жұпты түрлерімен салыстырғанда өнім сенімділігінің елеулі ұтымдылығын қамтамасыз етеді. Әр жұп үшін HDSL қабылдап таратұыш, желілі тізбегі, қорғаныш элементі қажет болғандықтан, модемдар үшін 30% және регенераторлар үшін 40% құны азаяды. Әртүрлі деңгейдегі клиенттерді қолдау үшін сигналды тарту жылдамдығын таңдау мүмкіндігін жасау шешілді. Осының арқасында операторлар клиенттердің қажеттілігіне ең жақын маркетингті саясатын құра алады. Бұдан басқа, регенераторларды пайдаланбай жылдамдықты азайтып таратудың қашықтығын жоғарылатуына қол жеткізеді. Ең жоғарғы жылдамдықта (0,4 мм сымы үшін) жұмыс қашықтығы шамасы 3,5 км, ал ең аз қашықтығы- 6 км құрайды. Сондай-ақ ақырғы жылдамдықты екі есе арттыруға жағдай туғызатын бір уақытта екі жұпты қолдануға мүмкіндік береді.

Ethernet технологиясы бойынша Интернет желісіне қолжетімділікті ұсыну

Ethernet – деректерді тарату пакетті технологиясы. Ethernet стандарты сымның қосылуын және электр сигналдарын, кадр форматтарын, OSI моделінің арналық деңгейіндегі – ортаға қол жетімділікті басқару хаттамаларын физикалық деңгейде анықтайды. Ethernet негізінен, 802.3 тобының IEEE стандарттарымен суреттеледі.

Коаксильді кәбілмен салыстырғанда шиыршықталған кабілді пайдаланудың артықшылығы:


- дуплексті режимде жұмыс істеу мүмкіндігі;
- ең аз көлемдегі рұқсат етілген бұралыс радиусі азырақ;
- дифференциалды синалды пайдалану арқылы кедергілерлен мықты қорғаныс;

Оптикалық кәбілге көшудің себебі сегменттің ұзындығын қайталаусыз ұзарту қажеттілігі болды.

2017 жылғы алынған табыс мың тг.

Интернет желісіне қолжетімділік	**6 899 384**

Тараптық сегментте карпоративтік клиент бойынша 1 абонентке шаққанда орташа ARPU (мың.)



2016 жылмен салыстырғанда жаңа клиенттерді тарту есебінен көбейгені байқалды.

Магистральді ТОБЖ және оның базасындағы қызметтер

Қоғамның Астана, Алматы, Қарағанды, Көкшетау, Шымкент, Атырау, Семей, Қызылорда, Павлодар, Тараз, Ақтөбе сияқты Республиканың ірі қалаларын бір желіге біріктіретін өз жеке магистральды көлік желісі бар.

Үш сатылы желі DWDM базасында қолданыстағы магистральды талшықты-оптикалық байланыс желісінің үстінде салынған және келесі қызметтерді ұсынуға мүмкіндік береді:

1. E1 деңгейінен STM-16 дейін мөлдір кәбілді бөле отырып аймақішілік, қалааралық, халықаралық цифрлық каналдарды жалға ұсыну

2. облыстық, республикалық, халықаралық дәрежеде дауыс және деректерді тарату үшін IP VPN виртуалды корпоративті желілерн ұйымдастыру;

3. қазақстанда орналасқан абоненттің офисін басқа елдегі офиспен арнайы бөлінген жоғары жылдамдықты мөлдір және толықтай цифрлық (IPLC – International Private Leased Circuits) каналмен халықаралық жеке желі ұйымдастыру.

Қызмет заңды тұлғалар үшін жоғары өткізгіштік қабілетте уақытта аз шығындай тұра, ауқымды ақпаратты тарату/қабылдауға қажетті мүмкіндік береді. Канал барлық бағыттарға абоненттің таратуды қалаған жылдамдығымен ұйымдастырылады. Жеке желінің бағыты байланыстың жоғары сенімділігін қамтамасыз ететін коммутацияның ешқандай элементтерін қамтымайды.

IP VPN арналарын (VPN) жалға беру

IP VPN – декректер берудің виртуалды жеке желісі - бұл TCP/IP протоколы бойынша нысандар арасында дерекер беруге арналған жоғары жылдамдықты интернет бар болған жағдайда жария және жекенің үстінен логикалық желінің қорғалған байланысын (сыртқы қолжетімділікке жабық) қамтамасыз етуші технология.

IP/MPLS технологияға негізделген қорғалған корпоративтік IP-желілерді ұйымдастыру. Қызмет ұйымның құрылымдық бөлімшелерін (кеңселерді біріктіру) немесе қала ішіндегі компания-серіктестерін, облыстардағы елді мекендерді, сондай-ақ Қазақстан барлық өңірлерін және шет елді өзара байланыстыруға мүмкіндік береді. «Транстелеком» АҚ желісі абоненттердің тараптары арасындағы IP-трафикті бағдарлауды қамтамасыз етеді (тікелей абоненттің барлық тораптарын байланыстырады). Абонентке ұсынылатын виртуальды желінің мекенжай кеңістігі толықтай тәуелсіз және өз еркімен таңдауға мүмкіндік бар.

IP VPN басты артықшылықтары:

1. икемді және көп функциональды,
2. виртуальды жеке желіге кететін шығын аз,
3. IP-протокол қолданатын кез келген жүйенің функциональдығы .

Негізі міндеттері:

- ✓ Абоненттер/Тапсырыс берушілер үшін аумақтық бөлінген және қорғалған корпоративтік деректер беру желісін жасау.
- ✓ Абоненттердің/Тапсырыс берушілердің жаңа қашықта орналасқан өндірістік нысандарын қолданыстағы корпоративтік инфрақұрылымдарға біріктіру.
- ✓ Кәсіпорынның қолданыстағы желілік инфрақұрылымдарын резервтеу.

Артықшылығы:

- ✓ Корпоративтік желілерді жасаудың альтернативтік нұсқаларымен салыстырғанда экономикалық тартымдылық. Қызмет көрсету сапасы деңгейінде жоғалтусыз әртүрлі қосымшаларды (дауыс, бейне, корпоративтік IT жүйелер мәліметтері, Интернетке қол жетімділік) интеграциялауға мүмкіндік береді.
- ✓ Максималды масштабтану мен иекмділік арқасында сервистің сапасы мен қауіпсіздік деңгейі жоғары.
- ✓ Мәліметтер беру каналдарын екі рет резервтеу.
- ✓ Құпиялықты, тұтастығын және аутентификацияны қамтамасыз ету;
- ✓ Аумақты максималды қамту: қызмет ҚР 100 аса елді мекендерінде қолжетімді.

Қызмет құрамы:

- Деректер беру жылдамдығын секундына 622 Мбит дейін жеткізетін жоғары жылдамдықты жердегі каналдар. Қазіргі сәтте қолжетімді кез келген ADSL, FR, ATM, Ethernet клиенттік порттары мен протоколдарының көмегімен IP VPN-ға қосу, бұл жағдайда клиенттік порттың жылдамдығы секундына 100 Мб (Ethernet) болуы мүмкін;
- MPLS желісі базасында MPLS үстінен VPN Layer-2 және Layer-3 деңгейлі каналдарды жалдау ;
- бағыттар бойынша IPVPN:
  - Қалалық IP VPN
  - Республикалық IP VPN

Аутсорсингті қызмет көрсету

Қоғамның ақпараттық қызметін кеңейту және қызметінің келешегі бар бағытының бірі АТ – ұйымның ақпараттық-техникалық жүйесін жобалау, пайдалану және қызмет көрсетуге байланысты тапсырмаларды шешу аутсорсинг болып табылады.

АТ ақпараттық технологиялар нарығына қатысты емес ұйымдарды - қамтамасыз ету қосымша процесстер дәрежесіне кіреді. АТ – инфрақұрылымы және оны басқару қиындығының көбеуіне сонымен бірге мамандардың жетіспеушілігіне байланысты АТ – аутсорсингті жоғарыда айтылған мәселелердің нақты шешімі ретінде қарайды.

Қоғаммен жобаларды жүзеге асыру барысында ақпаратты-коммуникациялық жиынтығының барлық қызметтері және оның АКТ – құрылымдарын: дамыту тапсырмаларын орталықтандыру, ендіру, менджмент, пайдалану және ақпаратты-коммуникациялық жүйесін ақпаратты телекоммуникация операторларына сервисті қолдауды шоғырландыруын аутсорсингке шығару ұсынылады.

Осылайша, Қоғам өзіндегі түрлері бойынша ұқсас көптеген тапсырмаларды шоғырландырады, сөйтіп өнімділігін және оның жасалу сапасын жоғарылатады. Сервис компаниясының АТ-аутсорсингке мамандандырылуының әлеуметтік және экономикалық мәні осында болады. Ірі мекемелер үшін АТ-аутсорсинг ақпараттық технологияларды пайдалануға кететін шығындарды азайтады және оның сапасын жақсатады, АТ-процесстерді стандарттау ұйымдастырудың ашықтығын арттырып, құралдарды үнемдейді.

«Транстелеком» АҚ Қазақстан Республикасындағы телекоммуникациялық және АТ қызметтердің кең спектрін ұсынуға маманданған ең бірі байланыс операторларының бірі болып табылады, мысалы:

- Кеңселер үшін: жұмыс орнын ұйымдастыру, service-desk, басып шығару сервисі, желіні ұйымдастыру бойынша сервис;
- Құжат айналымы: электрондық құжат айналымы, куәландырушы орталық, электрондық мұрағат, ақпараттық қауіпсіздік;
- Серверлер: бұлттық қызметтер, деректерді өңдеу орталығы, БҚ және жабдықтарды сату.
- Қосымша қызметтер: АТ жүйелерді енгізу және сүйемедеу, бейнеконференцбайланыс, байланыс орталығы, E-learning.

Деректерді өңдеу орталығы қызметін ұсыну

Деректерді өңдеу орталығы (бұдан әрі – ДӨО) ақпараттарды сақтау және өңдеу үшін арналған, сонымен бірге көрсетілетін қызмет жиынтығын белгіленген сегмент желісінде көрсету және байланыс арналарына қосылатын, ішіне ақпараттық телекоммуникациялық және инженерлік инфрақұрылымы жиынтығын орналастыру үшін арналған мамандандырылған көлік контейнері.

Деректерді өңдеу орталығы қызметін ұсыну: сервер және желілі жабдықтарын орналастыру үшін алаңдар жалдау, ақпараттарды сақтау және тарату, электронды пошта жәшіктерін немесе виртуалды пошта серверін қолдау, клиенттің жабдықтарын провайдер (колокация) алаңына орналастыру, бөлінген және (VPS, VDS) виртуалды серверлерін жалдау, корпоративті желілерін өңдеу және ұйымдастыру, бағдарламалық қамтуды өңдеу және қолдау, компьютерлі бағдарламалау, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

«Транстелеком» бұлты:

- ✓ Собственные ЦОДы в городах Астана, Алматы қалаларында жеке ДӨО. Жалпы алаңы 1700 м2 жуық;
- ✓ «N+1»:
- ✓ Күшейтілген салқындатқыш жүйесі бар сапалы коммуникациялық инфрақұрылым;
- ✓ ҮЭҚК және қуатты дизельді генераторды қосу арқылы АВР қорындағы үздіссіздікті қамтамасыз ету;
- ✓ Ғимаратқа нақты кірудің екі деңгейлі жүйесі және тәулік бойы бейне бақылау бар, кепілді қауіпсіздік;
- ✓ Деректерді өңдеуге және сақтауға арналған жоғары сапалы платформа - SAP HANA;
- ✓ ҚР барлық аумағында ТОБЖ базасында 15 000 км. аса жеке желілік инфрақұрылымы бар.

Virtual Data Center

«Транстелеком» АҚ деректерді өңдеудің бұлттық орталығы қызметтері IaaS сервистік моделі бойынша беріледі.

Инфраструктура IaaS – оңай конфигурацияланатын АТ-инфрақұрылымның элементтер кешенін қолдануға мүмкіндік беретін шешімдер жиынтығы (талап етілетін ресурстар – серверлер, деректерді сақтауыш, желілік құрылғылар, бағдарламалық қамтамасыз ету), оған Интернет желісі арқылы кіруге болады, яғни сіздің орналасқан жеріңіздің қызмет көрсету нүктесіне қатты байланысы жоқ.

«Транстелеком» АҚ Дата-орталығы қызметінің артықшылығы:

- ✓ Жабыққа кететін күрделі шығындар болмайды;
- ✓ Жеке серверлік инфрақұрылым мен жайларға қызмет көрсетуге кететін шығындардан бас тарту мүмкіндігі;
- ✓ Бұзылуға тұрақты бұлттық архитектура;
- ✓ Сенімді қорғаныс және сервистерге қолжетімділік әлемдегі үздік өндірушілермен қамтамасыз етілген;
- ✓ Геокластерді ұйымдастыру мүмкіндігі;
- ✓ Резервтік көшіру мүмкіндігі;

Қызмет құрамы:

- ✓ Қажетті конфигурацияның бір немесе бірнеше виртуальды серверлерін жалға беру;
- ✓ Сақтауға арналған серверлік есептеуіш қуатын және кеңістігін ұсыну;
- ✓ Виртуальды серверлердің өнімділігін басқару және мониторинг;
- ✓ VMware vCloud базасындағы жек бұлт;
- ✓ Жоғары жүктелімді жобалар;
- ✓ Сервистік қолдау қызметі.

Хостинг (Co-location) - (ағылшын тілінен аударғанда co-location — қатар орналасқан) – бұл қажетті климеттық параметрлерді ұйымдастыру және үздіксіз қуаттауды қамтамасыз ету, байланыс каналдарын көп деңгейлі резервтеу көмегімен тапсырыс берушінің серверіне қызмет көрсетуді қолдау мақсатында «Транстелеком» АҚ арнайы алаңында клиенттің серверін орналастыру. Мамандандырылған корпоративтік серверді, желілік сервистер кешенін, күрделі есептеуіш тапсырмаларға арналған компьютерді, деректер банкісін және т.б. орналастыру мүмкіндігі.

Артықшылығы:

- ✓ Жүйені өрістетуге кететін шығындар жоқ болғандықтан, жылдам енгізіледі;
- ✓ Магистральды желілерге тікелей қосылады;
- ✓ БҚ қосу қарапайым браузер арқылы жүргізіледі;
- ✓ Жеке қызмет көрсетіледі;
- ✓ Техникалық қолдау мен кеңейтілген жүйені жаңартуға кететін шығындар қысқарады;
- ✓ Ыңғайлы баға саясаты;
- ✓ Жеке менеджер

ITSM қызметі

Бизнестің тиімділігін арттыру мақсатында, тапсырыс берушінің қажеттілігін бағдарлауды және ресурстарды оңтайлы қолдану арқылы, ServiceNow біріңғай бұлттық платформа базасында кешені шаралар мен шешімдер шығару.

ServiceNow – негізгі бизнес процесстерді автоматтандыру базасында орта және ірі бизнеске арналған АТ инфрақұрылымды басқаруға арналған жүйе.

Жүйе IT-қызметтердің, жобаларды, персоналдарды, ресурстарды, тәуекелдерді және т.б. басқарудың тіршілік кезеңін автоматтанырыуға арналған біріңғай бұлттық платформаны ұсынады. ServiceNow бір архитектурадан және деректер моделінен, ресурстардың жалпы базасынан және негізгі қызметтердің кеңнйтілген портфелінен сервистерді автоматтандырудың біріңғай платформасын ұсынады.

ServiceNow дайын шешімдері ITSM және компанияның қаржы, заң, кадр секторларын автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Негізгі қызметтері:

- ✓ Ағымдық автоматтандыру
- ✓ Қолдаудың бірінші желісінің жұмысын оңтайландыру
- ✓ Тиімді эскалация

Кибер-қауіпсіздік

«Транстелеком» АҚ ақпараттық кибер-қауіпсіздігі – корпоративтік деректердің қауіпсіздігі мен құпиялығын қамтамасыз ететін техникалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені.

Ұйымдастырушылық шаралар құжатталған процедураны және әр түрлі ақпараттармен жұмыс істеу қағидаларын, IT-сервистерді, қорғану құралдарын және т.б. қамтиды.

Техникалық шаралар қолжетімділікті, кему мониторингін, вирусқа қарсы қорғаныстыжәне желі аралық экрандауды бақылаудың аппараттық және бағдарламалық құралдарын қолданады.

Шешімдердің сервистік провайдері және ақ қызметтері (MSSP)

«Транстелеком» АҚ Қазақстан нарығына жаңа бірігей қызметтерді ұсынады: АҚ қызметтер провайдері – Managed Security Service Provider (MSSP).

MSSP қызметі:

- ✓ сервистік модель бойынша АҚ аппараттық және бағдарламалық құралдарын ұсынады;
- ✓ «толық аяқталған» қорғаныш құралдарымен басқару;
- ✓ алыстан мониторингтеу және АҚ құралдарымен басқару;
- ✓ АҚ басқару орталығы;
- ✓ АҚ инфрақұрылым деңгейін арттыру бойынша ұсыныстар және АҚ жүргізілген аудит негізінде немесе оқиғаларды тексеру нәтижесінде ұйымдастыру сервистерін әзірлеу;
- ✓ Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін жасау;
- ✓ клиенттің инфрақұрылым, бизнес және тапсырыс берушілер ерекшелігін ескере отырып әр клиентке жеке әзірленген тиімді ұсыныстар;
- ✓ ақпараттың әр саласына тән АҚ өзекті қауіптілігі, алаяқтық техникалар, күдікті ресурстар туралы мәлімет беру.

Ақпараттық қауіпсіздіктің мониторинг орталығы	Ақпараттық периметр мен қолжетімділікті бақылаудың қорғаныс сервисі	АҚ инновациялық өнімдерін әзірлеу
Аудитті тестілеу және АҚ және АТ шешімдерін сертификаттау орталығы	Трафикті тазалау орталығы	АҚ оқиғаларының компьютерлік криминалистикасы
Сайттарға шабуыл жасаудан қорғайтын бұлттық қызметтер (DDOS. WAF және т.б.)	Сервистік модель бойынша АҚ қызметтерін және өнімдерін ұсыну	АҚ оқиғаларына тексеру жүргізу және енуді тестілеу қызметтері

MSSP қызметтерді көрсету үшін тек қазақстандық АҚ шешімдер қолданылады!

Куәландырушы орталық

«Транстелеком» АҚ Куәландырушы орталығының электронды цифрлы қолтаңбасы - электронды қолтаңба қалыптасқан сәттен бастап электронды құжаттағы бұрмалануды болдырмауға және ЭЦҚ иеленушісіне тиесілі екендігін растауға мүмкіндік беретін құжаттың ерекше реквизиті:

- ✓ түпнұсқалылығы – құжаттың авторлығын растау;
- ✓ тұтастылығы – құжат қол қойылғаннан кейін өзгертілмейді;
- ✓ қайтарылмайтындығы – автор кейін өз қолынан бас тарта алмйды.

ЭЦҚ пайдалану өзектілігі, электронды құжат алмасу процесінде электронды цифрлық қолтаңбаны пайдалану үшін құқықтық талаптарды қамтамасыз ету мәселелері шешімінің негізін қамтитын 2003 жылы 7 қаңтарда күшіне енген «Электронды құжат және электронды цифрлық қолтаңба туралы» Заңмен расталады және оларды сақтаған уақытта электронды цифрлық қолтаңба адамның қағаз жүзіндегі құжаттағы қолтаңбасына тең заңды болып табылады.

«Транстелеком» АҚ Куәландырушы орталығы ҚР аккредиттеу туралы ережелеріне сәйкес аккредиттелген және қазақстандық объектілік сәйкестендіргіш сегменттерін жүргізу куәлігіне ие. ҚР СТ 1073-2007 «Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдары» стандарты бойынша криптографиялық кітапханаларды екінші деңгейде сертификаттау.

1. USB брелок форм-фактордағы KAZTOKEN құрылғысы
2. Смарт-карта форм-фактордағы KAZTOKEN құрылғысы

«Транстелеком» АҚ Куәландырушы орталығының дайындығы

- ✓ ҚР заңнамасына сәйкес аккредиттеу
- ✓ АКИ (ИОК) саласындағы сертификатталған мамандар штаты
- ✓ Қажетті АТ инфрқұрылымы және АҚ регламенттелген процесстері

Қызмет құрамы:

- ✓ Заңды және жеке тұлғалар, резиденттер мен Қазақстан Республикасының резиденттері еместер үшін ЭЦҚ шығару және кері алу;
- ✓ ЭЦҚ дұрыс жұмыс істеуі үшін барлық тиісті клиенттік қосымшаларды ұсыну;
- ✓ Клиенттің ақпараттық жүйесімен ЭЦҚ жүйесін біріктіру;
- ✓ Пайдаланушылар тарапында электрондық құжаттарға толық қол қойғанға дейін АЖ біріктіруден куәландырушы орталықты техникалық сүйемелдеу;

Электронды құжат айналымы

Автоматтандырылған көп пайдаланылатын «Эвридок» электронды құжат айналымы иерархиялық ұйымның өз қызметтерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында сол ұйымның жұмысын басқару процесін сүйемелдейді.

Қызмет құрамы:

- ✓ ЭҚА енгізу және техникалық қызмет көрсету;
- ✓ Құрал-жабдықты бабына келтіру және Тапсырыс берушінің серверлеріндегі іске қосу-баптау жұмыстары;
- ✓ Негізгі және қосымша БҚ (ПО) орнату және бабына келтіру;
- ✓ Ұйымның жіктегіштері мен анықтамаларын толтыру;
- ✓ Нысандарды, ҚБ, тіркеу нөмірлерді және басқа да тиегіш механизмдерді бабына келтіру;
- ✓ Бекітілген әдістеме бойынша қабылдағыш сынауларды өткізу;
- ✓ Пайдаланушыларды оқытып-үйрету;
- ✓ Жүйелерді өндірістік қолданысқа тапсыру;
- ✓ 12 ай кепілдік қолдау көрсету.

E-Learning

Онлайн оқытып-үйрету, оқу материалдарына кез келген жерден емін-еркін қолжетімдікті қамтамасыз ететін, қызметкерлерді оқыту және қайта оқыту мәселелерін шешуге мүмкіндік береді. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізу шарттарындағы ең өзектісі, бұл көптеген қызметкерлерді оқыту көбіне елеулі шығындармен байланысты. Компанияның алыста филиалдары бар болса, сол орында дәстүрлі тренингтерді ұйымдастыру, оқыту құнын ғана барынша жоғарылатып қоймай, сонымен бірге сол жерде керекті мамандардың болмауы салдарынан техникалық тұрғыдан да өте қиынға соққан жағдайда e-learning қажеттілігі арта түседі.

«E-learning» қашықтан оқыту және тестілеу жүйесі – компания қызметкерлерін өндірістен үзбей-ақ кәсіби оқыту мен білімдерін жүйелі бақылауды қамтамасыз ететін виртуалды оқу-әдістемелік орталықты пайдалану.

Қызмет құрамы:

- ✓ Платформа (Learning management system)
- ✓ талапқа сәйкес платформаны күйге келтіру және қолжетімділік беру;
- ✓ ЦБР кітапханасын басқару (ЦБР жүктеу, ЦБР карточкаларын енгізу) және т.б.
- ✓ Интерактивті цифрлық білім беретін ресурстар
- ✓ талапқа сәйкес цифрлық білім беретін контентті әзірлеу;
- ✓ цифрлық білім беретін контенттің графикалық интерфейсін және т.б. әзірлеу
- ✓ Кешенді тексеру
- ✓ Жобаларды басқару
- ✓ Өзгерістер енгізуді жобалау және жобадағы сәтсіздіктердің аса танымал себептерін азайту.
- ✓ Өзгерістерді басқару
- ✓ Интеграция, координация және жобаның мақсатына жету үшін барлық қатысушылардың өзара әрекеттестігі.

Корпоративтік желілерді ұйымдастыру

Қоғам өз клиенттеріне талшықты-оптикалық байланыс желісі арқылы үнемі жоғары жылдамдықты жалғануды қамтамасыз ететін, дыбысты, видео және деректерді интегрланған таратумен аумақтық-тарату корпоративті желілері (Intranet) құрылымы қызметін ұсынады.

Филиалдың желісі бар кәсіпорындарда, деректердің жалпы базасына, сонымен бірге өз филиалдарымен жедел және құпия байланысына әрқашан қажеттілігі бар. Мұндай жағдайда өте нәтижелі шешім компания филиалдарын бөлінген цифрлық каналдар көмегімен біріңғай құрылымға біріктіру болып табылады.

Қызмет көрсетудің кепілденген деңгейімен бөлінген байланыс каналдарымен қашықталған алаңдарын біріктіру компанияға кәсіпорынды басқарудың орталықтандырылған жүйесін енгізу, электронды құжат айналымын ұйымдастыруға және кеңселердің өзара әрекеті нәтижелілігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

Деректердің және дыбыстардың халықаралық транзиті

Қоғам шетелдік серіктестері-байланыс операторларымен бірігіп ТОБЖ базасында Еуропа және Азия арасындағы деректерді және дыбыстарды тарату қызметін ұсынады.

Бұл қызмет өз ара құрылымдық бөлімшелері байланыстыруға және шетел аумағында серіктес-компания желісін біріктіру, сонымен бірге деректерді таратудың ғаламдық желісіне қосылуға мүмкіндік береді.

Сигналды тарату ортасы ретінде сонымен сигналды аралық күшейтусіз үлкен қашықтыққа деректерді тарату мүмкіндігін беретін, жоғары өткізгіш қабілеті және төмен шығын сипатты ерекшелігі болатын оптикалық талшықтары қолданылады.

Желінің жоғары сенімділігі географиялық таратылған маршрут пен желілі-кабельдік құрылғыларды пайдаланудың жөнделген жүйесі бойынша талшықты оптикалық байланыс желілерін резервте сақтаумен қамтамасыз етіледі. Басқа мемлекеттердің желі операторларымен қосылу нүктесі халықаралық операторлар трафигін тарату (Ресей,Қытай,Өзбекстан, Қырғызстан) үшін нәтижелі ортаны құруға және Еуропа-Ресей-Қазақстан-Қытай (Еуропа-Азия) және (Еуропа-Ресей-Қазақстан-Өзбекстан-Қырғызыстан) (Еуропа-Орта Азия) халықаралық коридорының жердегі магистралды желілеріне шығу кезінде байланыс қызметінің кепілді сапасын қамтамасыз етеді.

2017 жылғы алынған табыс мың тг.


Спутниктік байланыс және мәліметтер беру қызметі	**2 586 225**
ТОБЖ канлдарын жалдау	**12 179 355**
Халықаралық транзиті қызметі	**2 945 019**

Шеттегі табыс динамикасы

2017 жылғы кірістердің өсу қарқыны 119,2% құрады, 2018 жылы кірісті 118,7 % -ға арттыруды жоспарланып отыр (2018 жылғы жоспар – ҚҚС есептемегенде 17 882 890 мың теңге).

Өзбектелеком АҚ, China Telecom, "Қазтелепорт" АҚ сияқты ірі клиенттердің көлемі артты. Novakor Universal LTD, TNS-Plus ЖШС сияқты ірі клиенттерді қосу 2017 жылғы табыс көлемін арттырды.

1 абонентке шаққанда орташа ARPU, ТОБЖ каналдарын жалдау (мың)




Халықаралық транзиттік қызметінің табыс динамикасы

2017 жылы халықаралық транзитта табыс өсімі 148,6% құрады. Қоғам 2018 жылы Тәжікстан, Қытай, Ауғанстан және Түркіменстан бағыттары бойынша транзит көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр.


2018 жылы Интернеттен түсетін табысты 46,2% немесе 3,2 млрд. теңгеге арттыру жоспарлануда.

Қызметтер/шешідер бөлшегіндегі табыстың динамикасы



- Услуги ИТ
- Есиц
- Услуги международного транзита
- Услуги Аренды каналов ВОЛС
- Услуги спутниковой связи и передачи данных
- Услуги доступа к сети Интернет
- Телеграфная связь
- Местная телефонная связь
- Международная и междугородная телефонная связь

1 абонентке шаққанда орташа ARPU
Халықаралық транзит



IPLS қызметтер

IPLC Каналдарын жалға беру

Анық цифрлық каналды қосу технологиясы жез парын учаскеде оператордың тораптары мен абоненттің құрылғысының арасында байланыс желісі ретінде, ал оператордың тораптары арасында абонентті қосу нүктесінде талшықты-байланыс желісін транспорт ортасы ретінде қолдануды ұсынады. Бұл технология деректер берудің стандартты емес әдісін қолданатын, дыбыс пен деректерді беру үшін кез келген протоколды көтереді.

Аталған канал:

1. локальды желілерді және қала ішіндегі абоненттің қашықтағы кеңесіндегі телефон станцияларын біріктіреді;

2. IP протоколы бойынша сияқты, кез келген протоколды қолдану арқылы кеңселерді біріктіреді;

3. Телефониямен деректер беруді біріктіреді;

4. қашықтағы кеңсеге мини-АТС телефон нөмерлерін немесе абоненттің қалалық нөмерін ұсынады.

Анықтамалық-ақпарат орталық қызметі (ААОҚ)

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі А.К.Жұмағалиевтің 2012 жылы 24 ақпанда 2012 -2014 жылдарға арналған темір жол жолаушылар тасмалдау сапасын жақсартуды іске асыру жөнінде жоспары бекітілді, онда **Біріңғай анықтамалық-ақпараттық орталығының (БААО)** енгізу қарастырылған.

Осымен, «Транстелеком» АҚ жоспарды жүзеге асыру шеңберінде **ақпараттық-анықтама қызметін көрсету операторы болып анықталды.**

«105» біріңғай қоңырау шалу нөмері бар БААО 2012 жылғы 1 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының барлық аумағында пайдалануға енгізілді.


Орталық халыққа тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн бойы жолаушылар және қала маңы тасымалы поездарының қозғалыс кестесін, жолаушылар және қала маңы тасымалы поездарын жүргізетін тасымалдаушылар туралы, жолаушылар және қала маңы тасымалы поездарының қағидаларын, поездардың нақты келу, жөнелту немесе кешігу уақыттары туралы ақпараттар, жолдаушылар поездының құны туралы ақпараттар, поездарда бос орындарының болуы және басқа да ақпараттар беру сияқты анықтамалық -ақпараттық қызметтердің кең көлемін ұсынады.

БААО еліміздің барлық өңірінде мемлекеттік және орыс тілдерінде «105» біріңғай нөмерін пайдалана отырып географиялық аймақтарға байланысыз, соның ішінде барлық шағын станцияларда, темір жол бойындағы елді мекендерде қажетті ақпаратты алуды жеңілдетті.


БААО өзіне тән темір жолда жолаушылар тасымалдауға ғана анықтама береді.

БААО қолданысқа енгізу арқылы халыққа қызмет көрсету сапасы айтарлықтай жақсарды.


Түскен және қызмет көрсетілген қоңыраулар



Кол-во поступивших вызовов



Кол-во обслуженных вызовов



Кол-во обслуженных вызовов

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алған аралықта анықтама қызметіне 2 032 089 қоңырау түсті, оның 1 940 720 қоңырауына қызмет көрсетілді, жалпы келіп түскен қаңыраулардың қызмет көрсетілмей қалғаны 91 369 қоңырауды немесе 4,50% құрады.

Жойылған қоңыраулардың көп болу себебі, 2017 жылғы маусымнан бастап БААО ұялы байланыс абоненттері үшін (Билайн) анықтамалық-ақпараттық қызметтер көрсетеді. Анықтамалық-ақпараттық қызметтер көрсету ақылы негізде жүзеге асырылады, байланысу құны минутына 112 теңге. Нәтижесінде абоненттер ақылы байланыс туралы естіп, оператормен байланысты болдырмайды.

БААО жаңғырту жоспарына сәйкес, ұсынылатын қызметтер сапасын қадағалайтын «Verint» жүйесі енгізілді. Осыған байланысты, БААО диспетчерлеріне қосымша ұсынылатын қызметтердің сапасын бағалау және БААО жұмысын жақсарту бойынша жұмыстар жүктелген.

LTE

«Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында, «Транстелеком» АҚ LTE желісімен барлық темір жол желісін жаулап алуды жоспарлап отыр. 2016 жылы барлық облыстардан радиожиілікті спектрды (РЖС) қолдануға рұқсат алынды. «Транстелеком» АҚ LTE желісінің мобильді операторлар ұйымдастырған желіден айырмашылығы болады, жылжымалы нысанды секундына 70 Мбитке дейін Интернет желісіне қолжетімділікті ұсыну үшін барлық темір жол бойына екі қабатты жабын технологиясын пайдалануға мүмкіндік беретін, арнайы станцияларды салу және вагондарды тиісті модемдермен жабдықтау қажет. Аталған технология барлық жол бойындағы негізгі және апаттық антенналарды қолдануды ұйғарды. Негізгі секторлық антенна бұзылған кезде екінші антанна іске қосылады және үздіксіз мәліметтер беруді ұсынатын байланысты қамтиды.

Аталған жобаның тағы бір маңыздылығы, ол темір жол көлігімен тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз етеді. Поездардағы бейне бақылау камералары мен датчикті дабыл беру сигналдары ұмытылған жүк туралы ескертеді және тасымалдау кезінде тиым салынған затты табады. Жүк вагондарындағы электрондық кілттер немесе индикаторлар ашу кезінде арасы үзіледі және ол туралы белгі береді. Бұл сымсыз жүйе үшін белгілі жиілік белгіленеді, бұл дыбыстық белгі емес, сіздің жүгіңіз ашылды деп диспетчерге немесе тіпті жүктің егесіне ҚХҚ (СМС) түрінде түсетін жәй ақпарат болып табылады.

Аталған жобаны іске асырудың жолаушылар үшін артықшылығына қарамай, оның негізгі мақсаты темір жол саласын технологиялық қайта жарақтандыру үшін негіз болып табылады.

Қоғам LTE заманауи желісін темір жол бойында ұйымдастыру арқылы жолаушыларды қауіпсіздік пен Интернет желісіне қолжетімділікпен қамтамассыз ете отырып, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда белсенді қатысады.

«Транстелеком» АҚ инфотелекоммуникациялық технологиялар саласында әлемдік трендтерге сәйкес жоғары технологиялы және сапалы қызметтер көрсетеді.

Тиімділікті арттыру

Клиенттік сервис

Компания өз клиенттерінің барлық топтары үшін клиенттік сервис деңгейін жоғарылатуға көп көңіл бөледі және қызмет көрсетудің үздік тәжірибесін, оның ішінде ыңғайлы онлайн сервистерді дамытуды енгізді. Бұл бағыттағы айрықша міндеттердің бірі пайдаланушылардың компания қызметтеріне қанағаттанушылығын арттыру және тұтынушылық бейілдіктің индексін өсіру.

2017 жылы Қоғамда қайта құру барысында Байланыс орталығы құрылымдық бөлімшесі пайда болды. Негізгі мақсаты – Қоғамның сенімді, сапалы, үзіліссіз және тиімді жұмысын қамтамасыз ету саласында пайдаланушыларға жоғары сапалы қызмет көрсетуге жету.

Байланыс орталығының негізгі қызметтері:

- Пайдаланушылардан телефон бойынша, E-mail бойынша, Service Manager жүйесі бойынша, Web-site, виртуальды бот – консультант бойынша ҚБ түскен өтінімдерді қабылдау;
- өтінімдерді тіркеу және бастапқы жіктеуді орындау, құзіреті шеңберінде шешу немесе SLA сәйкес эскалация;
- Пайдаланушыларға Өтінімнің тіркелген нөмері, ағымдық дәрежесі мен орындалу барысы туралы ақпараттар беру;
- Өтінімнің өмірлік циклін, Пайдаланушыдан оның жөнделгені туралы растауды, Өтінімді жабуды және жабылу фактісін келісуді қосып басқару;
- дұрыс бағытталмаған Өтінімдерді қабылдау және жабу;
- Пайдаланушыларды сапалы ақпарттық сервиспен және нақты анықтамалық ақпаратпен қамтамасыз ету;
- қызметтерді жетілдіру қажеттілігі туралы ақпараттандыру;
- көрсетілген қызметтер сапасын мониторингтеу (қызмет көрсету сапасының деңгейі туралы ақпараттарды жинау, талдау және ұсыныстар әзірлеу);
- қызмет көрсету сапасын бағалау (шаралардың тиімділігін анықтау бойынша қызметті жүзеге асыру және Пайдаланушыларды қолжетімді және сапалы қызметтермен қамтамасыз ету);

Қызмет көрсету шарттары

Қолдау: 8/5 немесе 24/7

1 желінің әрекет ету уақыты: 15 минут

2 желінің әрекет ету уақыты: 2-6 уақыт

Telco-қызметтің ТТКФ бойынша жұмыс тәжірибесі

Астана	Алматы	Қарағанды	Павлодар Семей Өскемен	Қостанай Көкшетау	Атырау Ақтөбе	Тараз Шымкент Қызылорда
01.06.2017	15.08.2017	01.09.2017	06.10.2017	08.11.2017	17.11.2017	25.12.2017
20-станция	27-станции: Атбасар	42-станции: Атбасар	19-станции (Павлодар), 14-станции (Семей), 10-станции (Оскемен)	49-станции (Костанай), 23-станции (Кокшетау)	27-станции (Атырау), 31-станции (Актобе)	12-станции (Тараз), 14-станции (Шымкент), 27-станции (Кызылорда

Сервис орталықтарының саны:	308	
Абоненттер саны:	133 290	
Оның ішінде:	**ЗТ**	**ЖТ**
	90 616	42 674

IT- қызметтер жобасы бойынша тәжірибе

«Трансгелеком» АҚ	«ҚТЖ» ҰК» АҚ	«Самұрық - Қазына Бизнес Сервис» ЖШС	«KTZ Express» АҚ
441 жұмыс орындарына қызмет көрсету Қосымша жобалар: • Active directory әкімшіліктендіру; • Exchange Server-ге қолжетімділік беру; • ЭҚА бойынша консультация; • IT бойынша консультация. Ұсыну мерзімі – 4 жыл.	«Біріңғай анықтамалық -ақпараттық орталық» жобасы; Қосымша жобалар: АТ-инфрақұрылымды техникалық, сервистік және бағдарламалық сүйемелдеу; «Сервис печати» сынама жобасы (20 шарт бойынша қызметтер).	Байланыс орталығы аутсорсингі. 90 жұмыс орнына арналған «Ақылды кеңсе» АТ-инфрақұрылымын басқару бойынша қосымша қызметтер: жұмыс орындарын ұйымдастыру және басып шығаруды басқару, бағдарламалық-аппараттық кешенді орнату және баптау. Ұсыну мерзімі – 3 жыл.	Байланыс орталығы аутсорсингі. 165 жұмыс орнына арналған АТ-инфрақұрылымды басқару бойынша қосымша қызметтер: • Active directory әкімшіліктендіру; • предоставление доступов в Exchange Server-ге қолжетімділік беру; • ЭҚА бойынша консультация. • MS Lync Server-ге қолжетімділік беру; Ұсыну мерзімі – 3 жыл.

2017 жылы түскен Телеком өтінім - 46711

АТ өтінім -13101

«Эвридок» ЭҚА - 5325

Желілерді дамыту және жаңғырту және әр географиялық сегменттерде тиімділігін арттыру

Қоғаммен оптоталшықты байланыс желісінің құрылысына кешенді тәсіл қолданады. Қоғам 2016-2020 жылдар кезеңінде «Транспорттық және транзиттік желілерді жаңғырту және дамыту» жобасы келесі бағыттарда іске асырылады: Ақтөбе – Шымкент – Алматы, Алматы – Семей – Астана, Алматы – Астана – Көкшетау – Қостанай – Ақтөбе ТОБЖ учаскелеріндегі халықаралық транзитті ұйымдастыру.

Бейнеу – Оазис, Д. Нұрпейсова – Ақсарай, Семиглавый Мар – Озинки, Қайрақ – Золотая Сопка, Петропавл – Петухово, Достық – Алашенькоу, Алтынкөл – Қорғас, Сарыағаш – Ташкент, Луговая – Чалдовар учаскелерінде трансшекаралық өтуді ұйымдастыру.

IP/MPLS технологиясы негізінде желілерді дамыту. DPI жүйесін енгізу. трансшекаралық өтуді ұйымдастыру.

Органикалық өсу жобасы.

Жобаны жүзеге асыру сапаны арттыруға және телекоммуникациялық қызметтердің ұсынуға жоспарланған және ұсынатын спектрді кеңейтуге, сондай-ақ:

- халықаралық транзиттерді ұйымдастыруға;
- трансшекаралық өтуді ұйымдастыруға;
- ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыру және мониторингтеуге;
- байланыстың цифрлық каналдарының өткізгіштік қабілеттілігін жоғарылатуға;
- клиенттік қорды көбейтуге;
- ұсынылатын қызметтердің спектрін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жобаны енгізу DWDM - оптикалық каналдарын нығыздауыш технология арқылы Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азия, Қытай және Ресей арасындағы негізгі бағыт бойынша жаңа халықаралық транзиттерді ұйымдастыруды іске асыруды жобалайды.

Бизнес- процесстерді оңтайландыру және жетілдіруді енгізу бойынша шешімдерді іздеу

Қоғам 2017 жылы бизнес - процесстерді басқару және жетілдіру үшін «Ұйымдастыру арқылы дамыту» бағытын құрды.

Бұл бөлімшенің мақсаты:

- Қоғамның стратегиялық бағытына бизнес – процесстерді нақты сәйкестендіру;
- Қоғамның ресурстарын тиімді пайдалану;
- Қоғамның күнделікті процесстерін реттеу болып табылады.

Алға қойған мақсаттарға жету үшін 2017 жылы бизнес - процесстерді басқару, сондай-ақ жобаларды басқару бойынша процесстер әзірленді.

Бизнес – процесстер саласындағы әлемдік тәжірибесін енгізу үшін Қоғам TMFoum телекоммуникациялық компаниялар форумына мүше болып өз жұмысына eTOM процесстер картасын қолданады.

Сондай-ақ компанияның ішкі бизнес-процесстерін оңтайландыру және қолданыстағы АТ-ға кететін шығындарды азайту шешімдерінің бірі-шешілетін міндеттер спектрін көбейту, АТ-жүйелердің масштабтануын жақсарту, ақпарат алмасу қауіпсіздігін арттыру және шығындарды қысқару мақсатында бұлттық провайдер қызметіне көшу болып табылады.

«Транстелеком» АҚ деректерді өңдеудің бұлттық орталығының қызметтері IaaS сервистік моделі арқылы көрсетіледі.

2017 жылдың ірі және стратегиялық маңызы бар инвестициялық жобалары

Транспорттық сектор үшін

«Магистраль» АБЖ

«Магистраль» АБЖ жобасы - темір жол саласындағы жол инфрақұрылымын автоматты басқару жүйесі.

Жоба аясында 2013-2015 жылдары ҒЗТКЖ базасында тәжірибелік-өндірістік нұсқа жасалды. Оны сәтті енгізгеннен кейін 2017 жылдан бастап т/ж жолдарының барлық магистральды желісін тираждау жүргізіледі.

Іске асырылатын «Магистраль» АБЖ инновациялық жобасы «Астана Бурабай курорты» сынамалық учаскесінде «диагностика және мониторинг» және «Жол шаруашылығын жүргізуді автоматтандыру» бағыттарында үздіксіз жұмыс жасауды қамтамасыз етті.

Жобаны енгізу нәтижесінде жөндеу жүргізу уақытын оңтайланыдру, т/ж көліктері қозғалысының техникалық жылдамдығын арттыру және қозғалыс қауіпсіздігінің қажетті деңгейін қамтамасыз ету есебінен т/ж жолдарын күтіп-ұстауға кететін шығындар едәуір азайды. Деректерді беру 30 күннен 3 сағатқа дейін, вагондарға қызмет көрсету штаты 28-ден 18-ге дейін азайды, жұмыс өнімділігі 30% артты, уақыт кетіру мен адам ресурстары кеміді, сондай-ақ т/ж нысандарын жөндеу нәтижесін орындау бойынша деректер енгізуге адами факторлар әсер етпейтін болды.

«Энергодиспетчерлік тарту» АБЖ

Енгізу кезеңі: 2012-2015 годы.


Сүйемелдеу кезеңі: 2013-2025 годы.

ЭДТ АБЖ – бұл теміржол көлігі саласындағы электроэнергия және дизель отынын тұтынуды есепке алу, бақылау және талдау бойынша бизнес-процестерді кешенді автоматтандыру және ақпараттық қолдау.

Жоба аясында тепловоздар мен электровоздар секциясы электроэнергия және дизель отынын тұтынуды есепке алушы жоғары сапалы жабдықпен қамтамасыз етілді, нақты уақыт режимінде есептік ақпараттарды жинау және талдау бойынша жүйе құрылды.

Жобаны іске асыру нәтижесінде, жаңа қызмет түрлерін ұсынғандықтан тапсырысшының кірісі артып, дизель отынына кететін шығындар 13%, электроэнергияға кететін шығындар 7% азайды.

Жалпы сызба



ЭДТ АБЖ қамтамасыз етеді:

- ✓ Отын аппаратурасының және дизель – генераторының технологиялық параметрлерін өлшеу;
- ✓ Белгілі уақыт кезеңіндегі дизель отынына кеткен шығындарды және қалдықтарды нақты және тура есептеу;
- ✓ Тепловоздың/электровоздың әртүрлі жұмыс режимінде дизель отынымен/электроэнергияның нақты шығынын бақылау және салыстыру;
- ✓ Әртүрлі жұмыс режимі кезіндегі отынның жұмсалуы негізінде тепловоздардың отын аппаратураларының жанама диагностикасы;
- ✓ Уақытша мерзім белгіленген ауысым үшін тепловоздың/электровоздың жұмыстарын талдау:
  1. тұрақтар мен қозғалысты;
  2. жүктемесі бар, бос жолдағы және тоқтатылған дизель жұмысын, тарту және қозғалыстан шыққан режимдегі тепловоз/электровоздар қозғалысының сипаттамасы;
  3. учаске бойынша орта техникалық жылдамдықпен жүруді;
  4. учаске бойынша, сапарға, кезеңге, ауысымға кететін отынның және электроэнергияның жалпы шығынын;
  5. тепловоздың/электровоздың орналасқан жерін;
  6. Отын аппаратурасының және дизель – генераторының кейбір технологиялық параметрлерінің мағынасы туралы ақпараттар визуализациясын (тепловозда);
  7. машинисттің электрондық бағытын жасауды;
  8. локомотивтердің жөндеу аралық жүрісін;
  9. ақпарат алмасу жолымен іргелес жүйелер бойынша деректерді жасау және ұсынуды;
- ✓ Локомотивтік бригаданың шеберлік деңгейін және тәртібін бағалаудың автоматтандырылған құралы;
- ✓ Режимді және жұмыс учаскелерінде және бағыттарда қолдануға арналған шаралар қабылдау үшін әр локомативтің нақты жүктемелігін талдау құралы;

Локомотив деңгейі мен орталық сервер деңгейі жүйелерінің қолжетімділігін сүйемелдеу үшін call-орталығы тәулік бойы жұмыс істейді.

Есепті 2017 жылы техникалық параметрлерді жинау және беру бойынша тепловоздарға 12 278,04 секция көлемінде және электровоздарға 10 657,57 секция көлемінде қызмет көрсетілді, жыл бойы Орталық серверге қол жеткізу қызметі көрсетілді.

2017 жылы 1 024 182 машинисттің электронды бағдары мақұлданды.

Кешенді қауіпсіздік

Кешенді қауіпсіздіктің интеграцияланған жүйесі қылмыстар санын азайтуға және адам көп жиналған жерлерде экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл шараларын жүргізуге бағытталған. Кешенді қауіпсіздік - тексеріп қарау құрылғысынан басқа, күзет бейнебақылау жүйесі, қолжетімділікті бақылау жүйесі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығы, эвакуация жүргізу және басқару жүйесі, автотұрақтарды автоматтандыру жүйесі, орталықтандырылған ақпараттарныру жүйесі, билеттерді сатуды автоматтандыру жүйесі, автоматтандырылған кезек жүйесі және т.б. қамтиды.

Әуежайларда:

- ✓ Астана қаласында ықтимал қауіп-қатердің әртүрлі аймақтары: күзетілетін периметр, қақпа және подъезд жолдары (100%), осал орынжайлар мен аймақтарға кіретін жерлер (100%), тұрақтағы автокөлік орындары (70% кем емес), қоғамдық орындар (60% кем емес), өтетін нүктелер (126 аса) әртүрлі типтегі 430 камерамен жабдықталды.
- ✓ Астана, Шымкент, Қостанай қалаларында – тексеріп қарау құрылғылары: рентгендік-телевизиялық құрылғысы, тұрақты және қол металл іздегіш, жарылғыш заттарды іздеу детекторы және жолдаушыларды сканерлеуіш орнатылды.

Темір жол вокзалдарында:

- ✓ 2017 жылғы 1 ақпаннан бастап Қазақстанның 16 теміржол вокзалында жолаушыларды, қол жүгін және жүктерді тексеру жүргізіліп жатыр. Жабдықтың бір жиынтығының сағатына 600 адамнан кем емес өткізгіштік қабілеті бар.

ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі үшін:

- ✓ ЭКСПО-2017 нысандарында қауіпсіздік және дабыл саласындағы оқиғаларды орталықтандырылған басқару және үздіксіз тәулік бойы бейне бақылау.
- ✓ Жобаны енгізу нәтижесінде 2017 жылғы маусымнан бастап тамызды қоса алғанда Verint SMC (Situation Management Center) кешенді қауіпсіздік жүйесінде әртүрлі дәрежедегі 2100 оқиға анықталды (қауісіздік жүйесінің жұмысы, ІІМ операторларымен тіркелген).
- ✓ Тұрақтағы орындары автоматтандыру, ұйымдастырушы кеңсесінің сыртқы және жер астандағы паркингі, аккредиттелген көліктердің арнайы нысандарға шығуын ұйымдастыру. Сондай-ақ бұл жүйе тұрақтағы орын үшін төленетін ақының ашықтығын қамтамасыз етеді және тұрақты пайдалануды жеңілдетеді.

«АҚБЖ»

Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі (АҚБЖ).

«АҚБЖ» – ақпараттық қауіпсіздіктегі оқиғаларды заманауи және функциональды құралдармен анықтауды және болдырмауды қамтамасыз ететін сервис.

Жүйе келесі кіші жүйелерден тұрады: желілер және сервистердің ақпаратты қорғау құралдарының қорғалуын тестілеу орталығы, Security Operations Center (ақпараттық қауіпсіздікті мониторингтеу орталығы) – ҚР SIEM технологиясы базасындағы цифрлық қауіпсіздік және оқиғаларды тексеру және құзіреттілік орталығының бірінші моделі.

Ақпараттық қауіпсіздік қызметін ұсыну тәуекелдердің болуын едәуір азайтты, ақпараттық активтерді қорғау деңгейі және біздің клиенттердің ақпараттық қауіпсіздік процестерінің кемелдену деңгейі артты.

Республикалық маңызы бар

EXPO 2017
• Future Energy •
Astana Kazakhstan

«Астана ЭКСПО-2017» жобасы

Көрмені өткізу аясында, кешенді қауіпсіздік және интеллектуальды жарықтандыру жүйесінен бөлек, келесі жобалар іске асырылды:

- ✓ Базистік телекоммуникацялық сервистер – көрмеге келушілер мен қатысушылар үшін интернет желісіне және ақпараттық қызметтерге қолжетімділік береді.
- ✓ Пайдаланушылық және энергетикалық шаралар легі, оның ішінде интеллектуальды есептегіштер, энергияның жаңартылатын көзінің және энерготиімділік саласындағы ресурстардың смарт-техникалары. Жобаны іске асыру аясында, Астана ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінің электромобилдері үшін барлығы 59 қуаттау станциясы және 57 энергонысаны қамтылды.
- ✓ Инженерлік жүйелерді тиімді басқару жүйесі көрме павильондарындағы ыңғайлы климаттық ортаны қалыптастыру үшін жасалған. Аталған жүйені қолдану арқылы электрэнергиясын, желдетуді, жылуды және қызмет көрсетуші персоналдарды 30% дейін қысқартуға мүмкіндік берді.

Кешенді қауіпсіздіктің интеграцияланған жүйесі қылмыстар санын азайтуға және адам көп жиналған жерлерде экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл шараларын жүргізуге бағытталған. Кешенді қауіпсіздік - тексеріп қарау құрылғысынан басқа, күзет бейнебақылау жүйесі, қолжетімділікті бақылау жүйесі, қауіпсіздікті қамтамасыз ету орталығы, эвакуация жүргізу және басқару жүйесі, автотұрақтарды автоматтандыру жүйесі, орталықтандырылған ақпараттарныру жүйесі, билеттерді сатуды автоматтандыру жүйесі, автоматтандырылған кезек жүйесі және т.б. қамтиды.

Астана ЭКСПО-2017 көрмесі нысандарындағы қауіпсіздік саласындағы оқиғаларды және дабылдарды орталықтан басқару және тәулік бойы үздіксіз бейне бақылау.

Жобаны енгізу нәтижесінде Verint 2017 жылғы маусымнан бастап тамызды қоса алғанда SMC (Situation Management Center) кешенді қауіпсіздік жүйесінде әртүрлі дәрежедегі 2100 оқиға анықталды (қауіпсіздік
- ✓ жүйесінің жұмысы, IIM операторлары тіркеген).

Инженерлік жүйелерді тиімді басқару жүйесі көрме павильондарындағы ыңғайлы климаттық ортаны қалыптастыру үшін жасалған. Аталған жүйені қолдану
- ✓ арқылы электрэнергиясын, желдетуді, жылуды және қызмет көрсетуші персоналдарды 30% дейін қысқартуға мүмкіндік берді.

- ✓ Тұрақтағы орындары автоматтандыру, ұйымдастырушы кеңсесінің сыртқы және жер астандағы паркингі, аккредиттелген көліктердің арнайы нысандарға шығуын ұйымдастыру. Сондай-ақ бұл жүйе тұрақтағы орын үшін төленетін ақының ашықтығын қамтамасыз етеді және тұрақты пайдалануды жеңілдетеді.

Мақсаты

Жүйені әрі қарай пайдалану үшін жеткізуді, құрастыруды, іске қосу- жөндеуді үздіксіз қамтамасыз ету.

Қамту

Астана ЭКСПО – 2017 аумағы

Орындау мерзімі – 2017 жыл

«Цифрлық кеніш»

«ҚазАтомПром» АҚ арналған «Цифрлық кеніш» - бұл жер қойнауын пайдалану саласындағы негізгі өндірістік процестерді автоматтандырудың толық кезеңін қамтамасыз етуге арналған MES (өндірістік процестерді басқару жүйесі) санатты өндірісті қолдау жүйесі.

Жоба аясында жер қойнауын пайдаланудың өндірістік процестерін басқарудың автоматтанылырған жүйесін енгізу және пайдалануға бағытталған ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар сериясы жасалды.

Жоба нәтижесінде KSU өндірістік көрсеткіштері артты: PBP диагностика жасау уақыты 14 күннен 2 күнге дейін қысқарды, өндірістің төмендеуі 3 есе қысқарды, қуатты қолдану 20% жақсарды, қағаз жұмыстары 80% азайды, ақапараттарды жоғалту 55% төмендеді, шұғыл ақпараттарды жинау уақыты 90% кеміді, бос тұру азайды және жөндеу жұмыстары оңтайландырылды.

SMART – жобалар Smart city - Ақылды қала

«Smart-city – Ақылды қала» - бұл ыңғайлы әдістермен қалалық қызметтердің және инфрақұрылымның өте маңызды мәселелерін шешетін, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігін дамытуға және арттыруға бағытталған инновациялық жобалар жиынтығы.

Астана қ. аудандарының бірінде сынама жоба ретінде келесі жобалар енгізілді:

«Қауіпсіз қала» ТҚКЖ – халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін кешенді жобаны енгізу нәтижесінде, бұзушылықтар, қақтығыстар мен мүліктерді бүлдірудің саны едәуір азайғаны байқалды.

«Smart-көшені жарықтандыру». Интеллектуалды жарықтандыру жүйесін енгізу нәтижесінде электрэнергиясының 48% дейін үнемделгені, пайдалану шығындарының 40% дейін үнемделгені байқалды.

Сондай-ақ аталған технологияның 1000 бірліктен астамы Астана ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі аумағындағы жарық қосынына енгізілді.


«Smart-білім беру» – қоғамдағы білім беруді дамыту және ата-аналардың, оқушылар мен білім беру саласындағы қызметкерлердің өзара қарым - қатынас мәдениетін арттыру жүйесін енгізу нәтижесінде, жылына 1 сағатта 300 адамға үнемделгені тіркелді, білім беруді мониторингтеу тиімділігі және оны жылдамдату артты.

«Smart-Телеметрия» - есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу нәтижесінде, жабдықтарды қысқарту есебінен (ретрансляторларды, базалық станцияларды) телеметрия қызметінің құны, бағдарламалық қамтамасыз етуге, қызмет көрсетуші персоналдарға, байланысқа кететін шығындар төмендеді.

«Smart-ТКШ» – есепке алу және мониторингтеу интелектуальды жүйесін енгізу апаттық жағдайлардан, электр энергиясының және жылу энергиясының кемуінен немесе рұқсатсыз іріктеуден жоғалтуды 80% төмендетті.

Басқа жобалар

Схема магистральной сети АО «Транстелеком»



ВОЛС АО «Транстелеком» ВОЛС АО «НК ҚТЖ» Резервирование

ТОБЖ АПК

Енгізілу кезеңі: 2013 - 2017 жылдар

Талшықты-оптикалық желіге (ТОБЖ) көшу мемлекеттің инфотелекоммуникациялық дамуында жаңа кезең болады және ИЖҚ-индустрациясын ерекше дамытуға мүмкіндік береді.

ТОБЖ өткізу қабілеттілігі, мәліметтер беру жылдамдығы, сенімділігі және ақпараттық қауіпсіздігі ұқсас мыс және радиорелелік байланыс жүйесі қасиеттерімен тең келмейді.

Сонымен қатар «ҚТЖ» ҰК»АҚ енгізетінге сапалы және тоқсаусыз жұмыс жасау үшін жоғары жылдамдықты оптикалық транспорттық желі талап етіледі (SAP, АСУ ДКР, IP ТС, TETRA, СИРДП және басқалар), ол әрекеттегі оптоталшықты желіні қажеттіліке байланысты күшейтеді.

Жобаның мақсаты:

- станциялардағы жергілікті кәбіл инфрақұрылымын дамыту
- ұсынылатын қызмет көрсетулер спектрін кеңейту
- негізгі қызметтен түсетін кірістерді арттыру
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ біріңғай ақпараттық желісін құру
- Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру
- резервтендірудің шеңбер кестесін құру есебінен магистральды желінің сенімділігін арттыру

«Соңғы миль» учаскесінің құрылысы - 2017 жылы

5 бөлімше пайдалануға берілді:

- Шымкент 72 км
- Қызылорда 21 км
- Жамбыл 62 км
- Ақтау 22 км
- Атырау 50 км

12 айда магистарльды ТОБЖ келесі учаскелерінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу жүргізілді:

- Шымкент – Ленгер – 29 км
- Луговая – Чалдовар – 68 км
- Ерейментау – Айсары – 220 км
- Бейнеу – Қарақалпакстан– 85 км
- Көкшетау – Қызылту – 195 км
- Қарағанды – Қарағайлы – 250,7 км
- Павлодар – Құлынды – 143 км
- Ақтоғай – Мойынты – 524 км
- Көксу – Текелі – 77 км
- Астана – Атбасар – Тобыл– 671,6 км
- Петропавл – Исилькуль – 141 км
- Актөбе – Озинки – 574 км
- Никельтау – Орск– 81,5 км
- Қандыағаш – Атырау– 525 км
- Атырау – Ганюшкино – 287,9
- Костанай – Золотая Сопка – 166,7 км
- Тобыл – Жітікара – 113,2 км
- Пресногорьковская – Зерновая – 21,9 км
- Өскемен – Локость – 246,9 км
- Өскемен – Лениногорск – 110,4 км
- Өскемен – Зыряновск – 186 км
- Семей – Локоть – 118,7 км

2017 жылдың соңында – **4837,5 км**

Позиция бойынша 2017 жылы аяқтау мерзімі:

- «Соңғы миль» учаскесінің құрылысы
- ТОБЖ учаскелерін тіркеу және паспорттау – 2017 жылғы 31 желтоқсан.
- ТОБЖ жоспарланған құрылысы - 710 км

АТ - аутсорсинг – АТ-нарықтың жылдам дамушы және келешегі бар салаларының бірі. Бизнестің дамуымен және бәсекелестіктің күшеюімен, бизнес профильді емес бағыттарды инвестициялаудан әлі де жиі бас тартады. Оның ішінде АТ-инфрақұрылымды өздігінен құрудан және қолдаудан. Кәсіби АТ – аутсорсинг ақпараттық технология ретінде бизнес үшін маңызды және көптеген жағынан сыни маңызды дамудың соңғы тәсілдерін қолдануға байланысты, күрделі және операциялық шығындарды, бизнес-процесстерді оңтайландыруға мүмкіндік береді, компания үшін бірегей бәсекелестікті артықшылық жасайды.

Электроэнергияның коммерциялық есебінің автоматтандырылған жүйесі (ЭКЕАЖ) — бұл энергетикалық ағыны және электр желісі туралы ақпаратты қашықтықтан жинау, сақтау және өңдеуді қамтамасыз ететін, аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені. ЭКЕАЖ міндеті берілген параметрлер мен тарифтар есебінен тұтынылған немесе берілген энергияның көлемін нақты өлшеу, сондай-ақ технологиялық деректерді талдау үшін ыңғайлы қалыпқа келтіру болып табылады.

Жобаның міндеті жүйенің жұмысқа қабілеттілігін дамыту және өлшеу-есептеу кешенінің қызметін жақсарту болып табылады.


«ҚТЖ» ҰК» АҚ 23 электрмен жабдықтау дистанциясында сервистік қызмет көрсетіледі.Сервистік қызмет көрсету жұмыстарына әр электрмен қамтамасыз ету дистанциясы әр есеп нүктесі бойынша, мәліметтерді жинау/беру құрылғысынан бастап (бақылауыштар, модемдер, аннтеналар және т.б), ЭКЕАЖ мәліметтер қорының орталық серверінен KEGOC жүйелік аппаратының FTP-серверіне хабарлама берумен аяқталатын жұмыстар кіреді.

Клиенттік база


Қазіргі кезде Қоғам - халықаралық, қалааралық, жергілікті телефония және Интернет желісіне қол жеткізумен қатар, байланыстың магистральді каналдарында қызмет көрсететін Қазақстандағы бірден бір жетекші телекоммуникация операторы болып отыр. Қоғам клиенттері жеке тұлғалармен қоса, корпоративтік пайдаланушылар мен байланыс операторлары болып табылады. Біздің серіктестеріміз - бизнесті жүргізуге сапалы телекоммуникациялық қызмет көрсетулер қажет болып табылатын ірі компаниялар.

2015 жылмен салыстырғанда басқа тұлғалардан алынған табыстар үлесінің артқандығы байқалады. Келешекте осы динамиканың сақталуы және айрықша өсуі күтілуде.


Тараптық ұйымдардан түскен табыс



Магистарльды желілер мен транзиттен түскен табыс



2017 жылы ТОБЖ магистральды желісінен түсетін табыс **3,6 млрд. теңгені** құрайды.




7%	АО "KazTransCom"
1%	Novakor Universal LTD
4%	АО «Алма Телекоммуникейшнс Казахстан»
13%	ТОО "TNS-Plus"
2%	АО "ASTEL" (АСТЕЛ)
3%	ТОО 2Day Telecom
5%	АО «Узбектелеком»
3%	ПАО «МегаФон»
4%	ООО «СЦС» Вымпел-Коммуникаци»
4%	China Telecommunication Corporations
1%	Linx Telecom
1%	АО «Казпочта»
3%	British Telecom Global Service Ltd
49%	Прочие

Ірі тұтынушылардан түсетін табыстардың үлесі 187 миллионнан 1 789 миллионға дейін көлемде, басқа клиенттерден түскен табыс 51 % құрайды.Қоғамның корпоративтік клиенттері қатарында көп жылдар бойы белгілі халықаралық байланыс операторлары кіреді: BritishTelecom (Ұлыбритания), ChinaTelecom (ҚХР), «Транстелеком» ЖАҚ (Ресей), «Эквант» ЖШҚ (Ресей) және басқалары, бұл «Транстелеком» АҚ ең жоғары деңгейде сенімді ынтымақтастық жасау мүмкіндіктері туралы куәландандырады.

Магистральды деңгейдің операторы бола отырып, Қоғам барлық байланыс операторларымен - белгіленген және жылжымалы байланыс қызметін көрсету арқылы «таңылғандармен» және «баламалы» өзара тиімді ынтымақтастық жасауға мүдделі. Магистральды және аймақтық операторлардың мүмкіндіктері бір-бірін тиімді толықтырады, бұл оператор аралық өзара әрекеттің кестесін іске асыру үшін объективті негіз болады.

Қоғамның Ресей Федерациясының, Қытай Халықтық Республикасының, Қырғыз Республикасының, Өзбекстан Республикасының және Түркменстан Республикасының операторларымен халықаралық байланысы бар. Осы халықаралық байланыстар Қоғамға ҚР ішкі нарығында алғашқы провайдерлер мәртебесін береді, бұл әртүрлі провайдерлерде Интернет желісіне қатынау қызметін сатып алуға және Интернет қызметінің толық резервін құруға және ұсынылған қызмет көрсетулердің сапасын арттыруға септігін тигізеді. Халықаралық байланыстар транзиттік каналдар мен байланыс каналдарын Орта Азия және Қытай елдеріне дейін жалдау үшін компанияның табысын айрықша арттыра отырып, халықаралық серіктестерден жаңа тапсырыстар алуға негіз болады.



ВОЛС АО «Транстелеком»

Серіктестер және контрагенттер

«Транстелеком» АҚ бірнеше жылдар бойы ішкі және халықаралық нарықта сапалы байланыс қызметін ұсыну бойынша белсенді әрекет етеді.

Біздің серіктестер – бұл сапалы телекоммуникация қызметі бизнесті жүргізудің тиісті шарты болып табылатын ең ірі компаниялар.

- Linx Telecommunications (Амстердам),
- RETN LTD (Лондон),
- "Квант телеком" ЖАҚ (РФ),
- «Мегафон» ААҚ (РФ),
- «Транстелеком» ЖАҚ (РФ),
- «Вымпел коммуникации» ААҚ (РФ),
- ChinaTelecom (ҚХР),
- ChinaUnicom (ҚХР),
- Узбектелеком» АҚ (Өзбекстан),
- «Кыргызтелеком» ААҚ (Қырғызстан),
- ОсОО «Элкат» ОсОО (Қырғызстан),
- «Алма ТВ» ЖШС,
- «KazTransCom» АҚ,
- «TNSplus» ЖШС,
- «Астел» АҚ,
- «Казтелепорт» АҚ,
- «Мобайл телеком сервис» ЖШС (Теле2),
- «Кселл» АҚ
- «2DayTelecom» ЖШС
- «Межрегиональный Транзит Телеком» ААҚ (МТТ) (РФ)

Клиенттермен қарым-қатынасты дамыту

Компанияның басты корпоративті клиенті болып «Қазақстан Темір жолы» Ұлттық компаниясы» және оның құрамына кіретін үлестес акционерлік Қоғамдары және еншілес ұйымдары табылады.

Бірнеше жылдар бойы «Транстелеком» АҚ корпоративті клиенттері құрамына төмендегілер кіреді:

- «Patentes Talgo S.A.» (Испания),
- "ALPA Centrums"(Латвия)
- Трубная транспортная компания (РФ),
- «Astana Innovations» АҚ,
- «КазТрансОйл» АҚ,
- Kazakhstan Electricity Grid Operating Company «KEGOC»,
- "Дженерал Электрик Интернэшнл Инк."Корпорациясы,
- «Хьюлетт - Паккард» ЖШС,
- «Kazsatnet» Ұлттық компаниясы» АҚ,
- «ENRC Kazakhstan» ЖШС,
- «Қазақстан Ұлттық Банкі» АҚ,
- «Қазақстан Ұлттық Банкі» АҚ,
- «Қазақстан» РТРК,
- «Эквант» (Orange) ЖШС,
- BT Global Services,
- «Smartnet» ЖШС.

және басқалар, бұл «Транстелеком» АҚ сенімді ынтымақтастығы ең жоғары деңгейде екенін көрсетеді. международных пиринговых центров, специально предназначенных для обмена трафиком в целях улучшения предоставления услуги.

Хартиялар мен қауымдастықтарға қатысу

Компания политикалық париялардың, саясаткерлердің және олармен байланысты ұйымдардың пайдасына жәрдем жинаудың ешқандай түрін, сондай-ақ қоғамдастықтарға қандай да болмасын инвестицияларды жүзеге асырмайды. Есептік кезеңде «Транстелеком» АҚ сыртқы тараптармен өзара әрекеттесу бойынша жұмыстар аясында экономика, экология және әлеуметтік ая саласында хартияларды немесе бастамаларды қолдаған жоқ және міндеттемелер қабылған жоқ.

Қоғам келесі ұйымдардың, көбінесе, байланыс операторының тиімді жұмыс істеуін анықтайтын мүшесі болып табылады:

- Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
- Ұлттық телекоммуникация қауымдастығы
- Интернет –трафикпен алмасу орталығы
- RIPE
- TM Forum

Ұлттық кәсіпкерлер палатасы(ҰКП) –Қазақстан Республикасы Үкіметі мен мемлекеттік органдары арасында бизнестің келіссөздер күшін күшейту үшін құрылған коммерциялық емес ұйым. Кәсіпкерлер палатасы өзінің қызметімен ішкі және сыртқы сауданы қоса, кәсіпкерліктің барлық салаларын қамтып, шағын, орта және ірі бизнес мүдделерін ұсынады.

Осы ұйымның негізі қаланған 2013 жылдан бері мүшесі болып келеміз.

Ұлттық телекоммуникация қауымдастығы (ҰТҚ) – негізгі қызметі телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну болып табылатын тиісті лицензиясы бар заңды тұлғаларды біріктіретін коммерциялық емес ұйым. Бұл баламалы байланыс операторларының түрлі мүдделерін барынша толық көрсететін телекоммуникациялық нарықтың көшбасшылары боп танылған компанияларды ерікті түрде біріктіру. Бұл ұйымға мүшелік компанияларға бірінші қолдан басқа байланыс операторларының тәжірибесін алуға, телекоммуникация саласындағы заңнамалық базаны жетілдіру бойынша ұсыныстарды құруға қатысуға, кадрлық құрамның біліктілігін арттыру бойынша іс-шаралар саласында көмек алуға, телекоммуникациялық құрал-жабдықтарға арналған бірыңғай техникалық стандарттарды дайындауға қатысуға мүмкіндік береді.

2003 жылдан бастап ҰТҚ-ның алғашқы мүшелерінің бірі болып табылямыз.

Интернет –трафикпен алмасу орталығы – интернет-қызметтің алғашқы қазақстандық провайдерлеріне қосылудың бірыңғай ережелері мен талаптары бойынша IP-трафикпен алмасуға мүмкіндік беретін қауымдастық.

Қоғам 2010 жылдан бастап Интернет – трафикпен алмасу орталығының құрамында тұр.

RIPE (Réseaux IP Européens) – интернет-ресурстарды таратын, сол сияқты, осыған қатысты Интернеттің жұмыс істеуін жаһандық қолдауға бағытталған қызметтің тіркелуі мен үйлестірілуін орындайтын интернет-тіркеушілердің халықаралық ұйымы. 2006 жылдан бастап RIPE мүшесі болып табыламыз.


TM Forum – бүкіл әлем бойынша цифрлық бизнестің индустриясын біріктіретін қауымдастық. Бұл қауымдастық TM Forum мүшелерінің табысты бизнес-үлгілерін трансформациялауды жеделдетуге арналған әртүрлі эко-жүйелерді, жетекші компаниялар мен талантты қатысушыларды біріктіреді. Қоғамдастық мүшелерінің топтастырылған тәжірибесі мен мүдделері, зерттеулер мен жарияланымдардан бастап, тәжірибелік анықтамалықтармен, ынтымақтастық бағдарламаларымен, құралдармен және ең жақсы тәжірибелермен, көкейкесті оқиғалармен және бизнес пен IT-индустрия жетекшілері үшін тренингтермен аяқталатын, TMForum-ның барлық бастауларының қозғаушы күші болып табылатын, 900 –ден астам жетекші ұйымдардың он мыңдаған кәсіпқойларымен жинақталған.

Қоғам 2013 жылдан бастап TM Forum коммерциялық емес ұйым қауымдастығының мүшесі.

05

Қаржылық нәтижелер

2017 жылы «Трансгелеком» АҚ көрсететін қызметтен түскен табыс 71 022 млн. теңгені құрады, өткен жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда негізгі қызметтен түскен табыстың 48 % және табыстың 44% өсу динамикасы байқалады.



Табыс құрылымы


Операциялық табыс құрылымы	2015 ж	2016 ж	**2017** ж
Байланыс қызметтері	19 287 095	24 691 943	**29 445 022**
АТ қызметтері мен жобалары	13 268 687	23 187 178	**41 378 154**
Басқа қызметтер	113 292	130 580	**199 270**
Жалпы операциялық табыс	32 669 074	48 009 701	**71 022 446**

мың тг.

Негізгі қаржылық көрсеткіштер


Негізгі борыштан түскен табыс әрекеттер +48% ↑

мың тг.




Операциялық театрлар шығыстар +60% ↑

мың тг.



Таза пайда +23% ↑

мың тг.



Негізгі қаржылық көрсеткіштер


«Транстелеком» АҚ-ның қаржылық талдауы өндірісті басқару жүйесінде маңызды бөлшек, жоспар әзірлеу және басқаушылық шешімдер үшін негіз болып табылатын, 2015-2017ж. аралығындағы кіріс және шығыс бойынша бухгалтерлік есептілік және басқарушылық есеп негізінде орындалған. Сонымен қатар, 2015 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі кезеңдегі «Транстелеком» АҚ-ның қаржылық есептілігінің дұрыстығы Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттары мен Қазақстандық Бухгалтерлік Есепке алу бойынша өткізілген аудит барысында «Делойт» ЖШС-нің тәуелсіз аудиторымен расталған.

Кірістер талдауы

2017 жылы «Транстелеком» АҚ көрсететін қызметтен түскен табыс 71 022 млн. теңгені құрады, өткен жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда негізгі қызметтен түскен табыстың 48 % және табыстың 44% өсу динамикасы байқалады. Өсу динамикасы абоненттер санының өсуімен, көрсетілетін телекоммуникациялық қызметтердің түрлері мен көлемінің артуымен, сондай-ақ Астана ЭКСПО – 2017, «ҚазТрансОйл» АҚ ТОБЖ жаңарту, ЭДТ АБЖ кеңейту жобаларын жүзеге асырудың, темір жол вокзалдары үшін кешенді қауіпсіздік жүйесін құру әсерінен болды.

Компанияның негізгі қызмет түрлері бойынша 2016 жылы өткен жылмен салыстырғанда байланыс қызметтерінің (19% артқан), АТ-қызметтер және жобалардың (78% артқан), өзге қызметтердың (53% артқан) өсу динамикасы байқалады.


Негізгі қызметтер түскен табыстың құрылымы	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
Байланыс қызметі	19 287 095	24 691 943	29 445 022
АТ-қызметтер және жобалар	13 268 687	23 187 178	41 378 154
Басқа қызметтер	113 292	130 580	199 270
Негізгі қызметтер түскен табыстың жиыны	**32 669 074**	**48 009 701**	**71 022 446**



40% АТ-қызеттер және жобалар
13 268 687

9% Байланыс қызметтері
19 287 095


1% Басқа қызметтер
113 292



34% АТ-қызеттер және жобалар
23 187 178

65% Байланыс қызметтері
24 691 943

1% Басқа қызметтер
130 580




58% АТ-қызеттер және жобалар
41 378 154


41% Байланыс қызметтері
29 445 022

1% Басқа қызметтер
199 270


Негізгі қызметтен түскен табыс, мың тг.



Операциялық шығындар, мың тг.



Таза табыс, тыс тг.




Атауы	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	Түсіндірме
Өзіндік құн, оның ішінде (қолданыстағы баптар):	**20 841 096**	**34 245 775**	**53 898 835**	
Еңбек ақы	3 756 379	4 605 135	4 948 308	Өсу орташа еңбек ақының 12% артуына байланысты
Әлеуметтік аударымдар	427 584	506 905	4 948 308	577 773
Материалдар	1 621 295	7 997 328	1 306 393	Шығындардың азаюы негізінен желілерді және жабдықтарды пайдаланудың және қолдаудың шығындарын оңтайландыруға байланысты (- 380 млн. теңге) және Біріңғай сервистік орталық жобасы бойынша материалдарға кететін шығындардың қысқаруымен (– 566 млн. теңге) байланысты.
Отын	91 832	109 745	133 450	Шығындардың көбеюі ЖЖМ бағасының көтерілуіне байланысты.
Электроэнергия	163 395	179 945	176 700	


Атауы	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	Түсіндірме
Тараптық ұйымдардың қызметіне төлем	6 391 916	9 240 036	34 527 697	Шығындардың артуы негізінен желі бойынша тараптық операторлардың трафик өткізу бойынша + 1 161 млн. теңгеге, интернет желісіне қолжетімділік қызметі бойынша + 400 млн. теңгеге қажеттілігінің артуына, байланыс желілерін пайдалануға енгізуге кеткен шығындар + 608 млн. теңге болуына, соңғы миляны жалдауға қажеттіліктің + 1 064 млн. теңгеге артуына байланысты. Осы шығындар телекоммуникациялық қызметтен түсетін табыстың өсуін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, шығындары Астана ЭКСПО 2017 + 18 245 млн. теңгені, ТЖ вокзалдары үшін кешенді қауіпсіздік жүйесі + 2 604 млн. теңгені құраған жобалар іске қосылды.
НҚ және МЕА амортизациясы	6 708 401	7 408 342	7 629 787	Өсу жабдықтарды жаңартумен және жаңғыртумен және жаңа магистральды және жергілікті байланыс желілерін пайдалануға енгізумен байланысты.
ТМҚ сатып алу	0	7 536 994	1 716 280	Азаю "System Z" есептеуіш кешенін жаңғырту жобасының аяқталуына байланысты
Басқа да шығындар	1 639 994	2 405 548	1 894 135	Азаю аяқталған жобалар бойынша тарапттық ұйымдарды бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеуге кететін шығындардың қысқаруына байланысты.

Атауы	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	Түсіндірме
Кезеңдер бойынша шығындар, оның ішінде:	**7 819 692**	**9 058 558**	**11 131 484**	
Әкімшілік шығындар	1 630 941	1 884 383	2 389 742	Шығындардың өсуі негізінен ұйымдық құрылымның өзгеруінен кейін + 382,5 млн. теңгеге әкімшілік персоналдардың ЕТҚ артуына байланысты. Қоғамның ұйымдық құрылымының өзгеруіне байланысты алаңдарды кеңейтуге байланысты ӘБП жайларын жалға алуға кеткен шығындардың өсіп, + 125 млн. теңгеге «Изумрудный квартал» БО Деректерді өңдеу орталығын орналастыруға байланысты.
Жалпы шаруашылық шығындар	654 829	305 735	1 281 430	Шығындардың артуы негізінен жарнамаға + 498 млн. теңге, форумға қатысуға + 287 млн. теңге, АТ жобаларды іске асыру аясында аутсорсингке + 157 млн. теңге кеткен шығындардың артуына байланысты.
Резервтер	64 829	145 415	24 024	
Салық төлемдері	-2 475	509 391	1 263 786	Шығындардың өсуі негізінен радио жиілікті спектрді қолдануға + 467 млн. теңге, қала аралық телефон байланысын ұсыну үшін төлемге + 110 млн. теңге салықтың артуымен байланысты.
Әлеуметтік сипаттағы жалпышар.шығындар	122 60	149 706	183 736	Ұжымдық шарт бойынша шығындардың артуы.
Демеушілік көмек	62 646	0	0	
Қаржыландыруға кеткен шығындар	5 286 321	6 035 743	5 988 767	
Активтерді шығару бойынша шығындар	0	28 185	0	

ROA (активтердің кірістілігі)




ROA (өз капиталының тиімділігі)




Активтердің тиімділігі және өз капиталы тиімділігінің көрсеткіші таза табыстың артуына байланысты оң динамика көрсетті.

EBIDTA, тыс. тг.



EBIDTA, margin




EBITDA margin кемуі негізгі байланыс қызметтеріне бекітілген тариф кезінде сатып алынатын тауарлардың және қызметтердің бағасының өсуімен байланысты. Сондай-ақ Астана ЭКСПО 2017 стратегиялық жобасы іске қосылды. Жобаның салыстырмалы үлесі жалпы түсімнің 27,4%, жобаның валдық маржасы 4,97% құрап, табыс көрсеткішінің азаюына әкелді.


Debt to EBIDTA



Debt to equty ratio




Debt to assets ratio



Қаржы тұрақтылығының көрсеткіштері қарыз міндеттемелерін жоспары төлеумен және қаржылық левереджаның 2,25-тен 1,97 дейін азаюына байланысты оң нәтиже көрсетті.

Ақша құралдары және оның баламалары, мың тг.



2017 жылы ақша қаражаттарының азаюы инвестициялық жобаларды қаржыландыруға, оның ішінде: 1 060 млн. теңгеге филиалдардың жобаларын, 663 млн. теңгеге көлік және транзиттік желілерді дамыту жобаларын, 1 599 млн. теңгеге ТОБЖ АПК жобасын, 991 млн. теңгеге ДӨО жобасын, 1 696 млн. теңгеге Мақат-Маңғышлақ жобасын, сондай-ақ 9 282 млн. теңге сомасында қаржылық міндеттемелерін төлеуге байланысты болды.

06

Тұрақты даму

Тұрақты даму «Транстелеком» АҚ бизнес-стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл қағида инновацияға, жаңа өнімдерді әзірлеуге және енгізуге біздің көзқарасымызды айқындайды.

Қызығушылық танытқан тараппен өзара әрекет

Персонал

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

Сатып алуды ұйымдастыру

Қоршаған ортаны қорғау



+243% ↑	-160 ↓	+13% ↑	+7% ↑
4 336 550	3 267	6 177 799	557 583
Дивидендтер млн. тг.	Қызметкерді оңтайландыру	Төлемді ұлғайту төлем туралы млн. тг.	Зейнетақы қорына ақша аудару млн. тг.

3 000

«Транстелеком» АҚ 3000 астам адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді

1 118

2017 жылы оқыған және біліктілік арттырған қызметкерлер саны 1 118 адамды құрады

202

Қоғамда мемлекеттік және салалық марапаттар алған қызметкерлер саны 202 адамды құрайды

183 735

2017 жылы әлеуеттік төлемдер бойынша жұмсалған қаражат 183 735 мың теңгені құрады.

44 369 297

2017 жылы Қоғамның жалпы сатып алу көлемі 44 369 297,73 мың теңгені құрады

77%

Жергілікті қамту жалпы сатып алу көлемнің 77 % құрады

«Тұрақты даму – бұл қазіргі кезеңнің қажеттіліктерін қанағаттандыратын, бірақ болашақ ұрпақтың қабілетіне қауіп төндірмейтін, өзінің меншікті қажеттілігін қанағаттандыратын даму» -деп 1987 жылы Қоршаған орта мен даму жөніндегі БҰҰ –ның халықаралық комиссиясы осындай анықтама берген, және осыны Компания өз қызметінде басшылыққа алады.

Тұрақты даму «Транстелеком» АҚ бизнес-страгегияның ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл принцип біздің инновацияға, жаңа өнімді әзіллеп, енгізуге жол ашады. Компания президенті, Директорлар кеңесі мен «Транстелеком» АҚ Басқармасы бірлесіп тұрақты даму саласында стратегиялық басшылықты іске асырады, ал қызметкерлер арасынан мамандар нақты бағдарлама мен бастаманы жүзеге асырады.

Тұрақты даму саласындағы Қоғам қызметі көбінесе телекоммуникациялық саланың ерекшелігімен анықталады. Бүгінгі күні ақпараттық технологиялар компанияның барлық саласында дерлік қолданылады және қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылады. Телекоммуникациялық нарықта кәсіби құзіреттіліктің жоғары деңгейімен ұштасқан жаңа заманауи технологияларды қолдану мүмкіндігі Қоғамға жұмыс сапасы мен қазақстандықтардың өмірін жақсартуға мүмкіндік береді.

«Транстелеком» АҚ қауымдастыққа салымы

Атауы	Өлш.бірлік	2015	2016	2017
Акционерлер				
Дивидендтер	млн. тг.	472 225	1 263 059	4 336 550
Қызметкерлер				
Қызметкерлердің жалпы саны	тыс. чел.	3 241	3 427	3 267
Еңбекақы төлеу бойынша шығындар	млн. тг.	4 495 977	5 482 953	6 177 799
Оқуға инвестициялар	млн. тг.	70 257	12 988	271 236
Зейнетақы қорына енгізілген қаражаттар	млн. тг.	404 874	522 876	557 583
Еңбек қауіпсіздігін арттыруға кеткен шығындар	млн. тг.	71 694	85 624	70 223

Атауы	Өлш.бірлік	2015	2016	2017
Мемлекет				
Табысқа салынған салық	млн. тг.	1 044 815	1 140 485	1 497 537
Басқа салықтар	млн. тг.	835 167	987 350	1 607 552
Қоғам				
Мүшелік жарналар, кәсіподақтық төлемдер, қайырымдылық бағдарламалар	млн. тг.	30 342	39 696	43 596
Қоршаған орта				
Экологиялық бағдарламаларға кеткен шығындар	млн. тг.	998	1 023	1 012

«Транстелеком» АҚ 3000 астам адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз етеді. Компанияның қызметкерлері – тұрақты өсуді жасайтын ең маңыздысы, және Компания қауіпсіз және қолайлы еңбек жағдайын жасауға айрықша көңіл бөледі. Компанияның кадрлық саясаты кадр әлеуетін нығайтуға, ынталандырудың тиімді жүйесінің құрылуына және қызметкердің толыққанды дамуы үшін жағдай туғызуға бағытталған. «Транстелеком»АҚ-да Корпоративтік басқару кодексін, Кадрлық саясатын, қоршаған ортаны қорғауды қоса, тұрақты даму саласындағы компанияның іс-әрекетін реттеуші құжаттары әзірленді, сонымен қатар Компанияның әлеуметтік жауапкершілік қағидаларын белгілейтін Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясаты әзірленіп жатыр. «Транстелеком» АҚ-ның қысқа және ұзақ мерзімді жоспарларының құрамдас бөлігі міндетті энергиялық тиімді және экологиялық таза технологияларды енгізу.

Тұрақты даму саласындағы «Транстелеком»АҚ-ның іс-әрекеті өзіне қолайлы еңбек жағдайын туғызуды, жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, қоршаған ортаны қорғауды, аймақтарды әлеуметтік –экономикалық дамытуды қолдауды, халық өмірінің сапасын жақсартуды қосады. Компания өзінің мүдделі тараптарының экономикалық, экологиялық және әлеуметтік қағидаларын қатаң ұстанады және бұны болашақтағы инвестициясы ретінде қарастырады.

Тұрақты дамуды басқару құрылымы

Тұрақты даму қағидаларын енгізу Адами ресурстарды дамыту бағытымен, Ұйымдастыру арқылы дамыту бағытымен, Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бағытымен өзара әрекеттестікте жүзеге асырылады.

Адами ресурстарды дамыту бағыты (бұдан әрі – АРД) тұрақты даму көзқарасынан әлеуметтік-маңызды мәселелерді қамтиды. Оның ішінде негізгі мәселелер: қызметкерді оқыту және дамыту, өнімді және жағымды жұмыс ортасын құру, қызметкерлерді ынталандыру және қолдау болып табылады. Тұрақты даму қағидаларының сәтті енгізілуін қадағалау үшін, сондай-ақ жақсартуға арналған әлеуетті бағыттарын анықтау үшін АРД Компания қызметкерлерімен жыл сайын сауал-сұрақ және сауалнама жүргізеді.

Еңбекті қорғау, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметке Компанияның барлық құрылымдарындағы қолданыстағы қоршаған орта және еңбекті қорғау қызметтерінің жалпы жұмысын үйлестіретін және бақылайтын, әдістемелік көмек көрсететін Ұйымдастыру арқылы дамыту бағытымен, Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бағытымен жүзеге асырылады. Одан басқа, Ұйымдастыру арқылы дамыту бағыты Компанияның кәсіпорындарындағы экологиялық мониторинг нәтижелері бойынша деректерді жинайды және талдайды, соңында Сапаны жақсарту жөніндегі кеңеске ұсынылатын осы жұмыс нәтижелері бойынша есеп дайындайды.

«Транстелеком»АҚ-ның барлық құрылымдық бөлімшелерінде қоршаған орта және еңбекті қорғау қызметтері жұмыс істейді, сондай-ақ кешенді және мақсатты тексерістер жиі жүргізіледі.

Мүделлі тараптармен өзара әрекеттестік

Мүдделі тараптармен белсенді сұхбат қағидасын іске асыра отырып, Қоғам өз қызметінің ашықтық пен айқындылығының ең жоғарғы деңгейін қамтамасыз етуге тырысады. Қоғам мүдделі тараптардың сұрақтары мен тілектеріне жауап қайтара, өз қызметінің барлық аспектілері бойынша елеулі ақпаратты дер кезінде ұсына отырып, барлық мүдделі тараптармен белсенді байланысты ұстанады.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікке «Транстелеком» АҚ-ның ықпалы.

Мүделлі тараптармен өзара әрекеттестік – бұл «Транстелеком»АҚ-ның оң бедел қалыптастыру және стратегиялық мақсаттарға жету, ұзақ мерзімді құнын құру үшін қажетті жағдайлар туғызудың кепілі.

Сыртқы және ішкі стейкхолдерлермен сындарлы қатынастарды орнату ең әділ және тұрақты әлеуметтік дамытуды, бедел мен тәуекелдерді үздік басқаруды, бизнес – орта мен нарықты кешенді басқаруды қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады. Мүделлі тараптар Компанияны қалай көреді, олардың қажеттілігі қандай және бизнестен және әлеуметтік, экологиялық және қайырымдылық бастамалардан не күтетінін бізге білу маңызды.

Мүдделі тараптармен қандайда болмасын өзара әрекеттестік үрдісінде Компания басшылыққа алатын негізгі қағидалар - әлеуметтік серіктестік, өзара тиімді ынтымақтастық, сыйластық, ашықтық және сенімділік.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестің негізгі қағидалары мен басымдылықтары Компанияның корпоративтік құжаттарында: Корпоративтік әдеп кодексі мен Корпоративтік басқару кодексінде көрсетілген. Корпоративтік басқару механизмдері мен процедураларының жаңасын құра және қолданыстағысын тұрақты жетілдіре отырып, «Транстелеком» АҚ барлық стейкхолдерлердің құқығын қорғауды және мүдделерін үйлестіруді қамтамасыз етуге тырысады.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес Компанияның барлық стейкхолдерлері осы немесе басқа топтың әсер ету деңгейін көрсететін Мүдделі тараптардың картасында байқалатын болады. Сонымен, Компания Компанияның қызметіне стейкхолдардың тікелей немесе жанама әсер ететіндігіне, сондай-ақ оларға Компанияның әсер етуіне байланысты стейкхолдардың «жақын» және «алыс» шеңберін белгілеуді жоспарлайды.

Өзара әрекеттестікке ықпал келесі қағидаларға негізделген:

- тұрақты сындарлы сұхбат;
- серіктестік;
- өзара тиімді ынтымақтастық;
- сенімділік және адалдық;
- ашықтық және айқындылық;
- өзіне алған міндеттерді орындау

Компанияның негізгі мүдделі тараптары- қызметкерлер, кәсіподақтар, акционерлер, жеткізушілер, тұтынушылар, мемлекеттік органдар, БАҚ және жергілікті қауымдастық.



Акционерлер және инвесторлар

Қоғам Компанияның үнемі дамуына және акционерлердің мүддесінде оның құнын арттруға бағытталған. Компания корпоративтік басқарудың үздік тәжірибиесін қолданады және өзінің беделіне нұсқан келтірмеуге тырысады. Қоғам барлық акционерлерге Компания мен оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратқа бірдей қолжетімділікті ұсынады, сондай-ақ акционерлердің құқықтарын тең сақтайды. Ақпараттың негізгі көзі міндетті ашуға жататын құжаттар, Жылдық есеп, қаржылық есеп, корпоративтік интернет-сайт болып табылады.

«Транстелеком» АҚ Жарғысына сәйкес Компания басқаруды акционерлердің жалпы жиналысымен жүргізеді. Компанияның Басқармасы мен Директорлар кеңесі акционердің құқығын сақтайды және қорғайды. Меншік иелері Компанияның тек қаржылық нәтижелеріне ғана мүдделі емес, ол үшін қаржылық емес көрсеткіштері: Компанияны басқарушылық сапасы туралы куәландыратын, корпоративтік басқарушылық, клиенттер мен жеткізушілермен қарым-қатынасы, өндірістік қауіпсіздігі және жергілікті әрекеттестіктерді дамытудағы үлесі де маңыздырақ.

Персонал

Компания мен персонал арасындағы өзара әрекеттестік адам капиталын дамытуға және ынтымақтастық негізде қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталған.

Қызметкерлердің еңбекақысы, әлеуметтік пакеті және әлеуметтік кепілдері, қызметтік өсуі, еңбек жағдайы және қауіпсіздігі Қазақстан Республикасының заң нормаларына толығымен сәйкес келеді, еңбек шартымен, «Қазақстан темір жолы»ҰК» АҚ-ның Кадрлық саясаты мен Іскерлік этика кодексімен реттеледі. Компания әр қызметкердің үлесін бағалайды және бастамашылықты, жауапкершілікті және шамшылдық мақсаттарға жетуді көтермелей отырып, кадрлармен қарым-қатынасты сыйлау мен ынтымақтастық негізде құрайды. Осы қағидалар қызметкерлерге олардың тиімділігін арттыруға және кәсіби жоғары нәтижелерге жетуге көмектеседі.

2017 жылы Компания қызметкердің қызығушылығына, қанағаттанушылығына және ниеттілігіне ерекше көңіл бөлді.

Қызметкерлердің қызығушылық деңгейін зерттеу нәтижелері өзекті мәселелерді анықтауға және дер кезінде оқиғаға ықпал етуге көмектеседі. Бәсекелестіктің өсуі жағдайында білікті және мүдделі қызметкерлер тұрақты бизнес-үрдістерді қолдау мен дамытудың қозғаушы күші болып табылады, сондықтан Компания осы саладағы жұмысты жалғастыруды жоспарлайды.

Жеткізушілер және тұтынушылар

Компанияның ұзақ мерзімді табысы Компанияның айналысындағы сыртқы факторларды кешенді есепке алмай мүмкін емес. Негізгі сыртқы факторлар ішінде - жеткізушілер және тұтынушыларды тұрақты дамыту.

Компания сенімді және адал серіктес және жеткізушілер мен тұтынушылар алдында өз міндеттемелерін уақытылы орындайды. «Транстелеком» АҚ анық, адал бәсекелестік қағидаларын ұсынады және жемқорлыққа қарсы әрекет етеді. Компания бәсекелестіктің жағымсыз әдістерін қолданбайды және келісімдерге қатыстпайды. Компания ұзақ мерзімді іскери ынтымақтастыққа бағытталған және ашық сұқбаттасуға дайын және екінші тараптың ұстанымын ескере отырып өз серіктестеріне барлық қажетті ақпаратты ұсынады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттарына және стандарттау жүйесінің Корпоративтік стандарттарына сәйкес Компанияда қызметтер сапасын бақылау жиі өткізіледі.

Мемлекеттік органдар

Компания жауапкершілік, адалдық және өзара мүдделерін сақтау қағидаларына негізделген мемлекеттік билік және өзін-өзі басқару органдарымен тұрақты және сындарлы өзара қарым-қатынасты құру мен қолдауға тырысады. «Транстелеком» АҚ Қазақстан Республикасының заңдары мен заң актілеріне өзгертулер енгізу бойынша комитеттерге және жұмыс топтарына белсенді қатысады, Қазақстанның автоматтандыру және роботты техника қауымдастығымен ынтымақтастықта. Компания Астана қаласы әкімінің 2014 жылдың 15 қыркүйегіндегі №180-1526 қаулысымен бекітілген Іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында «Астана-Экспо 2017» халықаралық көрмесіне дайындалуға белсенді атсалысуда. Қоғам Астана қаласының әлемнің 50 ақылды қаласы және т.б. рейтингісіне кіру бойынша жобаларды жүзеге асыруда.

Компания ешқандай саяси партиялар мен саяси тұлғаларды қолдамайды, Компанияның заңдық тұрғыдан бөлек, еліміздің жағдайы үшін ерікті түрде қайырымдылық және демеушілік қызмет көрсетеді.

Жергілікті қоғамдастық

Жергілікті қоғамдастық Компания үшін негізгі ресурстардың көзі болып, орта қалыптастыруға Компанияға елеулі ықпал етеді. «Транстелеком»АҚ жергілікті қоғамдастық үшін аймақтарды көгалдандыру және көріктендірумен, инфрақұрылымдарды дамытумен, денсаулық сақтауды қолдаумен, мәдени іс-шараларды өткізумен, жұмыс орындарын қамтамасыз етумен, біліммен байланысты бірқатар жобаларды іске асырады. Жергілікті қоғамдастықпен өзара әрекеттестік Компания үшін - бұл қатысу аймақтарында психолгиялық жағдай мен ахуалға оң әсер ететін жүйелі қызмет.

2017 жылы Компания жергілікті тұрғындар есебінен 100 % жұмыс орындарымен қамтамасыз етті.

БАҚ

«Транстелеком» АҚ ақпаратты ашу ережелерін сақтай отыра, Компания айқындылықтың жоғарғы деңгейін қолдайды, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарымен сындарлы диалогты қолдайды.

Мүдделі тұлғалардың көпшілігіне қолжетімді ақпаратты таратудың маңыздырақ арнасы болып Компанияның ресми Интернет-сайты (http://www.ttc.kz), соның ішінде сайттың бөлімі «Компания туралы» (http://ttc.kz/ru/About/corporate-governance/general-meetings-of-shareholders/) табылады. Бұл ресурстарда Компанияның соңғы жаңалықтарымен, Компания жұмысының қаржылық және өндірістік көрсеткіштерімен, есептілігімен және басқа да пайдалы ақпаратарымен, сонымен қатар «Транстелком»АҚ –ның басқару және бақылау органдары қызметінің реттеуші құжаттарымен: Жарғы, Директорлар кеңесі туралы ереже, Басқару жөніндегі ережемен танысуға болады.

Мүдделі тұлғалардың барлығына бірдей қолжетімді ақпарат қағидасын ұстана отырып, «Транстелеком» АҚ ресми сайта орналастырылған үш тілде: орыс, қазақ және ағылшын тілдеріндегі ақпаратты жариялайды.

Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылық

«Транстелеком» АҚ клиенттер туралы ақпараттың қорғалуына және жеке өміріне қол сұқпаушылық мәселелеріне аса жоғары мән береді. Осы мақсаттардың әрқайсысы үшін Қоғаммен компания клиенттері мен тұтынушыларының деректеріне авторландырылған кіру мүмкіндігі бар бір топ қызметкерлер анықталған. Сонымен қатар, Қоғам үшін клиенттік база стратегиялық және коммерциялық құпия болып табылады.

«Транстелеком»АҚ–на қатысты жоқ тұлғаларға Клиенттік база деректері туралы ақпаратты ашу тек Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талабы бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамда есептілік кезеңінде клиенттер туралы деректердің жоғалу жағдайы болған емес, сондай-ақ тұтынушылардың жеке өміріне қол сұқпаушылықтың бұзылуына және тұтынушылар туралы деректердің жоғалуына қатысты арыздар байқалған жоқ.

Персонал


Персонал құрылымы

Қоғам қызметкерлері «Транстелеком» АҚ негізгі жетістігі «байланс» қызметі нарғында көшбасшылық жағдайда жетістікте басты актив болып табылады. Қоғам нарқта жоғары бәсекелестік жағдайында жұмыс жасайды және телекоммуникациялық компаниялар клиенттер үшін тарифтер мен қызметтің өзіндік құнын төмендету арқылы нарықты жаулап алу үшін күреседі, бұл жағдайда сапалы қызмет көрсетуді ұсыну бойынша барлық мәселе жоғары біліктілікті кадрларға байланысты. Тұрақты негізде талантты қызметкерлерді қызықтыру, ұстап қалу, оқыту, дамыту жүргізіледі, сондықтан «Транстелеком» АҚ ерекшелігі – әр қызметкердің және бүтін компанияның мүмкіндігін ашатын мүмкіндіктер құру.

«Транстелеком» АҚ қызметкерлерге әділ және бәсекеге қабілетті сыйлық ақы ұсынады, жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін жаңа және қолданыстағы ынталандыру құралдарына көп көңіл бөледі, сондай-ақ жұмыс жасау, кәсіби және жеке даму үшін қолайлы жағдай жасайды.

Еңбек төлемі – компания мен оның қызметкерлері арасындағы маңызды аспектілердің бірі. Үздік қызметкерлер жұмыс жасағысы келетін жұмыс беруші болуға тырысу, өзге аспектілерден бөлек, әр қызметкердің еңбегін бағалаудың ашық және әділ әдістерін және тиісті сыйлық ақы беруді енгізуді жобалайды.

Қоғам қызметкерлерінің саны 2015-2017 ж.




Қоғам қызметкерлерінің саны 2017 жылғы 31 желтоқсанда 3 267 адамды құрады, 2016 жылы бұл көрсеткіш 3 427 адамды, 2015 жылы 3 241 адамды құрған болатын.

2017 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда персонал санының азаюы өткізілген қайта құрылымдауға байланысты.


Қоғам өз қызметіне өндірістік персоналдың тиімді жұмысына арқа сүйейді. Өндірістік персоналдың саны жалпы персонал санының 90% құрайды.

Еркектер және әйелдерінің саны 2015-2017 ж.



Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасына сәйкес әйелдер үшін де және еркектер үшін де тең бәсекелестік шарттары жасалуы тиіс. Сондай ақ, әйел қызметкерлерінің жалпы үлесі 2017 жылы қызметкерлердің жалпы санының 52% құрады.

Персоналдың бойынша құрылымы, адам



2017 жылғы мәліметтер бойынша жалпы персонал санының 36% жасы 30 дейінгілер. Жасы 31 мен 50 жас аралығындағы қызметкерлер үлесі - 45 %, 51 жастан асқан қызметкерлер – 19% құрады.

Жаңа қызметкерлерді бейімдеу

Компанияның әрбір жаңа қызметкері тиімді еңбек қызметіне, компанияның бекітілген ішкі процедураларымен танысу, ұжыммен өзара қарым-қатынас жасау үшін талап етілетін қажетті ақпаратты алу мақсатында бейімделу кезеңінен өтеді.

Жаңа қызметкерлер үшін Компанияда бейімделу кезеңі бірнеше бөлімнен тұрады. Бұл жаңа қызметкерді ресімдеу және ұжыммен таныстыру, компанияның нормотивтік құжаттарымен танысу және тестілеу үшін, жеке жұмыс жоспарын құрып, оның тікелей жетекшімен орындалуын бағалау үшін жаңа қызметкерге Green корпоративтік порталына қолжетімділік беріледі.

Жаңа қызметкерлер үшін бейімделу кезеңінде жаңа қызметкерлерге компания туралы көп ақпарат беру, компанияда жұмыстардың артықшылығы туралы, компанияның құрылымы, миссия, елестету және құндылықтар туралы мәліметтер беру мақсатында «Welcome-тренинг» - «ТТС-ға қош келдің!» кіріспе танысу курсы өткізіледі.

Кіріспе тренинг командалық, рөлдік және іскери ойындарды қоса алғанда интерактивті режимде өткізіледі, бейнесюжеттер талқыланады және бірден бірнеше мақсатты қамтиды:

- жаңа қызметкердің жұмысына сіңіп кетуін жеделдету;
- Компанияға және оның қағидаларына жақсы қарым-қатынас қалыптастыру;
- Клиенттерге қатысты жаңа қызметкерлердің бағдарлануын арттыру;
- Жаңа қызметкерлердің біркелескен жұмыстарға икемін арттыру;
- компанияда жұмыс істеудің артықшылығын сызып көрсету.

2017 жылы орталық аппараттың жаңа қызметкерлері үшін 7 тренинг өткізілді, оған 154 адам қатысты .

Ұжымдық шарт және кәсіподақ ұйымы


«Транстелеком» АҚ кәсіподақ ұйымдарымен ұжымдық шарт жасайды. Ұжымдық шарттың әрекет ету мерзімі кәсіподақ мүшелері мен оған байланысты жұмысшыларға белгіленген тәртіпте таратылады. Қызметкерлердің құқығын қорғау аясында ұжымдық шарт өзіне, еңбек жағдайына әсерін тигізуі мүмкін Қоғам қызметіндегі барлық болған өзгерістердің жүзеге асуы туралы қызметкерлері мен оның таңдаулы өкілдеріне алдын ала аз уақытта хабарлайды Сонымен бірге, ұжымдық шарт келесі аспектілерді реттейтін мәтінді қамтиды:

- форманы, жүйені және еңбек төлемі көлемін,
- некеге тұрған қызметкерлерге, зейнетке шыққанда, баласы дүниеге келгенде және отбасы мүшелерінің біреуі қайтыс болғанда және т.б өтемақы төлеу;
- қызметкердің жұмыс уақыты және демалыс уақыты;
- қызметкерлерге кепілдік және әлеуметтік қорғау.

31.12. 2017 жылғы мәліметтер бойынша «Қазақстандық теміржолшылар, автокөлік, әуе және су көлігі қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – Қоғамның Кәсіподағы) филиалында Қоғам бойынша 14 алғашқы кәсіподақ ұйымдары тіреуде тұр. Кәсіподақ ұйымының мүшесі болып табылатын қызметкерлердің жалпы саны -3057 адам немесе 94 % оның ішінде 52 адам еңбекті қорғау инспекторлары.

Өткен жылы еңбекті қорғау инспекторлары - 767 тексеріс жүргізді, нәтижиесі бойынша құрылымдық бөлімше жетекшілеріне 602 ұсыныс беріліп, оның 537 белгіленген мерзімде орындалды. Аталған кезеңде еңбек заңын бұзуға жол берілмеді.

Еңбек шарты жасалған қызметткерлер үлесі, % және адам



94% Еңбек шарты жасалған қызметткерлер үлесі 3 057 чел.


6% Еңбек шартына жасалмаған қызметткерлер үлесі 210 чел.

Оқыту және біліктілік арттыру

Қоғамның тұрақты және серпінді дамуы оның қызметкерлерінің біліктілігі мен өз мамандықтарының шеберлеріне тікелей байланысты. Қоғамның кадр саясаты басты бағыттарының бірі персоналды білім деңгейін жоғарылату және персонал дағдысын қалыптастыруға бағытталған оқыту және дамыту болып табылады.

Қызметкерлерді оқыту саясаты «Транстелеком» АҚ қызметкерлерін мамандандырылған дайындықты ұйымдастыру Ережесі жинағына негізделген, онда персоналды мамандығына сай дамытудың мақсаты, міндеті, шарты, әрекеттерді және бағдарламаны іске асыру әдісі бар. Бағдарламада шыңдалуға және жаңа теориялық және практикалық білім алуға мүмкіндік беретін біліктілік арттыру курсы, семинарлар, тренингтер, ғылыми-техникалық конференциялар, симпозиумдар, дөңгелек үстел, тәжірибиеден өту және көптеген басқа іс-шаралар қамтылған.

2017 жылы оқыған біліктілік арттырған қызметкерлер саны



677 Міндетті түрде

456 Арнайы

106 Сертификатталған

507 Құзыреттгерін дамыту бойынша

2017 жылы оқыған және біліктілік арттырған қызметкерлер саны 1 118 адамды құрады, оның ішінде өндірістік персонал - 670 адам, әкімшілік персонал - 448 адам.

Ұзақ мерзімді келешегі бар Қоғам бизнес-процесстерін жүзеге асыру шешімдерінің жаңа тәсілдерін іздеу мақсатында, Қоғамда басқа қызметкерлерге білім беру үшін қажетті құзіреті, икемі мен дағдылары бар, өз кәсіби қызметіндегі қызметкерлер (сарапшылар) ішінен ішкі жаттықтырушыларды, нұсқаушыларды және жетекшілерді енгізу және қолдау бойынша жұмыстар жоспарлануда.

2017 жылы қауіпсіздік және еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі, сатып алу бойынша тендерлерге қатысу бағыттары бойынша, жаңа міндеттерді, құнылықтарды тарату және басқа тақырыптарда Қоғам қызметкерлеріне қашықтан оқыту әдісін қолданып, біліктілігі жоғары мамандардың күшімен бірнеше ішкі оқытулар өткізілді. Әрі қарай өтінімдерді іріктеу және құзіретін бағалау нәтижелері бойынша, жұмыс уақытында өзінің негізгі қызметіне зиянын тигізбей, бекітілген кестеге сәйкес келесі іс-шараларды: семинарлар, тренингтер, шеберлік-кластарын, коучингтер, консультациялар және т.б. өткізетін ішкі жаттықтырушылар тізімін жасау жоспарлануда.

ЖОО мен ынтымақтастық

«Транстелеком» АҚ талантты жас мамандарды тартуға қызығушылық танытады. Қоғамды жас білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында жоғары және орта мамандандырылған оқу орындарымен өзара әрекет жасап келеді. 2016 жылы Қоғам Халықаралық ақпараттық технологиялар университетімен(ХАТУ), «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті» ШЖҚ РМК, «С. Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті» АҚ ынтымақтастық туралы шарт жасады. 2017 жылы барлығы 180 студент практикадан өтті.

Ынталандыру

«Транстелеком» АҚ қызметкерлерді ынталандыру үшін материалдық және материалдық емес ынталандыру жүйесін қолданады.

Қоғамда еңбек төлемі жүйесі қызметкерлерді сапалы және нәтижелі еңбек етуге ынталандыруға бағытталған. 2017 жылы жалақы төлемі алдыңғы жылдармен салыстырғанда өсті.

Атауы	2015ж	2016ж	2016ж 2017ж	2017ж	2017ж 2016ж
Орташа жалақы төлемі	135 701	140 570	103,6%	164 290	116,9%
Еңбек төлемі қоры	4 495 977	5 283 276	117,5%	5 882 898	111,4%


Сәйкестендіру еңбек төлемі және сыйақы беру жүйесіне сәйкес барлық қызметкерлерге: Қоғамда істеген жұмыс өтіліне қарай 3 лауазымдық жалақыдан аспайтын көлемде сыйлық ақы, тоқсан сайын 1 лауазымдық жалақыдан аспайтын көлемде сыйақы, байланыс және ақпараттандыру күніне және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай сыйақы беріледі. Қосымша төлем егер қызметкер лауазымдық қызметті араластырса, «Кәсібі бойынша үздік» басты қызметкерге үстеме, уақыттан тыс жұмыс істегені үшін және т.б жүргізіледі.

Қызметкерлердің жұмысын тиімділікке ынталандыру мақсатында, Қоғам тұрақты негізде персоналды материалдық емес дамытуға көп көңіл бөледі. Сонымен, Қоғамда мемлекеттік және салалық марапаттар алған қызметкерлер саны 202 адамды құрайды. Қоғам қызметкерлері «Құрметті теміржолшы», «Үздік байланысшы» атағымен, «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен, «Кәсібі бойынша үздік» және «Үздік маман» атағын иеленумен, «ҚТЖ»ҰК» АҚ Президентінің Құрмет және Алғыс хатымен және басқа да моральдік ынталандыру түрлерімен марапатталды.

Әлеуметтік саясат, төлемдер мен жеңілдіктер

Персоналға сыйақы беру жүйесінің ажырамас бөлігі Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік төлемдер және жеңілдіктер беру болып табылады. Қоғамның әлеуметтік саясаты қызметкерлер өмірінің жалпы деңгейін жоғарылату және әлеуметтік көмекке мұқтаждарға қолдау көрсету (зейнеткерлер, ҰОС ардагерлер және оларға теңестірілгендер). Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік жеңілдіктер пакетін және кепілдік ұсынады. Оларды қамтамасыз ету міндеттері Ұжымдық шартта көрсетілген.

Материалдық көмек қызметкердің емделуіне және оңалуына, бала тууына, некеге тіркелгенде, зейнетке шыққанда, мүгедек баласы болса, көпбалалы отбасы болса, жалғызбасты ана болса, сондай-ақ қызметкердің мерейтой күніне орай беріледі. 2017 жылы әлеуеттік төлемдер бойынша жұмсалған қаражат 183 735 мың теңгені құрады.



19%	На летний отдых детей работников; 34 457
3%	К юбилею работника; 5 342
1%	Оплата дополнительных отпусков; 1 612
5%	По уходу на пенсию; 9 487
10%	Подарки, проведение праздничных мероприятий детям работников; 18 000
8%	Поддержка неработающих пенсионеров; 15 804
13%	На ритуальные услуги; 23 488
7%	На рождение ребенка; 12 504
2%	С регистрацией брака; 4 130
4%	На лечение; 7 171
4%	Компенсация при сокращение; 7 135
21%	Проведение культурно-массовых, спортивных, мероприятий; 38 157
3%	Отчисление социального налога; 6 430

2017 жылы алынған салалық, ведомстволық және «ҚТЖ» ҰК» АҚ марапаттары

Өндірістік және әлеуметтік мәселелерді тиімді шешуге белсенді қатысқаны үшін, еңбектің жоғары нәтижиелігі үшін, команияның дамуына үлес қосқаны үшін «Транстелеком» АҚ 15 қызметкері ҚР көлік қызметкерлері күніне орай, «ҚТЖ»ҰК» АҚ мен ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің мадақтарымен марапатталды.

1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президентінің иесі атаулы сағатымен «Транстелеком» АҚ президентінің кеңесшісі Абдиев Тульбай Кнатович;

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің алғыс хатымен «Астанатранстелеком» филиалының директоры – атқарушы директор Кудрявцев Игорь Вадимович;

3. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Президентінің Құрмет грамотасы» (Почетная грамота Президента АО «НК «КТЖ») марапаты - «Транстелеком» АҚ ОА «Телекоммуникация, сату алды» бағытының сарапшысы Құрбанова Гүлмира Хасановна;

4. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Президентінің Алғыс хаты» (Благодарственное письмо Президента АО «НК «КТЖ») марапаты - «Транстелеком» АҚ ОА «Жедел басқару» бағытының бас сарапшысы Туреханова Динара Жанзаковна;

5. «Адал еңбегі үшін» төсбелгісі - «Атыраутранстелеком» филиалының Бейнеу станциясындағы участок басшысы Ибрашева Рахила;

6. «Кәсібі бойынша үздік» атағы:

- «Шымкенттранстелеком» филиалының Арыс станциясындағы желілік-кабелдік бригаданың 1 топтағы ТОБЖ электромеханигі Мырзакұлов Маратжан Сапарбекұлы және «Астанатранстелеком» филиалының жергілікті желісінің 1 топтағы электромеханигі Балқыбеков Қасым Ақпарұлы;

7. «Үздік маман» атағы - «Қарағандатранстелеком» филиалының бас бухгалтері Мақаева Бибіғайша Қазкенқызы және «Алматытранстелеком» филиалының кадрлар бөлімінің басшысы Жаниязова Клара Лепесқызы;

8. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Президентінің Құрмет грамотасы» марапатымен:

- «Семейтранстелеком» филиалының Аягоз станциясындағы ЦАТС аға электромеханигі Ысқақов Нұрболат Наурызханұлы;
- «Қостанайтранстелеком» филиалының Қостанай торабының басшысы Баландина Ирина Викторовна;
- «Қызылордатранстелеком» филиалының Сексеуіл станциясындағы 2 топтағы электромеханик Есмамбетов Баймұрат Әбжанұлы;

9. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Президентінің Алғыс хаты» марапатымен:

- «Көкшетауранстелеком» филиалының сату бөлімінің басшысы Чеснаков Василий Николаевич;
- «Ақтөбетранстелеком» филиалының Қандыағаш торабының басшысы Төлепбергенов Нұрбек Тұрымбекұлы;
- «Өскементранстелеком» филиалының 1 дәрежелі бухгалтері Күдерова Қанышай Шайхиновна.

Марапаттар Қоғам орталық аппаратының және филиалдардың қызметкерлерінің қатысуымен, салтанатты түрде табысталды.



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні ұлттық мейрамын тойлауға байланысты, еңбекте үлкен табыстарға жеткені үшін «ҚТЖ»ҰК» АҚ және «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрмет грамотасы мен төс белгілерімен Қоғамның 6 қызметкері марапатталды:

1. «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ құрмет грамотасымен: Коммерция жөніндегі Вице-президент Байтуганов Сәкен Мадиханұлы;

2. «Адал еңбегі үшін» төс белгімен:

- «Өскементранстелеком» филиалының 5 разрядты телеграфшысы Сектерева Наталья Ивановна;
- «Қарағандытранстелеком» филиалының цифрлық телефон станциясы және техникалық телеграф цехінің басшысы Телегина Оксана Александровна;

3. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Президентінің Құрмет грамотасы» (Почетная грамота Президента АО «НК КТЖ») марапатымен:

- «Қарағандытранстелеком» филиалының Анар ст. ЦАТС және МС цехінің 2 топтағы аға электромеханигі Литвяков Геннадий Георгиевич;
- «Астанатранстелеком» филиалының техникалық телеграф цехінің басшысы Жанетова Сәуле Тоқтарқызы.

4. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Президентінің Алғыс хаты» (Благодарственное письмо Президента АО «НК «КТЖ») марапатымен - Джұмағалиева Қарлығаш Сарбалақызы.

Әлеуметтік-мәдени және дене шынықтыру-сауықтыру шаралары



Жастар ісі жөніндегі кеңес пен Қоғамның корпоративтік блогы кәсіподақ комитетімен бірлесіп 2017 жылғы 17 тамызда компания қызметкерлеріне спорттық ойындар өткізді. «Транстелеком» АҚ тарихындағы екінші жаздық Спартакиада Қарағанды қаласында 16 спорт командасының қатысуымен өтті. Жетекшілердің сөзінше, спартакиада Ел басының Қазақстан халқына жолдауын, қызметкерлерді дене шынықтырумен тұрақты түрде айналысып, салауатты өмір салтын ұстануға шақыруға және халық арасында салауатты өмір салтының құндылықтарын, спорттық іс-шараларды насихаттауға іске асыруға бағытталды.



Спартакиада нәтижиесі бойынша, жеңімпаздар құнды сыйлықтармен және үш сынамалы медальдармен марапатталды. Жалпы командалық біріншілік командаңың әр мүшесінің жеке нәтижиесінің баллдарын есептеу арқылы жүргізілді.

«Транстелеком»АҚекіншіжаздықСпартакиадасыңжалпы командадалық бірінші орыны «Көкшетаутранстелеком» филиалына берілді.

2орындыАстанақаласындағы«Инфотелекоммуникациялық технологиялар дирекциясы» филиалы алды. Ал, үшінші орынды «Көкшетаутранстелеком» филиалы еншіледі.

Бұрын айтып өткеніміздей, жеңімпаз – команда келесі Спартакиаданы өз қаласында өткізуге мүмкіндік алады. Енді үшінші жаздық Спартакиада 2018 жылы Көкшетау қаласында өтетін болады.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай «ҚТЖ» ҮК» АҚ қызметкерлерінің арасында өткізілген, Спартакиадада біздің волейболшылар дайындығының жоғары деңгейін көрсетіп 4-ші орынды, ал жалпы командалық 7-ші орынды иемденді.

«Транстелеком» АҚ футболшылары әуесқой футболдан Қазақстан Лигасына қатысты және 2017 жылдың қорытындысы бойынша 9-шы орынды иемденді.

Жастар ісі жөніндегі кеңес

Қоғамда жастар ісі жөніндегі Кеңес жұмыс жасап келеді, олардың негізгі мақсаты Қоғамдағы жас әрі келешегі зор қызметкерлердің кәсіби және әлеуметтік дамуына жәрдемдесу болып табылады.

«Транстелеком» АҚ қоғамдық және өндірістік қызметіндегі жастардың рөлін арттыру мақсатында, Жастар саясаты бағдарламасын жүзеге асыру аясында 2017 жылы келесі іс-шаралар өткізілді:

- Мамыр айында Астана қаласында жастардың күшімен ағаштар отырғызылды;
- 2017 жылғы қыркүйекте Қоғамның 3 жаса маманы «Жоба-менеджмент» және «Будущие управленцы» бағдарламалары бойынша өңірлік инновациялық білім беру тренингіне қатысты;
- Жас қызметкерлер есепті кезеңде Қоғамның спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларына белсенді атсалысты;
- 2017 жылда жасалған жұмыстардың қорытындысы бойынша Жастар саясаты бағдарламасы аясында өткізілген іс-шараға қатысушы Қоғамның үш белсенді жас қызметкеріне 20 АЕК көлемінде материалдық көмек көрсетілді.

Кәсіподақ комитеттері

31.12.2017 жылғы жағдай бойынша Қоғамда жұмыс істейтін 3267 адамның 3057-сі яғни 94 % кәсіподақ комитеттерінің мүшелері болып табылады.

Кәсіподақтың басты міндеті кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-экономикалық және құқықтық мүдделерін қорғау.

Кәсіподақтың өткен жылғы қызметінің негізгі бағыты:

- еңбек шартының бөлімдерін өзгерту, толықтыру бойынша ұсыныстарды қарастыру, оның орындалуына қадағалау жасау;
- қызметкерлер мен олардың еңбек кепілдіктерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына қатысты құжаттарды әзірлеу және сараптама жасау;
- коллективтік іс-шараларға және кәсіподақтың акцияларына қатысу және ұйымдастыру;
- еңбекті қорғау шарттарын сақтауды қадағалау;
- сауықтыру жұмыстары, қызметкерлер мен олардың балалары үшін демалыс және мәдени іс-шаралар ұйымдастыру;
- кәсіподақ мүшелерін материалдық қолдау.

Бүгінде Қоғам қызметкерлері мәдени және спорттық іс-шаралар, мейрамдар, мерейтойлар, жарыстар, экскурсия, табиғатқа қыдыруға шығу сияқты іс-шараларға белесене атсалысады, жұмыстан тыс уақытта тек демалып қана қоймай, жақын танысуға және мерзімі жеткен мәселені талқылауға мүмкіндік болады. Мұндай іс-шараларды ұйымдастыруда Қоғамның кәсіподақ белсенділерінің еңбегі зор.

Есептік кезеңде кәсіподақ комитеті келесі мәдени- көпшілік шаралары өткізді:

- 8 наурыз мерекесіне барлық қыздарға-кәсіп одақ мүшелеріне косметика мен парфюмерия алуға сертификат-сыйлық берілді;
- «Наурыз Мейрамы» тойлау қызметкерлер ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлерді қолданып концерт ұйымдастырды;

- ✓ 7 мамырда конкурстар ұйымдастырылып, мерекелік дастарқан жайылды;
- ✓ «9 мамыр» Жеңіс күнімен ҰОС ардагерлерін, тыл еңбекшілерін және еңбек ардагерлерін (және оларға теңестірілгендер Ауғанстандағы соғысқа қатысқандар) құттықтап, қайырымдылық көмек көрсетілді (азық-түлік себеті мен материалдық көмек);
- ✓ 1 маусым балаларды қорғау күнін тойлау, Қоғам қызметкерлерінің балалары «Золотое перо» үздік шығармалар конкурсына және "ЭКПО-2017 балалар көзімен» тақырыбына арналған "Балауса Болашақ" балалар суреті конкурсына қатысты;



- ✓ Аяз ата мен Ақша қар кәсіп одақ мүшелерінің үйлерін аралап, балаларын құттықтады (әр үйде мереке ұйымдастырып, кәдесыйлар мен сыйлықтар таратты). Кәсіп одақ есебінен Зүбаржат орамының үш қабатында фотобудкалар орнатылып, Жаңа жылмен қызметкерлерді құттықтауға аниматорлар шақырылды.
- ✓ «Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне» орай тимбилдинг өткізілді. Онда «Точь в точь» конкурсы, бөлімдер бойынша фотоколлаж, командаларды таныстыру және т.б. ұйымдастырылды.

Қоғаммен Адам құқығының сақталуы

Қоғамның персоналға қатысты тұрақты даму саласындағы басты мақсаты еңбекке адам құқығын іске асыру болып табылады. Қоғам өз қызметкерлерінің діни көзқарастары мен саяси пайымдауларын сыйлайды, егер олар қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңына қайшы келмесе. Сондай-ақ Қоғам өз қызметкерлерінің жұмыстан тыс уақытта жеке тұлға ретінде саясатқа, дінге және қоғамдық қызметтерге араласуына кедергі келтірмейді. 2017 жылы «Транстелеком» АҚ іргелі және саны аз халықтардың құқығын таптайтын бір де бір бұзушылық орын алған жоқ. Қоғам құқық пен мүмкіншілік теңдігі принципін мойындайды. Қызметкерлер еркіндікте ассоциацияға бірігуге және қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұжымдық келіссөздер жүргізуге құқығы бар.

2017 жыл бойы Қоғам 18 жасқа дейінгі тұлғаларды зиянды және (немесе) қауіпті еңбек жағдайындағы жұмыс орнына қабылдамау талабын қатал орындады, сондай-ақ қызметкерлер мен іскери серіктестерге қатысты кемсітушіліктердің кез келгеніне жол бермеді.

Қоғамда қызметкерлердің ішкі шағымдарын тіркеу үшін «жедел желі» жұмысы практикаға енгізілді, жолдаулар мен шағымдар үшін арнай жәшік орнатылды және Қоғам басшысының (Президенттің) жеке блогы жұмыс жасайды.

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік

Денсаулықты қорғау

Қоғамдағы қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жөніндегі жұмыстар еңбекті қорғаудың ең басты мақсатына жетуге бағытталған - еңбек процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтау талаптарына сай келетін еңбек жағдайларын құру, өндірістегі жазатайым оқиғалардың пайда болу тәуекелін барынша азайту және Қоғам бөлімшелерін ең жоғары қауіпсіз технологиялық процесстер мен құрал-жабдықтарға бағдарлау.

Біздің жұмысымыздың маңызды бағыты еңбек қызметі процессінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтаудың артықшылығын қамтамасыз ету. Қоғам еңбек заңнамасының барлық талаптары мен нормаларын сақтауға ерекше көңіл бөледі.

«Транстелеком» АҚ қауіпсіз жұмыс орындарын құруды тұрақты инвестициялайды, типтік салалық нормаларға сәйкес қызметкерлерді қажетті арнайы киімдермен, аяқ киімдермен және басқа да жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етеді. Қоғам компанияда қауіпсіз еңбек мәдениетін дамыту және кәсіби өзін өзі дамыту үшін өте маңызды салауатты өмір салтын насихаттауға арналған барлық мүмкіндіктерді жасайды.

Еңбек қауіпсіздігін арттыруды инвестициялаймыз

«Транстелеком» АҚ жыл сайын негізгі шығындары жеке қорғаныш құралдарын, арнайы киімдерді және аяқ киімдерді, міндетті медициналық тексерулерді өткізуді, еңбек жағдайы бойынша жұмыс орындарын арнайы бағалауды, еңбекті қорғау бойынша оқытуды, сондай-ақ қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсарту құралдарын сатып алуға бағытталған еңбекті қорғау бойынша бағдарламаларды әзірлейді және қолданысқа енгізеді.

Еңбек қауіпсіздігі мәселелерін басқару жүйесін жетілдіру

Компанияда қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға, өндірістік жарақат алудың алдын алуға, сондай-ақ қауіпсіз еңбек мәдениетін дамытуға және қызметкерлерге қауіпсіздік қағидаларын оқытуға бағытталған, заманауи еңбекті қорғауды басқару жүйесі жұмыс істейді.

Компанияның пайдалы және қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету бойынша, қызметінің негізгі мақсаттарын, ұстанымдарын және бағыттарын анықтайтын «Транстелеком» АҚ қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы Саясаты, сондай-ақ «Қауіпсіздік және еңбекті қорғауды басқару жүйесі» құжатталған процедурасы, «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша бақылауды ұйымдастыру Нұсқаулығы» ЖН, «Транстелеком» АҚ қызметкерлерін арнайы киімдермен, арнайы аяқ киімдермен және басқа да жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету тәртібі туралы Нұсқаулық» ЖН әзіреніп, бекітілді және біріңғай еңбекті қорғауды басқару жүйесі тағайындалды.

Жарақаттану

Әуе байланыс желісін пайдалану жұмыстарын жасаушы (жоғарыдағы жұмыстар) – электромонтерлер және кабельші – дәнекерлеушілер (құдықтағы жұмыстар) жоғары тәуекелдермен, зиянды және қауіпті өндірістік факторлармен жұмыс жасайтын қызметкерлердің жарақат алу деңгейі жоғары болады. Біз оларды қауіпсіз еңбек жағдайымен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлеміз.

Өкінішке орай, шектен шыққан жарақат алу жағдайлары болды:

2017 жылы «Транстелеком» АҚ 4 жазатайым жағдай болып: 1-еуі өліммен аяқталды, 2-еуі ауыр дәрежеде, 1-еуі жеңіл дәрежеде жарақат алған. Әр жазатайым жағдай бойынша заңнамамен талап етілгенге қосымша ішкі тексеріс жүргізілді, жазатайым оқиғалардың себептері анықталды, болашақта мұндай жағдайларға жол бермес үшін іс-шаралар жоспары әзірленді.

Аталған жазатайым оқиғаларға байланысты, келтірілген залалдарға өтемақы ретінде 9,3 млн. тг төленді.

Өндірістік жағдайлардың себептерін талдау қорытындысы бойынша, қайталадан жарақаттануды болдымайтын іс-шаралар әзірленді:

- жоғарыдағы, ЭТЖ жақын жұмыстарды орындауға қойылатын талаптарды, сондай-ақ қызметкердің еңбекке жарамдылығын ескеруді қамтитын қауіпсіздік бойынша нұсқаулық кеңсе қызметкерлеріне де өндірістік қызметкерлерге де өзекті етілді.
- «Транстелеком» АҚ еңбек қауіпсіздігі саласындағы негізгі даму бағыттары әзірленді:

  1. Жұмыстарды ұйымдастыруды жетілдіру (филиалдардың қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі инденерлерін орталық аппараттың қауіпсіздік және еңбекті қорғау Қызметіне тікелей бағыныштыетіп ауыстыру, қауіпсіздік және еңбекті қорғау Қызметінің штаттық кестесін көбейту, еңбек қауіпсіздігі саласындағы штатты қайта ұйымдастыру, еңбек қауіпсіздігі көрсеткіштерін топ-менеджерлердің уәждеме жүйесіне енгізу)

  2. Техникалық жабдықтауды жақсарту (ЭТЖ-нен ТТК байланыс желілерін күту Жоспары)

  3. Жұмыстарды автоматтандыру (электрондық наряд-рұқсат беру жобасын әзірлеу және енгізу)

  4. Қауіпсіздік және еңбекті қорғауды насихаттау (ашық сұқбаттасулар жүргізу, интерактивті қарым-қатынас, вебинарлар, БКБ, Оқытулар өткізу)

В целях улучшения системы безопасности и охраны труда и недопущения роста травматизма в Обществе намечен ряд первостепенных задач:

- Совершенствование обучения и пропаганда безопасности труда;
- Совершенствование организации работ;
- Улучшение технического оснащения;
- Автоматизация рутинной работы.

Қоғамның мақсаты – қауіпсіздік мәдениетін командалық рух деңгейіне дейін дамыту.

Компанияның құндылықтарына қосылатын және күн сайын компанияның стратегиялық мақсаттарына жетуіне оңтайлы салым салатын өндірістік персоналдардың әрекетін сапалы өзгерту арқылы тиімділіктің жаңа деңгейіне өтуге мүмкіндік бар.

Уровень травматизма



2017 жылғы өткізілген аттестация нәтижесі бойынша аттестация қорытындысы бойынша шараларға 64,7 млн. теңге игерілді, оның ішінде ас ішетін бөлмелер үшін құрал-жабдықтарды сатып алуға (электр шәйнегі, су қайнатқыш) 0,52 млн теңге, медициналық дәрі қобдишаларды, медкикаменттерді сатып алуға 2, 867 млн теңге жұмсалды.

2017 жылғы 12 ай үшін өндірістік нысандарды еңбек жағдайы бойынша аттестациялау қорытындысы бойынша «Транстелеком» АҚ СанПжН нормасымен рұқсат етілетін мөлшерге сәйкес келмейтін зиянды, ауыр және күш салатын еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлерінің саны 2016 жылғы **950 адамнан 2017 жылы 658 адамға дейін қысқарды.**

Шу деңгейі жоғары аймақта жұмыс істейтін қызметкерлер саны өзгеріссіз күйінде қалды: 136 адам.

2017 жылғы 9 айда діріл (вибрация) деңгейі жоғары аймақта жұмыс істейтін қызметкерлер саны 2016 жылмен салыстырғанда өзгеріссіз күйінде қалды (30 адам).

Есепті кезеңде жоғары газдалған аймақта жұмыс істейтін қызметкерлер саны да өзгеріссіз күйінде қалды, Павлодартранстелеком және Қызылордатранстелеком филиалдары бойынша 7 адам.

Өндірістік нысандарды аттестациялау қорытындысы бойынша температура режимі қолайсыз аймақта жұмыс істейтін қызметкерлер саны 108 адамнан 78 адамға қысқарды.

Қызметкерлердің жұмыс орындарын қысқарту есебінен (телефоншылар, телеграфшылар), күш түсіретін еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлер саны **444 адамнан 216 адамға дейін қысқарды.**

Еңбек жағдайын жақсарту бойынша кешенді іс-шараларды орындауға кеткен нақты шығындар 64,7 млн тг. құрады. 2017 жылғы 12 айына 63,97 млн тг. жоспарланған болатын. Шығындардың артуы СанПжН сәйкес жайлардың санитарлық-тұрмыстық жағдайын жақсартуға және жарықтандыруға кеткен шығындармен, сондай-ақ басшылар мен орталық аппараттың жауапты тұлғаларын оқытуға кеткен шығындармен байланысты.

Есепті кезеңде қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша 589 адам, оның ішінде 13 филиалдың басшылары, құрылымдық бөлімшелердің 162 жетекшілері оқыды.

Электр қауіпсіздігі бойынша 524 қызметкер, оның ішінде 15 филиалдардың жетекшілері, құрылымдық бөлімшелердің 98 жетекшілері оқыды.

Еңбек қауіпсіздігін оқытуды жетілдіру және насихаттау бойынша іс-шаралар өткізуге есепті кезеңде 7223 мың тг. жоспарланған, Есепті кезеңдегі нақты шығын 7239 мың теңгені құрады (0,2 % көп). Шығындардың артуы басшылар мен орталық аппараттың жауапты тұлғаларын оқытуға кеткен шығындардың 16 мың тг. көп болуына байланысты.

Есепті кезеңде «Еңбек қауіпсіздігі» 2 айлығы өткізілді. Оған Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері қатысты, жоспардан тыс тексерістер, жиналыстар өткізілді, қызметкерлер оқытылды.

Сатып алуларды ұйымдастыру

«Транстелеком» АҚ-да тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Директорлар кеңесінің 28.01.2016 жылғы № 126 шешімімен бекітілген, «Самұрық-Қазына» АҚ-на акцияларының елу және одан да көп пайызы (қатысу үлесі) тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдармен және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамымен Тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алулар ережелерімен (бұдан әрі – Ереже) регламенттеледі.

Сатып алуларды басқару

Материалдық ресурстардағы қажеттілік қызметтік және өндірістік қажеттілікке байланысты, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің жасаған өтініштері бойынша, Қоғамның өндірістік бағдарламасының және (немесе) инвестициялық бағдарламасының және (немесе) бюджетінің және (немесе) дамыту жоспарының және (немесе) бизнес-жоспарынңың және сатып алулар жоспарының негізінде белгіленеді.


Тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің баға нарығын зерттеу аясында «Транстелеком» АҚ сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің объективті нарықтық бағасын анықтауға және «Самұрық-Қазына» АҚ үлгісіне сәйкес ТЖҚ БНА кодтарын сәйкестендіру мен стандарттауға мүмкіндік беретін, «ҚТЖ» ҰК» АҚ сатып алу бағасы департаментіне сұраным жіберіледі;

Жеткізушіні таңдау Ережемен регламенттелетін, өткізілген сатып алу процедураларының нәтижесі бойынша анықталады.

Ережеге сәйкес, тендер немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен жеткізушілерді таңдау бойынша сатып алу процедуралары http://tender.sk.kz веб-сайтында орналасқан, электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесінде өткізіледі.

Бір көзден алу тәсілімен сатып алу бойынша жеткізушілерді таңдау процедуралары сапалы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді, оңтайлы қолайлы бағаны және адал бәсекелестікті есептеумен сатып алу мақсатында маркетингтік зерттеулер жүргізу арқылы өткізіледі.

Сатып алудың жылпы көлемі



75% орындалған жұмыс бойынша


15% Көрсетілген кызмет бойынша

10% Сатып алынған тауарлар бойынша

2017 жылы Қоғамның жалпы сатып алу көлемі 44 369 297,73 мың теңгені құрады, оның ішінде тауарлар 4 424 142 мың теңгеге, жұмыстар 33 492 341 мың теңгеге және қызметтер 6 452 815 мың теңгеге сатып алынды.

2017 жылғы «Транстелеком» АҚ сатып алудағы жергілікті қамту

«Транстелеком» АҚ 2017 жылғы сатып алуындағы жергілікті қамту, пайызға шаққанда



Жергілікті қамту жалпы сатып алу көлемнің 77 % құрады, оның ішінде:

сатып алынған тауарлар бойынша – 17 %,

орындалған жұмыстар бойынша – 83 %

көрсетілген қызметтер бойынша – 82 %.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесіне мониторинг жүргізу Қордың уәкілетті органының http://www.kmks.kz. веб-сайтындағы сатып алу мәселелеріне арналған «Сатып алудағы қазақстандық қамту мониторингінің картасы» порталында жүзеге асырылады.

«Транстелеком» АҚ сатып алуларындағы жергілікті қамтуды ұлғайтуға бағытталған, іс-шаралар бағдарламасы келесі бағыттарды қамтиды:

- Ұзақ мерзімді шарттарды жасасу;
- Барлық әлеуетті жеткізушілерге Холдингтің мүгедектер ұйымдары Тізілімінде тұрған (жеке тұлғалар-кәсіпкерлік қызметті жүзе асыратын мүгедектер) мүгедектер ұйымдарын қолдау (жеке тұлғалар-кәсіпкерлік қызметті жүзе асыратын мүгедектер) шартымен сатып алу процесіне қатысу үшін бірдей мүмкіндік беру;
- тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қажеттілігіне сәйкес кәсіпкерлерді ақпараттандыру;

Тұтастай алғанда «Транстелеком» АҚ сатып алу қызметін оңтайландыру, жергілікті өндірушілерді дамыту және стратегиялық мақсаттарға жету үшін қажетті барлық іс-шараларды жасайды.

Қоршаған ортаны қорғау

Экологиялық бастамалар және қоршаған ортаны қорғау тәсілдемесі

«Транстелеком» АҚ табиғатты қорғау қызметі қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне және басқа да қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

«Транстелеком» АҚ өз қызметімен қоршаған ортаға тікелей зиянын тигізбейді және экология тұрғысынан ықтимал қауіпті салаларда бизнес жүргізбейді. Дегенмен Қазақстанның барлық өңірлерінде жұмыс істейтін, телекоммуникация және IT-технология нарығындғы жетекші ойыншы ретінде Компания үшін қызметтің энерготиімділігін ұлғайту, ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту бойынша міндеттер өзекті деп түсінеміз.

Кез келген қызметті жүзеге асыру кезінде экологиялық фактордың маңыздылығы мен артықшылығын түсінеміз және болашақ ұрпақтар үшін салауатты өмірді қамтамасыз етуге өз үлесімізді қосамыз. Жоғары технологиялы телекоммуникациялық оператордың барлық артықшылықтарына ие бола отырып, біз қоғамға энерготиімділікті ұлғайту, атмосфераға парниктік газдарды шығаруды азайту және ресурстардың шығындарын қысқарту бағыттарында жұмыс жасауына көмектесу үшін барлық алғышарттар мен жағдайларға иеміз.

2017 жылы қоршаған ортаны қорғау ұлттық заңнамалар мен қабылданған халықаралық міндеттемелердің талаптарын қадағалауға бағытталып құрастырылған және бекітілген стандарттар, ережелер және нұсқамалардың шеңберінде қамтамасыз етілді. «Транстелеком» АҚ қоршаған ортаға өзінің ықпалын ықшамдап отыруға ұмтылады және сол ықпалды басқару бойынша неғұрлым заманауи технологияларды қолданады.

Қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін жетілдіру мақсатында қоғамдық үдерістің барық кезеңдерінде экологиялық жауапкершілікті жоғарылату үшін Қоғамда экологиялық менеджменттің халықаралық стандарттары (ЭМС) ISO 14001 және энергетикалық менеджмент стандарттары (ЭнМС) ISO 50001 енгізілді.

Табиғатты қолдану және қоршаған ортаны қорғау басқармасымен экологиялық заңнаманы, Қоғамның ЭМС талаптарын жүзеге асыру айқындалады, осы жағдайға сәйкес бұл сала: табиғи ресурстармен иелік ету, табиғи ресурстардың тиімді пайдалануын және ұдайы өндірісті қамтамасыз ету жөнінде, қоршаған ортаны сақтау жөнінде, экологиялық құқықтары мен физикалық және заңды тұлғалардың заңды қызығушылықтарын қорғау жөнінде қарастырады.

Қоғам филиалдары басшыларының бұйрығы негізінде экологиялық қауіпсіздік және оны пайдалану бойынша жауапты қызметкер тағайындалады.

ЭМС жұмыс жағдайында сақтау үшін, сонымен қатар оның нәтижелігін тұрақты жақсарту үшін ЭМС бойынша ішкі нормативтік құжаттар дайындалды:

- Экологиялық аспектілерді сәйкестендіру және бағалау (бұдан әрі – ЭА);
- ЭА реестрі;
- Маңызды ЭА реестрі;
- Нормативтік талаптар реестрі;
- Экологиялық менеджмент аясындағы мақсаттар, тапсырмалар және бағдарламалар;
- ЭМС бойынша басшылық.

Қоғам 2017 жылғы 26 қыркүйекте қоршаған ортаны қорғау саласындағы ISO 14001 стандартына сәйкес қызметін қайта сертификаттаудан өтті.

Қоғам басшылығы Экология аясындағы саясатты жүзеге асыру жауапкершілігін алып отыр, міндеттемелерді қабылдап, экологиялық менеджмент жүйесі нәтижелігін әрдайым жоғарылатып және Қоғамның әрбір жұмыскері орнатылған экологиялық заңнама талаптары мен нормаларын пайдалану үшін дербес жауапкершілікті атқаратындығы куәландырылады. Қоғам өзінің телефонды және телеграфты байланыс қызметін, IP телефония қызметін; телекоммуникация қызметтерін; байланыс желілерін құру және оны пайдалануды ұсыну аясындағы әрекетін жүзеге асыра отырып, Қоғам әрекетінің қоршаған ортаға әсер ететінін аңғарады. Директорлар кеңесімен қарастырылған сұрақтар тізімі. Директорлар кеңесі отырысында қарастырылатын мәселелерге компания құрылымын бекіту барысында; қауіп-қатерді басқару бойынша есепті бекіту барысында қоршаған ортаға жағымсыз әсерді төмендету, қауіп-қатерді азайту бойынша бағдарламаны бекіту; ішкі құжаттарды бекіту, мысалы: өзекті көрсеткіштер әрекетінің әдістемесі жатады.

Қоғам экология саласындағы мақсаттарына жету үшін:

- Қоғамның, қаланың және аймақтың экономикалық, экологиялық және саяси қызығушылықтарына негізделген принципімен Қоғамның даму стратегиясын дайындау барысында қолдану;
- Қоғамның экологиялық менеджмент жүйесін өзінің қызметі саласында ерекшелікті құрайтын маңызды ретінде қарастырып, ИСО 14001:2004 МС талаптарына сәйкес қолдау және үздіксіз жетілдіру;
- табиғат қорғау әрекетіне қажетті ресурстарды бөлу тәсілі арқылы қоршаған ортаның барлық жағымсыз түрлерінің алдын алу және оларды азайту, қоршаған ортаға жағымсыз әсерлерді азайту бойынша іс-шараларды құрастыру және енгізу;
- потенциялдық апатпен және апаттық жағдайлармен байланысқан қоршаған ортаның ластануы қаупін азайту;
- жеткізушілерден тауарлар мен қызметтерді сатып алу барысында экологиялық көрсеткіштерді қадағалау;
- қалдықтарды қайта өңдеу немесе кәдеге жарату, тастау және жинау, жою барысында тазалау үшін жобаны жүзеге асыру барысында заманауи, тиімділігі жоғары құрылғыларды пайдалану;

- табиғат қорғау әрекетін және де экологиялық көрсеткіштердің үзіліссіз жақсарып, дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның экологиялық менеджмент жүйесінің ішкі аудитін жүзеге асыру;
- тараптармен Қоғам әрекетімен байланысқан, экологиялық мәселелер бойынша барлық қызығушылық танытқан тараптарға ашық түрде ақпаратты жариялай отырып, билік орындарымен, тұрғындар және қоғамдық ұйымдармен сындарлы диалог орнатуға ұмтылу;
- Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын және осы экология саласындағы Саясаттың талаптарына сәйкес жұмыс орындарында оның сақталуын қамтамасыз ету үшін Қоғам басшылары мен қызметкерлерінің қоршаған орта саласындағы біліктілігін үнемі арттыру;
- Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес әрекет ету.

Экологиялық талаптарға сәйкестілігі

Қоғамның барлық филиалдарында ШРШ нормативтерінің жобасы әзірленген, қоршаған ортаның эмиссиясына, атмосфералық ауаға ластанған заттардың шығарылу лимиті, 2017 жыл үшін қоршаған орта эмиссиясы үшін төлем декларациясына рұқсаты бар. Өндірістік экологиялық қадағалау бағдарламасы және 2017 жылға қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары дайындалды.

Үйғарушы қадағалаушы органдардан 2016-2017 жылдар мерзімі үшін шағымдар мен наразылықтар келіп түскен жоқ.

2017 жыл үшін экологиялық заңнаманың сақталмауы үшін салынған айып санкциясы және басқа да бейқаржылық санкциялар жоқ.

Энергетикалық ресурстарды және энергияны үнемдеуді қолдану

Телекоммуникациялық компанияның қызметі қоршаған ортаға ешқандай кері әсер етпейді. Қоғам кеңселеріндегі жұмыстар нәтижесінде пайда болған қалдықтар, компанияның автокөліктерінен атмосфераға тасталған қалдықтар, су нысандарына ластаушы заттарды тастау шамалы кері әсер етуі мүмкін. Бірақ «Транстелеком» АҚ барлық нысандары – кеңселік ғимараттар, сату кеңселері және байланыс орталықтары – электр энергиясын тұтынады. Сондықтан комапния үшін негізгі міндеттердің бірі электр энергиясын тұтынуды төмендету, сондай-ақ энерготиімділікті технологияны енгізу болып табылады, Қоғам энерго үнемдеу және энерготиімділікті арттыру Бағдарламасын енгізеді. Бағдарлама аясында энергетикалық ресурстарды тұтынуға, телекоммуникация саласында қолданылатын үздік тәжірибені анықтауға, энерготиімділікті ұлғайтуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруды жоспарлау және мониторинг жүргізілді.

Қоғамның энерго үнемдеу саласындағы маңызды басымдылығы энергетикалық нәтижелікті жоғарылату мен энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану болып табылады.

ЭнМС бұдан әрі дамыту және жақсарту мақсатында ішкі нормативтік құжаттар дайындалып, бекітілген:

- 2015-2017 жылдар үшін Қоғамның Энергетикалық саясаты;
- Энергетикалық тиімділікті арттыру аясындағы мақсаттар және тапсырмалар;
- 2015-2020 жылдарға энергетикалық мақсаттар мен тапсырмаларға жету бойынша іс-шаралар жоспары;
- Энергетикалық талдау, мониторинг және энергетикалық тиімділікті есептеу әдістемесі;
- Энергияны (тұтыну) дұрыс пайдалану реестрі;
- Энергияны пайдалануға қатты әсер ететін энергетикалық құрылғылардың тізімдемесі;
- Энергоменеджмент саласындағы заңнамалық және басқа талаптардың реестрі;

2016 жылы Қоғамда «Русский Регистр» (20.05.2015жылғы № 154-1/10 шартқа сәйкес) сертификаттау бойынша Ассоциациясымен ЭнМС сертификаттау аудиті жүргізілді және ISO 50001:2011 (12.08.2015 ж. № 15.0975.026 сертификат) стандарт талаптарына сәйкес деп танылды.

Транстелеком»АҚэнергетикалықсаясатыныңбастыбағыты – энергетикалық нәтижелікті арттыру, тұтынушылардың талаптары мен үмітін қанағаттандыратын жоғары сапа деңгейінде қызмет түрлерін ұсыну, қуатты үнемдеу және қуат нәтижелігі аясындағы барлық заңнама талаптарын сақтай отырып, энергияның жұмсалуы мен оның өндірісінің тиесілі көрсеткіштерін төмендету.

Қоғам энергетикалық талдау жүргізді

Қоғамның энерготұтыну ерекшелігі компанияның өндірістік және әкімшілік қажеттіліктері үшін электрлік, жылу энергиясын тұрақты пайдалануға қабылдау қажеттілігі болып табылады. Сондай-ақ энергияның барлық түрлері энергетикалық тиімділікті жақсарту үшін мүмкіндік береді.

Қоғам филиалдарының энергетикалық жабыдықтар тізімінде ұсынылған деректері бойынша энергияны пайдалануға елеулі әсер ететін жабықтар мен персонал анықталды:

1. кондиционерлер мен телекоммуникациялық жабдықтың электрмен қуаттаушы құрылғылары (1 кесте);

2. әкімшілік-шаруашылық бөлімінің қызметкерлері, Қоғам филиалдарының сапа менеджменті жүйесінің, ОА «Шаруашылықты қамтамасыз ету» бағытының, «Телекоммуникациялық желілерді басқару» бағытының мамандары.

Сондай-ақ энергияны айтарлықтай пайдалану режиміне жанама әсере ететін – ауа райы.


Филиалдардың энергетикалық жабдықтар деректері

№	Филиалдар	Жинақталған номинальная қуаты, кВт	
		Кондиционерлер	ЭҚҚ
1	Ақтөбе	298,2	259,3
2	Алматы	721,1	214,3
3	Астана	552,2	873,5
4	Атырау	296,2	222,3
5	Қарағанды	344,7	158,6
6	Көкшетау	102,9	246,1
7	Қостанай	78,4	102,3
8	Қызылорда	221,5	101,3
9	Жамбыл	233,4	172,1
10	Өскемен	96,8	100,5
11	Павлодар	85,3	105,4
12	Семей	172,5	198,2
13	Шымкент	328,5	97,8
	Жиыны:	**3531,7**	**2851,7**

2015-2017 жылдардағы «Транстелеком» АҚ ОЭР тұтынуы

Көрсеткіштер атауы	Өлш.бір.	2015 12 айда	2016 12 айда	2017 12 айда
Тауарлық өнімнің валдық көлемі (ТӨВ)	млн. тг.	**22 587,65**	**27 368,828**	**71 022,449**
Электр энергиясын тұтыну көлемі	млн. кВт.ч	9,723	10,383	10,072
Электр энергиясын сатып алуға кеткен шығынның көлемі	млн. тг.	163,394	179,178	176,702
э/энергиясына орташа сатып алу тарифі	тг./кВт.ч	16804,31	17,26	17,54
Жылу энергиясын тұтыну көлемі	мың. Гкал	4,48235	3,951	4,586
Жылу энергиясын сатып алуға кеткен шығынның көлемі	млн. тг.	34,796	31,371	37,64
ж/энергиясына орташа сатып алу тарифі	тг./Гкал	7762,9	7940,78	8208,35
Моторлық жанармайды тұтыну көлемі	т.н.т.	567,69	623,790	648,595
Моторлық жанармайды сатып алуға кеткен шығынның көлемі	млн. тг.	71,297	91,198	113,532
Моторлық жанармайды орташа сатып алу тарифі	тг./т.н.т.	125 591	146 201	175 043
Дизельдік отынды тұтыну көлемі	т.н.т.	178,554	163,102	138,707
Объем затрат на покупку дизельного топлива	млн. тг	20,843	18,579	20,455
Дизельдік отынды орташа сатып алу тарифі	тг./т.н.т.	116 730	116 730	47 469

ОЭР түрлері бойынша шығындар үлесі (%) теңгеде




Энергетикалық тиімділіктің негізгі индикаторы (энергетикалық нәтижеліктің көрсеткіші) болып К1мес и К1нак көрсеткіштері қабылданған, тиісінше қарастырылған ай үшін және жылдың басынан жинақталғанымен қоса отын-энергетикалық ресурстарды сатып алуға кеткен шығындар теңгеде, табыс теңгеде көрсетілген. Бұл көрсеткіш пайыз (%) болып белгіленеді және табыстың қандай үлесін отын-энергетикалық ресурстарға кеткен шығындар алатынын көрсетеді.

6.3-12-01 Ф ЖН сәйкес, Қоғам филиалдарынан әр талданған жыл үшін энергетикалық тиімділіктің индикаторы К1нак бойынша деректері

Р.с.	Ұйымның атауы	Энергетикалық тиімділіктің Т индикаторы, $К1_{нак, \%}$		
		2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
1	Ақтөбетранстелеком	1,68	1,73	1,8
2	Алматытранстелеком	4,14	3,26	3,2
3	Астанатранстелеком	1,08	1,02	0,76
4	Атыраутранстелеком	2,22	2,48	2,25
5	Жамбылтранстелеком	2,24	2,42	2,54
6	Қарағандытранстелеком	2,58	2,77	2,52
7	Көкшетаутранстелеком	2,89	3,1	3,2
8	Қостанайтранстелеком	2,17	2,77	2,52

Р.с.	Ұйымның атауы	Энергетикалық тиімділіктің Т индикаторы, $К1_{нак, \%}$		
		2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
9	Қызылордатранстелеком	1,54	1,76	1,89
10	Өскементранстелеком	1,83	2,52	2,86
11	Павлодартранстелеком	1,87	2,13	2,16
12	Семейтранстелеком	1,66	1,75	1,54
13	Шымкенттранстелеком	3,61	3,67	3,51
14	Транстелеком АҚ	**1,29**	**1,17**	**0,49**

ОЭР табысқа шығыңы,%



Атауы	Өлш. бір	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	Айырма (+/-) 2017 ж./2015ж.	Ауытқу (%) 2017 ж./2015 ж.
Жинақтар бойынша шығындар	теңге	290 329 308	320 326 586	348 330 054	58 000 746	19,98
Жинақтармен (кіріс) тауарлық өнімдердің валдық көлемі (ТӨВ)	теңге	22 587 645 040	27 368 828 000	71 022 449 000	48 434 803 960	214,43
Индикатор, К1 нак		1,29	1,17	0,49	0,49	-61,84


Кестеден көрсетілгендей, 2017 жылы ОЭР сатып алуға кеткен шығындар мен «Транстелеком» АҚ табысы 2015 жылмен салыстырғанда тиісінше 19,98 % және 214,43 % өскен.

2017 жылы Қоғам бойынша энергетикалық тиімділіктің индикаторы 2015 жылмен салыстырғанда 61,84% азайған.

Көлемі бойынша ОЭР тұтынудың өзгеру динамикасы

ОЭР түрлері	Өлш. бірлігі	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл	2017ж./ 2015ж. (+/-) айырмашылық	2017ж./ 2015ж. (%) ауытқушылық
Электр энергиясы	кВт*ч	9 723 331	10 383 117	10 072 138	348 807	3,59
Жылу	Гкал	4 482	3 951	4 586	104	2,31
Диз. отын	тонн	178 554	163 102	138 711	-39 843	-22,31
Бензин	тонн	567 690	623 790	648 595	80 905	14,25

ОЭР түрлері



Энергетикалық нәтижеліктің жақсару мүмкіндігі келесі үш жыл ішінде 2015 жылы базалық қуат тұтынуынан 3 % -дан артық мөлшерді құрайды.

Болашақта электр энергиясын тұтыну жаңа жобалардың жүзеге асуына байланысты өсіп отырады. 2017-2020 жылдарға аппаратты-бағдарламалық кешеннің, темір жол торабы бойымен байланыс платформасының құрылысы жоспарланып отыр.

2018 жылы «Транстелеком» АҚ қосымша белсенді құрылғысының орнатылуы көзделген «Соңғы шақырым» жобасын жүзеге асыруды жалғастыру жоспарлануда.

Аталмыш жобалар бойынша телекоммуникациялық құрылғының тұтынатын қуаты алдын ала есептемелер бойынша жылына шамамен 2 443 154 кВт құрайтын болады.

Зиянды заттардың атмосфераға шығарылуы мен климаттың өзгеруі

«Транстелеком» АҚ тұрақты даму принциптерін басшылыққа ала отырып, зиянды заттардың атмосфераға шығарылу мөлшерін қадағалау мен оны азайтуға ерекше көңіл аударады. Компанияның барлық кәсіпорындары өндірістік әрекет шеңберіне сәйкес рұқсаттама алады, сонымен қатар қадағалау органдарына жылдық негіз бойынша статистикалық ақпаратты ұсынады.

2016 жылмен салыстырмалы түрде 2017 жылы зиянды заттардың атмосфераға шығарылуының жалпы көлемі азайды және 733,19 тоннаны құрады.

Филиалдар	2015 жыл		2016 жыл		2017 жыл	
	нақты көлемі	сома	нақты көлемі	сома	нақты көлемі	сома
ОА	3,64	2 378,53	3,76	2 632,00	3,90	56 740,00
Астана	55,69	44 470,00	59,12	71 569,00	40,32	41 076,00
Алматы	134,02	225 616,39	114,75	212 155,00	165,56	178 612,00
Ақтөбе	58,77	74 339,00	66,80	92 608,00	63,09	93 753,00
Атырау	21,75	28 450,00	25,67	35 931,00	35,95	54 140,00
Жамбыл	21,93	90 468,00	67,87	103 795,00	68,42	113 405,00
Қарағанды	62,23	65 180,03	65,77	73 970,00	60,57	72 643,11
Қостанай	25,89	25 870,00	36,30	40 638,00	38,07	113 405,00
Көкшетау	62,12	53 268,00	68,79	62 648,00	68,92	67 730,00
Қызылорда	41,25	53 749,00	44,02	65 430,00	41,20	65 537,00
Өскемен	17,59	23 009,00	30,05	42 072,00	33,27	50 005,00
Павлодар	34,48	45 108,00	39,95	55 924,00	46,01	68 951,00
Семей	37,31	48 806,00	38,50	53 898,00	33,75	50 549,00
Шымкент	34,62	45 292,00	33,96	48 372,00	34,16	51 936,00
ТПЖД	74,32	63 833,00	62,81	61 821,00	0,00	0,00
	685,61	**889 836,95**	**758,12**	**1 023 463,00**	**733,19**	**1 013 873,11**

Компанияның қызметі жануарлар әлемі мен өсімдіктер әлеміне зиянды әсер тигізбейді. Компанияның объектілері ерекше қорғалатын табиғи аймақтардағы мемлекеттік ұлттық табиғи саябақтар немесе қорықтар аумағында орналасқан жоқ.

Ресурсты үнемдеу

Компания жыл сайын Компанияның бөлімшелері мен филиалдарындағы ресурстарды, атап айтқанда су және қағазды ақылға қонымды пайдалану арқылы өз қызметін табиғатқа әсерін төмендете беруді жалғастырады.

Электронды құжат айналымы жүйесі мен электронды қызметтік жазбаларына байланысты, қағазды тұтынуды азайту. Сонымен қатар, электронды құралдарды қағаздың орнына күнделікті жұмыста қолдануға, сондай-ақ басып шығару және көшіру құралдарының барлық баптауларын үнсіздік бойынша үнемді жұмыс режимінде пайдалануға шақырамыз.

Қоғамдағы адамдардың қоршаған ортаға асқан жауапкершілікпен қарауы үшін Компания экологиялық мәдениетті дамытуда. Компания жергілікті бірлестіктер өкілдерінің табиғатқа жауапкершілікпен қарым-қатынас жасау және табиғатты сақтауға, оны үйренуге және қалпына келтіруге бағытталған экологиялық бастамаларын белсенді түрде қолдайды. «Транстелеком» АҚ қызметкерлері аумақты абаттандыру, көшет отырғызу және тазалау бойынша жобаларға еріктілер ретінде қатысады: жыл сайын сәуірде біздің мыңдаған қызметкерлеріміз қатысатын сенбілік өтеді.



07

Корпоративтік басқару

Компанияның Директорлар кеңесі мен атқарушы органы акционерлердің, инвесторлардың және басқарушылардың мүдделерінің балансын сақтай отырып, компанияның табысты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған тиімді корпоративтік басқаруды қалыптастырады.

Корпоративтік басқарудың негізгі принциптері

Компанияны басқару құрылымы

Қоғамның Директор кеңесінің есебі

2017 жылғы Директорлар кеңесінің қызметі

Директорлар кеңесі Комиттерінің қызметі

2017 жылғы Корпоративтік хатшының қызметі туралы есеп

Басқарудың атқарушы органдары

2017 жылғы Қоғам Басқармасының отырыстары

Ішкі аудит қызметі

Мүдделердің дауларын реттеу

Коррупцияға қарсы қызмет. Этика және адамгершілік

Этикалық принциптер және құндылықтар

Тәуекелдерді басқару

Сапаны басқару

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі



Орынбасаров Бауыржан Пазылбекұлы



Әлиев Нұрәлі Рахатұлы



Исекешев Ерлан Орынтайұлы



Баймырзаұлы Аскар



Мұханов Марлен Сәбитұлы



Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәримұлы



Хекстер Давид Ричард

Қоғам Басқармасының құрамы



Надыров Жанболат Орақұлы



Адайбеков Елнар Русланұлы



Канапин Айдос Магауияұлы



Жексембеков Данияр Тахирұлы



Байтуғанов Сакен Мадиханұлы

11

2017 жылы «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 11 мәжілісі өткізілді



Директорлар кеңесі Компанияның Мәскеуде, Ресей Федерациясында және Беларусь Республикасындағы өкілдіктерін ашу туралы шешім қабылдады

25

2017 жылы Басқарманың 25 мәжілісі өткізілді 01 мәселелер қарастырылып, сол бойынша шешімдер қабылданды



2017 жылы «Транстелеком» АҚ филиалдарының тиімділігін бағалаудың геймификация жүйесі қолданысқа енгізілді

Компаниядағы корпоративтік басқару туралы жалпы ақпарат

Компанияның Директорлар Кеңесі және атқару органы акционерлердің, инвесторлардың және менеджменттің мүддесін сәйкестендіру кезінде сәтті дамуды қамтамасыз ететін тиімді корпоративтік басқару жүйесін жасайды.

2016 жылы орта мерзімді 2016-2017 жылдарға арналған «Транстелеком» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру Бағдарламасы бекітілді. Бағдарлама іс-шаралары Директорлар кеңесінің, Корпоративтік хатшының, атқарушы органның, Ішкі аудит, тәуекелдерді басқару қызметтерінің әрекеттерін және тұрақты даму мен ашықтықты жетілдіруге бағытталған.

Дамудың негізгі курсы шеңберінде корпоративтік басқару принциптерін енгізу кезінде Компания қызметін жетілдіру және ашықтығын қамтамасыз ету бойынша біршама жұмыстар жасалды.

Компанияда бұзушылықтар туралы мәліметтерді жинау және құпия түрде қарау механизмі жұмыс істейді. Жедел желі «Транстелеком» АҚ қызметкерлері тарапынан белгілі болған жемқорлық, алаяқтық, кемсітушілік, сондай-ақ басқа да Қазақстан Республикасы заңнамаларының нормаларын бұзу фактілері туралы ақпараттарды құпия хабарлауға мүмкіндік береді.

Корпоративтік басқарудың негізгі принциптері

2016 жылғы 4 тамызда «Транстелеком» АҚ акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімімен бекітілген (№1 хаттама), Қоғамның корпоративтік басқару Кодексіне (бұдан әрі-Кодекс) сәйкес, Қоғамды корпоративтік басқару акционерлердің заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау және сыйлау принципіне негізделген және Қоғамның тиімді жұмыс істеуіне, оның ішінде Қоғамның активін және Қоғамның қаржылық тұрақтылығын және табысын арттыруға ықпал етеді.

Кодекстің негізгі принциптері болып:

- ✓ Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау приципі;
- ✓ Қоғамды директорлар Кеңесі мен Басқарманың тиімді басқару принципі
- ✓ Қоғамның өзіндік қызметінің принципі;
- ✓ Қоғамның жұмысы туралы ақпараттың ашықтығы және обьективтілігі принципі;
- ✓ Заңдылық және этика принципі,
- ✓ Дивиденд саясатының тиімділік принципі;
- ✓ Тиімді кадрлар саясатының принципі;
- ✓ Қоршаған ортаны қорғау принципі;
- ✓ Корпоративтік дау-дамайлар мен мүдделердің келіспеушілігін реттеу саясаты;
- ✓ Жауапкершілік саясаты.

Осылайша, Қоғам акционерлерге менедмент жұмысын тиімді басқару және мониторинг жүргізу мүмкіндігін беретін және инвестициялық тартымдылықты арттыруға ықпал ететін халықаралық корпоративтік басқару стандартына толық сәйкес жұмыс жүргізеді.

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру

В целях совершенствования системы корпоративного управления АО «Транстелеком» Обществом, проведена диагностика корпоративного управления.

«Транстелеком» АҚ корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру мақсатында, Қоғамда корпоративтік басқару диагностикасы жасалды. Диагностика Компанияның корпоративтік басқару жүйесін диагностикалау нәтижесі бойынша, корпоративтік басқару деңгейінің ең озық әлемдік тәжірибеге сәйкестігі туралы Есепке сәйкес, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат» АҚ тобының компанияларында корпоративтік басқаруды диагностикалау Әдістемесіне сәйкес жүргізілді, Қоғамды корпоративтік басқару деңгейінің ең озық әлемдік тәжірибенің талаптарына сәйкестік рейтингі 41,2 % құраған.

Компанияны корпоративтік басқаруды диагностикалау нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздікті жою бойынша ұсыныстарды орындау, сондай-ақ Компанияның корпоративтік басқару жүйесін әрі қарай жетілдіру мақсатында, Қоғам басқармасының шешімімен 2016-2017 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша іс-шаралар Жоспары бекітілді.

2017 жылы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды іс-шаралар:

- ✓ Қоғамның даму Стратегиясы бекітілді;
- ✓ Қоғамның ішкі құжаттарын өзекті ету және бекіту: Жарғыға өзгеріс енгізу, ДК туралы Ереже, «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің аудит жөніндегі Комитеті туралы ереже, Басқарма туралы ереже, Бюджет комитеті туралы ереже, ІАҚ туралы құжаттар пакеті, дивидент саясаты туралы Ереже, Салық есебі саясаты, ақпараттық саясат және т.б.;
- ✓ Директорлар кеңесінің мүшелері үшін Қоғамның Директорлар кеңесі отырыстарында электрондық дауыс беру мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- ✓ Басқарма мен Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйлықақысы туралы ақпаратты ашу;
- ✓ Корпоративтік интернет-сайтта ақпараттарды уақытылы беру;
- ✓ «Комментарий менеджмента» ХҚЕС Нұсқаулығына сәйкес, қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы Компанияның есебі.

Жасалуына қызығушылық танытылатын келісімдер

Жасалуына қызығушылық танытылатын келісімдер, ҚР «Акционерлік қоғамдар» туралы Заңының 71 бабымен реттеледі. Заңның талаптарына сәйкес, жасалуына акционерлер, Директорлар Кеңесі немесе атқару органдарының мүшелері мүдделі келісімдерді Директорлар кеңесі немесе акционерлердің жалпы жиналысы мақұлдайды.

Қоғамның жарғысының 16 бабы 94 тармағының 22 тармақшасына сәйкес, Директорлар Кеңесінің ерекше құзіретіне ірі келісімдер және жасалуына Қоғамның мүддесі бар келісімдерді жасау туралы шешім қабылдау және жасалуына Қоғамның мүддесі бар келісімдер мен жасалған ірі келісімдер туралы тоқсан сайынғы есепті қарау кіреді.

2009 жылы 27 сәуірдегі «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген жасалуына ҚР «Акционерлік қоғамдар» туралы Заңымен ерекше талаптар қойылатын, «Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін мекемелер арасында келісім жасау Ережесінің 10 тармағына сәйкес (№ 18 хаттама), тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу аясында, Келісімдер ҚР «Ұлттық әл-ауқат Қоры» туралы Заңының 19 бабына сәйкес, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар Кеңесі бекіткен тәртіп бойынша жасалады.

Мысалы Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат Қоры» туралы Заңының 19 бабына сәйкес, Қор және Қорға акцияларының елу және одан көп (қатысу үлесі) пайызы тікелей және жанама жататын ұйымдармен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу Қордың Директорлар Кеңесі бекіткен Ережеге сәйкес жүргізіледі.

Компания жасалуына мүддесі бар келісімдерді анықтап және олардың жасалуын бақылап отырады.

ҚР «Акционерлік қоғамдар» туралы Заңының 79 бабының 2-2 тармағына және 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді орналастыру қағидасына сәйкес, Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында ақпараттарды орналастыру тәртібін бекітті.

Есептілікті тапсырудың біріңғай жүйесі арқылы Компания корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты таратады.

2017 жылы Қоғаммен жасалуына қызығушылық танытылатын келісімдер тізілімі Компанияның www.ttc.kz вебсайтындағы «Келісімдер туралы ақпарат» бөлімінде орналасқан

Ірі келісімдер


Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 17 наурыздағы шешімімен (№2/2017 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Байланысты басқарудың бас орталығы» филиалымен қызметтер көрсету шарттар жасасу арқылы 2 ірі келісім жасалды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 18 мамырдағы шешімімен (№3/2017 хаттама) «Grand Telecom» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну туралы ұзақ мерзімді шарт жасасу арқылы ірі келісім жасалды.

Компанияны басқару құрылымы

«Транстелеком» АҚ Жарғысына сәйкес, Компанияның басқару органы:

- Акционерлердің жалпы жиналысы-Компанияның жоғары басқару органы;
- Компанияны стратегиялық басқаруды жүзеге асыру үшін Компания акционерлерінің жалпы жиналысында сайланатын Директорлар кеңесі;
- Компанияны жедел басқаруды қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның директорлар кеңесі тағайындайтын Басқарма болып табылады.



Акционерлер туралы ақпарат

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы №280 «2014-2016 жылдарға жекешелендірудің кешенді жоспарын бекіту туралы» Қаулысына сәйкес, «Транстелеком» АҚ бәсекелес ортаға жекешелендіруге және меншіктен шығаруға жататын компаниялардың қатарына кірді. 2015 жылғы 12 мамырда М.С. Мұқанов пен «ҚТЖ» ҮК» АҚ арасында «Транстелеком» АҚ акциялар пакетінің 49% сату-сатып алу шартына қол қойылып, ол 2016 жылғы 16 маусымда күшіне енді. 2017 жылғы 31 желтоқсандағы құнды қағаздарды ұстау тізіліміне сәйкес, «ҚТЖ» ҮК» АҚ – 51 %, М.С. Мұқанов – 49 % акциялар пакетіне ие.«Транстелеком»АҚ бәсекелестік ортадағы жекешелендіруге және иеліктен шығаруға жататын компаниялар тізіміне енді. 2015 жылғы 12 мамырда «ҚТЖ»ҮК» 2015 жылғы –

Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғары басқару органы болып табылады. Компанияның Жарғысына және қолданыстағы ҚР заңының нормаларына сәйкес, акционерлердің қатысуы бірқатар маңызды корпоративтік шешімдер қабылдау үшін қажет.

ФигураФигураФигураАкционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Компанияның http:// www.ttc.kz//.... веб сайтында танысуға болатын «Акционерлердің жалпы жиналысы туралы Ережеде берілген.

Жылдық Акционерлердің жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес айдан кешіктірілмей өткізілуі тиіс. Аталған мерзім есеп беру кезеңінде Қоғам жұмысына аудит жасау аяқталмай қалған жағдайда 3 айға дейін созылуы мүмкін.

2017 жылы Акционерлердің жалпы жиналысы 31 тамызда өткізілді.

Қоғам директорлар кеңесінің есебі

Директорлар кеңесінің құрамы

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қағидасы Директорлар кеңесін тиімді басқару принципін жүзеге асыру үшін 2016 жылы әзірленді және бекітілді. Директорлар кеңесінің қағидасы Директорлар кеңесінің құрамын, құрау тәртібін және қызметін, дәрежесін және оның Компанияның басқа органдарымен өзара әрекеттесу тәртібін, Директорлар кеңесі мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктерін, сондай-ақ оларды сайлау және өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын анықтайды.

«Транстелеком» АҚ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен 2016 жылғы 4 тамызда №1 «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамы – 7 адам және өкілеттілік мерзімі – 3 жыл болып бекітілді. 2017 жылда Директорлар кеңесінің құрамында өзгерістер болған жоқ.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша директорлар Кеңесі құрамы:

Аты-жөні	Лауазымы
Орынбасаров Бауыржан Пазылбекұлы	Қоғамның директорлар кеңесінің Төрағасы; акционер мүддесінің өкілі ретінде;
Әлиев Нұрәлі Рахатұлы	Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі; акционер мүддесінің өкілі ретінде;
Мұханов Марлен Сәбитұлы	Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі; акционер мүддесінің өкілі ретінде;
Баймырзаұлы Асқар	Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі; в качестве представителя интересов акционера;
Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәримұлы	Тәуелсіз директор, Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі;
Исекешев Ерлан Орынтайұлы	Тәуелсіз директор, Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі;
Хекстер Давид Ричард	Тәуелсіз директор, Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі.

«Транстелеком» АҚ директорлар кеңесі мүшелерінің тізімі



Орынбасаров Бауыржан Пазылбекұлы

Директорлар кеңесінің Төрағасы - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ инфрақұрылымдық жобалар жөніндегі Вице-президенті

«Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің құрамына 2016 жылғы 19 ақпанда алғаш рет сайланды (2016 жылғы 19 ақпандағы № 02/7 «ҚТЖ» ҰК» АҚ хаттамасы).

2016 жылғы 4 тамыздағы «Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен қайтадан «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі және директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды (№ 1 хаттама).

Туған жылы: 1970 жылғы 22 қазан

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі, соның ішінде негізі және қосымша:

1993 жылы - Алматы теміржол көлігі инженерлері институтын тасымалдарды ұйымдастыру, және теміржол көлігіндегі қозғалысты басқару мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Еңбек жолы:

Еңбек жолын 1993 жылы Батыс Қазақстан темір жолынан бастады.

1994 - 1997 ж.- Қызылорда ст. паркі бойынша кезекші, Алматы 2 станциясының кезекшісі, Алматы жол бөлімшесінің поезд диспетчері;отделения дороги;

1997 - 2004 ж.- «Қазақстан темір жолы» РМК жол диспетчері, жетекші инженер, бас маман, Бас тасымалдар басқармасының бөлім бастығы. «Қазақстан темір жолы» РМК Бас директордың бірінші орынбасарының көмекшісі, Бас директордың бірінші орынбасарының кеңесшісі, Тасымалдар процесін үйлестіру басқармасының бас инженері;

2004 - 2010 ж.- Тасымалдар дирекциясының бас инженері, «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының бас инженері, «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Қарағанды жол бөлімшесі» филиалының директоры, «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Тасымалдар процесі дирекциясы» филиалының директоры, «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Алматы жол бөлімшесі» филиалының директоры;

2010 - 2014 ж.- «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Басқарушы директоры - Бас инженері, Пайдалану жұмысы жөніндегі басқарушы директор;

2014 жылғы ақпан-сәуір айлары аралығында - «Қазтеміртранс» АҚ Басқармасы Төрағасының (Президент) міндетін атқарушы;

2014 - 2016 ж. - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Вице-президенті;

2016 – 2017 ж. – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бас инженері;

2017 жылғы сәуір айынан бастап - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ инфрақұрылымдық жобалар жөніндегі Вице-президенті.



Әлиев Нұрәлі Рахатұлы

«Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі

2016 жылғы 4 тамыздағы «Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен алғаш рет «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды (№ 1 хаттама).

Туған жылы: 1985 жылғы 1 қаңтар

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

2001-2002 жылдары – АҚШ, Калифорния штаты, Малибу, Пепперд университеті.

2002-2003 жылдар - Австрия, Вена халықаралық университеті.

2003-2005 жылдар – Қазақстан, Алматы қаласы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Экономика және қаржы бакалавры.

2006 жыл – АҚШ, McCOMBS бизнес мектебі, Техас университеті. Маркетингтік стратегиялар (EMBA бағдарламасы бойынша оқу курсы);

2005-2006 жылдар - Австрия, Вена «ИМАДЕК» университеті. Бизнес-әкімшілендіру магистрі.

Жұмыс тәжірибиесі:

2003-2004ж.-"SUCDENETDENREESSA"КОРПОРАЦИЯСЫНЫҢ халықаралық сауда департаментінің қызметкері, Франция.

2005 ж. – «САХАРНЫЙ ЦЕНТР» АҚ халықаралық бөлімнің басшысының орынбасары/халықаралық бөлім басшысы, Қазақстан.

2005-2006 ж. - «САХАРНЫЙ ЦЕНТР»АҚ Президенті 2007-2010 ж. – Алматы қаласы «НҰРБАНК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы/ Басқарма Төрағасының бірінші орынбасры/ төрағаның орынбасары.

2008-2013 ж. – Астана қ. «ҚАЗАҚСТАН ДАМУ БАНКІ» АҚ Басқарама мүшесі - Басқарушы директор.

2013-2014 ж. - «Транстелеком»АҚ-ң Президенті;

2014-2016 ж. - Астана қ. әкімдігі.

Әкімнің орынбасары;

Қоғамдық қызметі:

2013 жылдан бастап – «Ана үйі» қоғамдық қорының қамқорлық кеңесінің мүшесі;

2015 жылдан бастап – «Қазақстан машина жасау одағы» Үйлестіру кеңесінің мүшесі;

2016 жылдан бастап – «AstanaInvest» Бірлестігінің Қамқорлық кеңесінің төрағасы;

2016 жылдан бастап - «ZHANARTU» қайырымдылық қорын құрушы.

2017 жылдан бастап – Қазақстан Республикасы альпинизм және спорттық құзға шығу федерациясының президенті.



Мұханов Марлен Сәбитұлы

«Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі

2016 жылғы 4 тамыздағы «Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен алғаш рет «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды (№ 1 хаттама).

Туған жылы: 1982 жылғы 17 қаңтар

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі, соның ішінде негізі және қосымша:

2003 жылы - О.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті, мамандығы «Құқық және экономика негіздері» Жезқазған қ.

2014 жылы- AlmatyManagementUniversity Алматы қаласы, Корпоративтік басқару Магистрі.

Еңбек өтілі:

2003 жылы – «Қазақстан халық банкі» АҚ-ң орта және шағын бизнеске несие беру бөлімінің маманы, Жезқазған қаласы;

2004 жылы – «Нұрбанк» АҚ АФ орта және шағын бизнеске несие беру бөлімінің жетекші маманы;

2005 жылы – «Банк Центр Кредит» АҚ орта және шағын бизнеске несие беру бөлімінің бастығы;

2006 жылы – «Нұрбанк»АҚ Корпоративтік бизнесті басқару бөлімінің басшысы;

2007 жылы – «Нұрбанк»АҚ Корпоративтік бизнес басқармасының басшысы;

2008 жылдың мамырынан осы кезге дейін – «Capitalholding»ЖШС Бас директоры.



Баймырзаұлы Асқар

«Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі - «ҚТЖ» АҚ құқықтық қамтамасыз ету және сот-арыз талап жұмыстары Департаментінің құқықтық қамтамасыз ету тобының басшысы

2016 жылғы 4 тамыздағы «Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен алғаш рет «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды (№ 1 хаттама).

Туған жылы: 1985 жылғы 9 қаңтар

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі, соның ішінде негізі және қосымша:

2006 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, мамандығы –юриспруденция, Алматы қ.

2008 жылы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, юриспруденция магистрі, Алматы қ.

2010 жылы Т. Рысқұлов атындағы қазақ экономикалық университеті, экономика факультеті Алматы қ.

Жұмыс тәжірибесі:

2011 -2016 ж. «ҚТЖ» ҮК» АҚ-ң құқықтық қамтамасыз ету Департаментінің бас менеджері.

2016 жылдан осы кезге дейін - «ҚТЖ» ҮК»АҚ құқықтық қамтамасыз ету және сот-арыз талап жұмыстары Департаментінің құқықтық қамтамасыз тобының басшысы.



Исекешев Ерлан Орынтайұлы

Тәуелсіз директор, «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі

2016 жылғы 4 тамыздағы «Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен алғаш рет «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды (№ 1 хаттама).

Туған жылы: 1июля 1968 жылғы 1 шілде

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі, соның ішінде негізі және қосымша:

1992 жылы – Алматы энергетика институты, «Өнеркәсіптік қондырғылар және технологиялық кешендерді автоматтандыру және электр жетегі» мамандығы бойынша инженер-электрик

2003 жылы - «Тұран» университеті «Салық және салық салу» мамандығы бойынша экономист

2003жылы – «Орталық азия және Кавказ елдеріне қажетті энергетикалық өнеркәсіп» семинары (Жапония, Токио қ.);

2003 жылы – «Малайзиияда энергетиканың дамуы» семинары (Куала-Лумпур, Малайзия қ.);

2004 жылы – «Ырықтандырылған нарық жағдайында энергетикалық бірлестікке өту процесінде энергетикалық компанияларды және станцияларды басқару» семинары (Англия, Лондон қ.);

2010 жылы – Париж қ. «HEC» Франциялық бизнес мектебі. «InternationalExecutiveMBA», маманданды – «Мұнай, Газ, Энергетика саласындағы Менеджмент».

Еңбек өтілі:

1992 - 1993 ж. - Орал қаласы, «Қазақгаз» мемлекеттік холдингтік компаниясының жабдықтарын комплектациялау инженері;

1992 – 2000 ж.- Табыс ЖШС директоры, Алекс ЖШС директоры, «Алекс» ЖШС директоры, «Рауан» ЖШС қаржы директоры ;

1993 -2000 ж. - «Қарағанды Пауэр» ЖШС қаржы директоры, Атырау қаласында Мұнай химия зауытының директорының орынбасары, коммерциялық құрылымдарында басқарушы қызметін атқарған;

2000 – 2002ж. - Астана қ. «Астана энергосервис» ААҚ «Астанаэнергосервис» ЖШС директорының орынбасары;

2002 - 2005 ж. - Қарағанды қаласы, «Қарағанды Жылу» ЖШС коммерциялық директоры;

2005 - 2005 ж. - Қарағанды қаласы, «Қарағанды Жарық» ЖШС Бас директоры ;

2007 - 2008 ж. – Қарағанды әкімінің Коммуналдық мәселелер бойынша орынбасары;

2008 жылы -«Ithmaar-KazynaCISRegionalEnergyFund» энергетика саласында Инвестициялық қорды дамыту және құру мәселелері бойынша «KazynaCapitalManagement» АҚ Басқарамасы Төрағасының кеңесшісі;

2009 -2011 ж.- «FalahPartners» инвестициялық қордың басқарушы серіктесі;

2009 - 2012 ж. –Тәуелсіз директор, «Самұрық – Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;

2011 жылдан осы кезге дейін - «ISSCorporation ЖШС көпбағытты холдингті компанияның директорлар кеңесінің Төрағасы.



Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы

Тәуелсіз директор, «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі

2016 жылғы 4 тамыздағы «Транстелеком» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен алғаш рет «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды (№ 1 хаттама).

Туған жылы: 1973 жылғы 22 желтоқсан

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі, соның ішінде негізі және қосымша:

1994 жыл – қазақ мемлекеттік басқару академиясы, мамандығы: Бизнес және менеджмент. Экономика ғылымдарының кандидаты

Еңбек өтілі:

1994 - 2000 жылдар – Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің жетекші, бас экономисті, линцензия беру бөлімінің басшысы, методология бөлімінің басшысы, банктік қадағалау басқарамасы басшысының орынбасары, банктік қадағалау Департаменті директорының орынбасары;

2000 - 2003 ж. – ҚР Ұлттық банкінің Үйлестіру басқармасының басшысы (Астана қаласы);

2003 - 2003ж. – ҚР Ұлттық Банк қаржылық қадағалау Департаменті директорының орынбасары;

2004- 2006 ж. – Қаржылық мекемелер және қаржы нарығын реттеу Агенттігінің төрағасының орынбасары;

2006 - 2007 ж. - «SAFC» Инвестициялық компанияның басқарушы директоры;

2007 - 2007 ж. - «КазАгро» Ұлттық холдингі АҚ Басқарамасының төрағасының орынбасары;

2007 - 2009 ж. - «DeltaBank»АҚ Басқарма Төрағасы;

2009 - 2009 ж.- «Deloitte TCF» ЖШС басқарушы директоры;

2009 - 2012 ж. – ҚР Қаржы Министрлігі қазынашылық комитетінің төрағасы;

2012 – 2012 ж. – «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры;

2012 - 2015 ж. – Еуразия даму банкінің басқармасының Төрағасының орынбасары;

2015 – 2015 ж. - «Қазақстан даму банкі» АҚ басқарма Төрағасының орынбасары;

2016 жылдан осы кезге дейін –«Полиметалл Евразия» ЖШС бас директоры.

Әртүрлі жылдарда:

«Пана Иншуранс» СК» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; Қазақстан даму банкі АҚ, «Экспорт-несие сақтандыру корпорациясы» «КазЭкспортГарант» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, «Альянс Банк» АҚ, ВТБ Банк АҚ (Қазақстан) Директорлар кеңесінің мүшесі.



Хекстер Давид Ричард

Тәуелсіз директор, «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі

2011 жылы «ҚТЖ» ҮК» АҚ Басқарамасының шешімімен алғаш «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің құрамына сайланды. 2016 жылғы 4 тамызда акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің құрамына қайтадан сайланды (№ 1 хаттама).

Туған жылы: 1949 жылғы 11 наурыз

Азаматтығы: Ұлыбритания және солтүстік Ирландия біріккен корольдігі

Білімі, соның ішінде негізі және қосымша:

1970 ж. – Оксфорд университетінің философия, саясат және экономика бөлімдерінде оқыды. Гумманитарлық ғылымдар магистрі дәрежесі бар.

1973 ж. – Кранфилд менеджмент мектебінен MBA магистр дәрежесін алды.

2008 ж. – Лондон Университеті жанындағы Лондон Университеттік колледжі – заң және саясат теориясы

2011 ж. – Биркбек (Лондон университеті) – этика және саяси философияны оқыды. Философиия магистрі.

2016 ж. – Лондондағы Мария патшайым университеті, Саяси философия саласындағы философия докторы

Еңбек өтілі:

1970 - 1992 ж. – Citibank-те әр түрлі лауазымдарды атқарды.

1992 - 2004 ж. – Еуропа қайта құру және даму банкінде жұмыс істеді.

2002 - 2004 ж. - Small Business Bank Директорлар кеңесінің мүшесі.

Қазіргі уақытта Piraeus Bank S.A.Директорлар кеңесінің Тәуелсіз директоры, Bank Zachodni WBK Директорлар кеңесінің Тәуелсіз директоры, «Private Equity New Markets» Қадағалаушы кеңесінің төрағасы болып табылады.

Тәуелсіз директорларды, Басқарма Төрағасын және Директорлар кеңесі Комитеттерінің мүшелерін іріктеу критериилері

«Транстелеком» АҚ Жарғысындағы 90 тармақтың 8) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның Төрағасын және мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттемелерін орындағаны үшін төленетін сыйлық ақы көлемін, шарттарын және шығындар өтемін бекіту Акционерлердің жалпы жиналысының құзіретіне жатады;

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің қағидасына сәйкес, Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттерін орындау және Қоғам мен Акционерлердің жалпы жиналысының мүдделері үшін Директорлар кеңесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру үшін тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, іскери және салалық ортада біліктілігі, оң жетістіктері мен мінсіз абыройы болуы керек.

Бүгінгі таңда, Директорлар кеңесінде Компанияның мүддесінде және барлық акционерлерге және тұрақты даму принциптеріне әділ қарым-қатынасты есептеумен тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдерді қабылдауды қамтамасыз ететін тәжірибе мен білімнің дағдылар балансы сақталады.

Компанияның Директорлар кеңесінің құрамына кіретіндер:

- тұрақты даму саласындағы сарапшылар – Орынбасаров Б.П., Әлиев Н.Р., Баймырзаұлы А.
- экономика, қаржы және аудит саласындағы сарапшылар – Давид Ричард Хекстер, Досмұқаметов К.М.;
- коммерция және сату саласындағы сарапшылар – Мұханов М.С., Исекешев Е.О.

Тәуелсіз директорлар Компанияның корпоративтік басқару, тәуекел-менеджменті опреацияларын жүзеге асыратын халықаралық басқару, стратегиялық даму, саланың қыр-сырын білу тәжірибесін енгізеді. Сонымен қатар, барлық директорлардың қаржылық есептілік және аудит, бизнесті жоспарлау және жобаларды басқару саласында білімдері бар. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесі комитеттерін басқарады, олардың жұмысына белсенді қатысады, барлық акционерлердің мүддесін ескере отырып объективті шешімдер шығаруды қамтиды.

Қоғамның Тәуелсіз директорлары есепті кезеңде «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 1 бабында қарастырылған тәуелсіз критериймен толықтай сәйкес келді:

- ✓ «Транстелеком» АҚ еншілес тұлғасы болып табылмайтын және оны Директорлар кеңесіне сайлағанға дейін үш жыл бойына олай болып табылмаған (аталған акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лаузымында болғаннан басқа);
- ✓ «Транстелеком» АҚ еншілес тұлғаларына қатысты еншілес тұлға болып табылмаған тұлға;
- ✓ Директорлар кеңесіне сайлағанға дейін үш жыл бойына «Транстелеком» АҚ лауазымды тұлғаларымен не Компанияның ұйымдырымен-еншілес тұлғаларымен және аталған тұлғалармен бағыныстылықта болмаған тұлға;
- ✓ Мемлекеттік қызметші болып табылмайтын тұлға;
- ✓ аталған акционерлік қоғам органдарының отырысында акционердің өкілі болып табылмайтын және директорлар кеңесіне сайлағанға дейін үш жыл бойына олай болып табылмаған тұлға;
- ✓ аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде «Транстелеком» АҚ аудитіне қатыспайды және директорлар кеңесіне сайлағанға дейінгі үш жыл бойына осындай аудитке қатыспаған тұлға.

Директорлар кеңесі туралы қағидада тәуелсіз директор лауазымына кандидаттарға қосымша талаптар бекітілді, сондай-ақ Компанияның тәуелсіз директорлары сәйкес келеді:

- ✓ тәуелсіз директор, директорлар кеңесі жанындағы мүшелік міндеттеріне байланысты, белгілі салада арнайы дағдысы болуы қажет;
- ✓ Қоғам директорлар кеңесінің тиісті комитетіне мүше болған кезінде сараптамалық пікірді қамтамасыз ету үшін корпоративтік қаржы, аудит және ішкі бақылау, стартегия және/немесе тағайындау және/немесе сыйлықақы беру мәселелері бойынша саладағы ерекшеліктер; міндеттемелерді реттеу; Ұлттық және халықаралық нарықта бәсекелестікті дамыту сияқты көлемі мен сипаты Қоғамның операцияларына ұқсас, ұйымдастыруға тән негізгі мәселелер бойынша жалпы ақпараттарды білуі керек;
- ✓ іскерлік және/немесе салалық ортада оң жетістіктер/мінсіз абыройға ие, жоғары этикалық нормаларды сақтайды. Кандидаттың өмірбаянында экономикалық қызмет саласында жасаған қылмыстары, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметте әкімшілік құқық бұзушылығы болмауы керек.
- ✓ Директорлар кеңесінің жұмысына тек Директорлар кеңесінің отырысы кезінде ғана емес, сонымен қатар Директорлар кеңесі отырысының тиісті материалдарын оқу үшін де жететін уақыты болуы керек.

Аудит бойынша Комитет және сыйақы жөніндегі Комитет 100% Тәуелсіз директорлардан тұрады, стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті үш Тәуелсіз директордан және бір Директорлар кеңесінің мүшесінен құралады, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 53-1 бабы 3 тармағына сәйкес, Төрағасы Тәуелсіз директор болып табылады.

Тәуелсіз директор болып табылатын Комитеттің мүшелері үшін тәуелсіздік критериилері жоғарыда айтылған талаптарға сәйкес келеді.

Басқарма Төрағасы үшін тәуелсіздікті іріктеу критериилері заңнамен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылмаған.

Директорларға сыйақы беру

Директорлар кеңесінің құрамындағы акционерлер өкілдері сыйақы алмайды.

Тәуелсіз директорлар Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі міндеттерін орындағаны үшін Акционерлердің жалпы жиналысының 2016 жылғы 4 тамыздағы №1 хаттама шешімімен бекітілген сыйақы алады.

Тәуелсіз директор ауырып қалу, демалыста, іссапарда болу себебінен тікелей отырыстарға қатыспай қалған кездерін қоспағанда, есепті кезеңде Директорлар кеңесінің өткізілген барлық тікелей және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда тіркелген сыйақы төленбейді.

Тәуелсіз директордың Қоғамның Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілген отырыстарына баруымен байланысты (жол жүру, тұру, тәуліктік шығыстар) шығыстары өтеледі.

Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының жұмысын бағалау

Директорлар кеңесі туралы қағидаға сәйкес, Директорлар кеңесі өзінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмысын бағалауды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі бағалауды:

1. сауалнама, интервью және т.б. арқылы өз күшімен;

2. корпоративтік басқару рейтингі бар, кәсіби ассоциациялардың және ұйымдардың кеңес берушілерін тарта отырып;

3. аралас тәсілді қолдана отырып: кеңес берушілердің тарапынан процесті үйлестіргенде өз күшімен жүргізуі мүмкін.

2017 жылғы жұмыстарын бағалауды 2018 жылғы бірінші жарты жылдықта жүргізу жоспарлануда.

Қоғам Басқармасының жұмысын бағалау мақсатында, 2017 жылғы 25 қыркүйекте Директорлар кеңесі: «Транстелеком» АҚ басшы қызметкерлерінің жұмысын бағалау және сыйақы беру ережесін бекітті. Осы аталған ереже негізінде, 2017 жылғы 8 қарашада «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелеріне 2016 жылдағы жұмыстарының қорытындысы бойынша сыйақы беру көлемін есептеу және нақты мағынасымен қызметтің негізгі көрсеткіштер картасы бекітілді және 2017 жылға «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің уәждемелік картасы және Қызметтің негізгі көрсеткіштер паспорты бекітілді (№9/2017 хаттама).

Ішкі аудит қызметі басшысының жұмысын бағалау 2017 жылғы 12 желтоқсанда «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының жұмысын бағалау және сыйақы беру ережесі негізінде жүзеге асырылады (№10/2017 хаттама). Директорлар кеңесінің осы отырысында «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының 2017 жылға ҚНК картасы бекітілді.

2017 жылғы Директорлар кеңесінің қызметі

Мәжіліс саны және Директорлар кеңесі мүшелерінің мәжілістерге қатысуы

2017 жылы «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 11 мәжілісі өткізілді, оның 8 күндізгі, 3 сырттай өтті. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес, Директорлар кеңесінің сырттай мәжілістерінің саны ең аз деңгейге теңелді.

«Транстелеком» АҚ қызметтерінің негізгі қырлары бойынша барлығы 72 мәселе қарастырылды, 16 тапсырма беріліп, оның барлығы орындалды.

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің 2017 жылғы Директорлар кеңесінің мәжілістеріне қатысуы туралы ақпарат

№ р/с	Аты-жөні	ДК мәжілістеріне қатысуы	%
1	Орынбасаров Б.П.	8 дің 11	72%
2	Әлиев Н.Р.	10 дің 11	91%
3	Мұханов М.С.	11 дің 11	100%
4	Баймырзаұлы А.	11 дің 11	100%
5	Исекешев Е.О.	10 дің 11	91%
6	Досмұқаметов К.М.	8 дің 11	72%
7	Дэвид Хекстер Ричард	10 дің 11	91%

2017 жылғы Директорлар кеңесі мен Басқарманың қараған маңызды мәселелері

2017 жылы Директорлар кеңесімен қаралған маңызды мәселелер:

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің отырысында стратегиялық мәселемен қатар өзінің құзіретіне кіретін қызметтің ағымдағы мәселелері де қаралды. Мәселелер тізілімі мен олардың шешімі Директорлар кеңесі отырысының шешімдері мен хаттамаларда көрсетілді.

Даму стратегиясы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес, 2017 жылғы 20 қаңтарда «Транстелеком» АҚ 2026 жылға дейінгі даму стратегиясын бекітілді (№1/2017 хаттама).

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі жұмысының маңызды бағыттарының бірі жаңа ұзақ мерзімді «Транстелеком» АҚ 2026 жылға дейінгі даму стратегиясын бекіту болып табылды (бұдан әрі – Стратегия). Стратегияны әзірлеу аясында Стратегия жобасын талқылау бойынша көп жұмыстар жасалды, ол үш негізгі бағытты іске асыруды қамтиды:

1. Тіркелген байланысты, телеграф байланысын, көтерме сауданы, ұялы байланысты қамтитын телекоммуникациялық қызметтерді дамыту;

2. АТ-қызметтерді (біріңғай сервис орталығы, managed security service provider (MSSP), бұлттық сервис-провайдер), АТ-жобаларды (Логистикалық саладағы АТ-жобалар), болашағы бар нарықтағы салалық АТ жобаларды (мұнай газ секторы, таукен металлургия саласы, қорғаныс өндірісі, білім беру, денсаулық сақтау, банк секторы, ақылды қалалар) қамтитын Ат-қызметтерді дамыту);

3. Корпоративтік басқаруды жетілдіру, процесстік басқаруды дамыту, кадрлық потенциалды арттыуды қамтитын ішкі түрлену.

Даму стратегиясы Компанияның ұзақ мерзімді сомасын арттыруға бағытталған және он жылдық кезеңге миссияны, елестетуді, дамудың стратегиялық бағытын, мақсаттар мен міндетерді анықтайды. «Транстелеком» АҚ елестетуі - «Серіктестер мен клиенттердің күткенінен асып түсу арқылы, инфрақұрылымдық мүмкіндіктер мен пайдалы АТ шешімдерді құру» болып табылады.

Ішкі аудит қызметін құру

2016 жылғы 18 қазандағы «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің шешімімен, жұмысын 2017 жылғы 1 ақпаннан бастап бастайтын, Қоғамның орталық аппаратында жаңа құрылымдық бөлімше Ішкі аудит қызметі құрылды. 2017 жылғы 20 қаңтардағы «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің шешімімен, құрамында үш адамы бар Ішкі аудит қызметі жасақталды, Ішкі аудит қызметінің басшысы болып Исамадиева Диляра тағайындалды (№1 хаттама). Есепті кезеңде 9 аудиторлық тексеріс жүргізілді.

Минск қаласында және Мәскеу қаласында «Транстелеком» АҚ өкілдігін құру

«Транстелеком» АҚ бизнесін әрі қарай дамыту және жаңа сыртқы нарыққа шығу үшін географиялық аумағын кеңейту бойынша іс-шаралар жүргізу қажет, осыған байланысты, Директорлар кеңесі 2017 жылғы 27 желтоқсанда Беларусь Республикасының Минск қаласында және Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында «Транстелеком» АҚ өкілдіктерін ашу туралы шешім шығарды (№11/2017 хаттама).

Минск қаласындағы және Мәскеу қаласындағы өкілдіктермен орындалатын негізгі міндеттер:

1. Беларусь Республикасында және Ресей Федерациясында орналасқан, компанияның қолданыстағы серіктестерімен жұмыс жасау;

2. бірлескен жобалар бойынша ықтимал серіктестерді іздеуге қатысу;

3. бизнесті дамытудың жаңа болашағы бар бағытын іздеу мақсатында Беларусь Республикасының және Ресей Федерациясының IT және телекоммуникациялық нарығын талдау;

Есепті кезеңде Директорлар кеңесімен келесі бағыттарды реттеуші бірқатар негізгі мәселелер қарастырылды:

Қаржы-шаруашылық қызметі

- «Транстелеком» АҚ жылдық акционерлердің жалпы жиналысын шақырту туралы;
- «Транстелеком» АҚ жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы;
- «Транстелеком» АҚ 2016 жылғы таза табысын бөлу тәртібін, «Транстелеком» АҚ бір қарапайым акциясына есептеуде дивидент мөлшерін
- «Транстелеком» АҚ акционерлердің жалпы жиналысына қарауына ұсыну;
- жасалуына Компания қызығушылық танытқан мәмілелерді жасау.

Стратегиялық даму

- «Транстелеком» АҚ 2026 жылға дейінгі Даму стратегиясын бекіту;
- «Транстелеком» АҚ 2016 жылғы бюджетін орындау бойынша есебін қарау;
- 2018 жылға «Транстелеком» АҚ бюджетін бекіту;
- «Транстелеком» на 2018-2022 жылдарға Транстелеком» АҚ даму жоспарын бекіту.

Корпоративтік басқару

- «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы мен оның мүшелерінің лауазымдық еңбекақы көлемін, уәкілеттілік мерзімін анықтау және сайлау;
- «Транстелеком» АҚ Төрағасы мен Басқарма мүшелері және Ішкі аудит қызметінің басшысы үшін 2017 жылға арналған мақсатты мәндермен қызметтің негізгі көрсеткіштерінің карталарын бекіту;
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің тапсырмасын орындау туралы есепті тыңдау;
- «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит бойынша комитет Қағидасын бекіту;
- «Транстелеком» АҚ орталық аппаратының құрылымын және жалпы қызметкерлер санын бекіту;

- Акционерлердің жалпы жиналысына қарауға берілетін, «Транстелеком» АҚ Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау және мақұлдау;
- Акционерлердің жалпы жиналысына қарауға берілетін, «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі туралы қағидаға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау және мақұлдау.

Ішкі аудит

- Ішкі аудиттің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін, оның басшысын сайлау, Ішкі аудит қызметі басшысының лауазымдық еңбекақы көлемін белгілеу және Ішкі аудит қызметі басшысына және қызметкерлеріне қойылатын білікті талаптарды анықтау;
- 2017 және 2018 жылдарға Компанияның Ішкі аудит қызметінің аудиторлық жоспарын бекіту;
- Тоқсан сайын Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің есебін тыңдайды.

Тұрақты даму саласында

- «Транстелеком» АҚ орталық аппаратының әкімшілік-басқарушылық және өндірістік персоналдарының лауазымдық еңбекақы тәсімін бекіту;
- «Транстелеком» акционерлік қоғамы қызметкерлерінің тұрғын үйді бөліп төлеуге алу, баспанаға мұқтаж ретінде есепке тұру және тұрғын үй жағдайын жақсарту қағидасын жаңа редакцияда бекіту;
- «Транстелеком» АҚ орталық аппаратының әкімшілік-басқарушылық және өндірістік персоналдарына еңбекақы төлеу туралы қағида» біріктірілген менеджмент жүйесінің жұмыс нұсқаулығын жаңа редакцияда бекіту;
- «Транстелеком» АҚ филиалдар туралы ережесіне енгізілген өзгерістерді бекіту.

2017 жылы Басқармамен қаралған негізгі мәселелер

Басқарма заңнама мен Қоғам Жарғысына сәйкес, заңнамамен және Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылмайтын оның қызметінің кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдау жатады.

Есепті кезеңде Қоғам Басқармасының 24 отырысы өткізілді, Қоғам Басқармасының құзіретіне жататын 11 мәселе қаралды.

Директорлар кеңесімен акционерлердің Қоғамға қатысты пікірлерін есепке алу бойынша шаралар қабылдау

Акционерлердің Қоғамға қатысты пікірлерін есепке алу үшін Директорлар кеңесінде Қоғамның екі акционерінің өкілдері саны бірдей.

Акционердің өкілдері Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ойларын әзірлейді және оны Директорлар кеңесінің отырысында айтатын болады. Бұл жағдай Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына жазылып, Директорлар кеңесінің басқа да мүшелерімен күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру кезінде ескерілетін болады. Акционерлер өз өкілдері арқылы Директорлар кеңесінде, акционерлердің мүддесін қозғайтын мәселелерді «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінде қарауға енгізуге бастама жасауға құқылы.

Кеңес акционерлер мүддесінің өкілдігі болып табылады және акционерлерден түскен өтініштер мен шағымдарды өзінің отырыстарында қарап жылдам жауап қайтаруы қажет.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің мекенжайына Қоғамға қатысты акционерлердің пікірлері түскен жоқ.

Директорлар кеңесі
жанындағы Комитеттердің қызметі

Директорлар кеңесінің қызметтерін нәтижелі орындалуына көмек беру мақсатында, өз атқарымдық міндеттері аясында мәселелерді қарастыру және маңызды және басқа да мәселелер бойынша ұсыныстарды дайындайтын:

- Аудит бойынша комитет;
- кадрлар және сыйақылар бойынша комитет;
- Стратегиялық жоспарлау бойынша комитет.

Директорлар кеңесі жанындағы Комитеттер туралы қағидаға сәйкес, әр комитет Директорлар кеңесіне жыл сайынғы негізде орындалған жұмыстар туралы есеп береді.

2017 жылғы Директорлар кеңесінің Аудит бойынша Комитетінің қызметі

Директорлар кеңесінің Аудит бойынша комитеті (бұдан әрі-Комиет) өз қызметін 2017 жылғы 17 наурыздағы Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (№2/2017 хаттама) «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит бойынша Комитеті туралы қағидаға сәйкес жүзеге асырады.

31.08.2016ж. «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің №6/2016 шешіміне сәйкес, Аудит бойынша комитетінің жаңа құрамы бекітілді:

Аудит бойынша комитеттің құрамы

№	Аты-жөні	Лауазымы	бастап Комитетте:
1	Хекстер Дэвид Ричард	«Транстелеком» АҚ Тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2016 жылғы 31 тамыздан
2	Досмукаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	«Транстелеком» АҚ Тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2016 жылғы 31 тамыздан
3	Исекешев Ерлан Орынтайұлы	«Транстелеком» АҚ Тәуелсіз директоры, Комитет төрағасы	2016 жылғы 31 тамыздан

Есепті кезеңде Комитет барлығы күндізгі болып табылатын 6 отырыс өткізді. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселеге сәйкес, Комитетпен 13 мәселе қаралды, қарасытыралған мәселелер бойынша Қоғамның директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді.

Есепті кезеңдегі Комитеттің отырысында, Комитеттің құзіретіне кіретін қызметтің барлық мәселелері қаралды.

Ішкі аудит мәселелері бойынша

Комитет мына мәселелерді қарасытырып, директорлар кеңесіне ұсыныстар берді:

1. ішкі аудит қызметінің сандық құрамы, өкілеттік мерзімі туралы, оның басшысының тағайындалуы, ішкі аудит қызметі басшысының лауазымдық жалақы көлемін және ішкі аудит қызметінің басшысына және қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары жайында ұсыныстар туралы.

2. «Транстелеком» АҚ ішкі аудит қызметі жайында Қағиданы алдын ала келісу туралы.

3. 2017 жылға «Транстелеком» АҚ ішкі аудит қызметінің Аудиторлық жоспарын алдын ала келісу туралы.

4. «Транстелеком» АҚ ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің тағайындалуы, өкілеттілігін мерзімін және лауазымдық жалақы көлемін белгілеу бойынша ұсыныстар енгізу туралы.

5. «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің Аудит бойынша Комитетінің хатшысын тағайындау туралы.

6. «Транстелеком» АҚ ішкі аудитті ұйымдастыру бойынша Басшылығын алдын ала келісу туралы.

7. «Транстелеком» АҚ ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің тағайындалуы, өкілеттілік мерзімін және лауазымдық жалақы көлемін белгілеу бойынша ұсыныстар енгізу туралы.

8. 2017 жылғы 2 тоқсан үшін «Транстелеком» АҚ ішкі аудит қызметінің есебін алдын ала келісу туралы.

9. «Басшылық қызметінің негізгі көрсеткіштер ауditі» тексерісінің қорытындысы бойынша «Транстелеком» АҚ ішкі аудит қызметінің аудиторлық есебін назарға алу туралы.

9. 2018 жылға Транстелеком» АҚ ішкі аудит қызметінің Аудиторлық жоспарын алдын ала келісу туралы.

Қаржылық есептілік мәселелері бойынша

Комитет төмендегі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне ұсыныстар берді:

1. «Транстелеком» АҚ жылдық қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдау туралы.

2. «Транстелеком»АҚ Салық есебі саясатын жаңа редакцияда алдын ала мақұлдау туралы.

Директорлар кеңесінің қызметі бойынша және ұйымдастырушылық мәселелер бойынша:

Комитет төмендегі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне ұсыныстар берді:

1. «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің аудит бойынша комитетінің ағымдағы отырысының Төрағасын тағайындау туралы.

2017 жылғы Комитеттің мәжілістері:

Аудит бойынша комитет мүшелерінің 2017 жылғы мәжілістерге қатысуы

№	Аты-жөні	Барлық мәжілістер, саны	Мәжілістерге қатысуы, саны	Мәжілістерге қатысуы, %
1	Хекстер Дэвид Ричард	6	4	67
2	Досмукаметов Канат Мухаметкаримович	6	5	83
3	Исекешев Ерлан Орентаевич	6	5	87

Есепті кезеңде аудит бойынша комитет тұрақты түрде ішкі аудит қызметінің жұмыстарына жетекшілік жасады, сондай-ақ жетекшілік ететін мәселелері бойынша Қоғамның өкілдерімен кездесулер өткізді.

2017 жылғы Кадрлар және тағайындаулар жөніндегі Комитеттің жұмысы

Директорлар кеңесінің Кадрлар және тағайындаулар жөніндегі Комитеті (бұдан әрі-Комитет) 2016 жылғы 31 тамыздағы «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен құрылды және өз жұмысын 2016 жылғы 31 тамыздағы №6/2016 хаттама Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Транстелеком» АҚ Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

31.08.2016ж. №6/2016 «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің жаңа құрамы бекітілді:

Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің құрамы

№	Аты-жөні	Лауазымы	Бастап Комитет мүшесі:
1	Исекешев Ерлан Орентаевич	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитеттің төрағасы	2016 жылғы 31 тамыздан
2	Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитеттің мүшесі	2016 жылғы 31 тамыздан
3	Хекстер Давид Ричард	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитеттің мүшесі	2016 жылғы 31 тамыздан

Есепті кезеңде Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеттің 6 отырысы өтті: 5 күндізгі отырыс, 1 сырттай отырыс. Отырыстың күн тәртібіне сәйкес, Комитетпен барлығы 17 мәселе қарастырылды, қарастырылған мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді.

Есепті кезеңде Комитет отырысында Комиетттің құзіретіне кіретін қызметтерінің барлық мәселелері қаралды.

Кадрлар мәселелері бойынша

Комитет төмендегі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне ұсыныстар берді:

1. «Транстелеком» АҚ Басқармасы Төрағасы мен Басқарма мүшелерін сайлау, өкілеттілік мерзімін анықтау, өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату және лауазымдық жалақы көлемін белгілеу;

2. «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі Ішкі аудит комитетінің ережесін жаңа редакцияда бекіту;

3. Корпоративтік хатшыны сайлау, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

4. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша 2017 жылғы 20 қаңтардағы «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне өзгерістер енгізу (№1/2017 хаттама).

Сыйақы мәселелері бойынша

Комитет төмендегі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне ұсыныстар берді:

1. Транстелеком» АҚ орталық аппараты қызметкерлерінің лауазымдық еңбекақысы тәсімін бекіту;

2. «Транстелеком» АҚ орталық аппаратының әкімшілік-басқарушылық және өндірістік қызметкерлерінің еңбекақысы тәсіміне толықтырулар енгізу;

3. «Транстелеком» АҚ басқарушы қызметкерлерінің жұмысын бағалау және сыйақы беру қағидасын жаңа редакцияда бекіту;

4. «Транстелеком» АҚ Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелеріне 2016 жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша сыйақы беру көлемін есептеу және нақты мағынасымен қызметтің негізгі көрсеткіштер картасын бекіту туралы;

5. «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының жұмысын бағалау және сыйақы беру қағидасын бекіту;

6. 2017 жылға арналған «Транстелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі басшысының уәждемелік ПЭК картасын мақұлдау;

7. «Транстелеком» АҚ басқарушы қызметкерлерінің жұмысын бағалау және сыйақы беру қағидасы» біріктірілген менеджмент жүйесінің жұмыс нұсақаулығын жаңа редакцияда бекіту;

8. 2017 жылға арналған уәждемелік картаны бекіту және 2017 жылға арналған «Транстелеком» АҚ кейбір Басқарма мүшелерінің уәждемелік картасына өзгерістер енгізу;

9. «Транстелеком» АҚ орталық аппаратының әкімшілік-басқарушылық және өндірістік қызметкерлерінің еңбекақыс төлеу туралы қағида» т біріктірілген менеджмент жүйесінің жұмыс нұсақаулығын жаңа редакцияда бекіту;

10. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай Басқарма Төрағағасына, мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне сыйақы төлеу.

Ұйымдастырушылық мәселелер бойынша және Директорлар кеңесінің қызметі мәселелері бойынша:

Комитет төмендегі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне ұсыныстар берді:

1. «Транстелеком» АҚ Басқармасына қажетті түсініктеме беру (бұрын Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырысында қарастырылған, Ішкі аудит қызметінің мәселелерін отырыстың күн тәртібіне қосу арқылы «Транстелеком» АҚ Басқармасына тиісті материалдарды мәні бойынша қарау құқығынсыз, «Транстелеком» АҚ Басқармасының Директорлар кеңесі отырысында бастама білдіруге рұқсат ету туралы түсіндіру);

2. «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар және тағайындаулар жөніндегі Комитетінің күн тәртібін бекіту;

3. Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесі Кадрлар және тағайындаулар жөніндегі Комитетінің ағымдық отырысының Төрағасын тағайындау.

2017 жылғы Комитеттің отырыстары:

Кадрлар және тағайындаулар бойынша Комитет мүшелерінің 2017 жылғы отырыстарға қатысуы

№	Аты-жөні	Всего заседаний (кол-во)	Участие в заседаниях (кол-во)	Участие в заседаниях (%)
1	Исекешев Ерлан Орентаевич	6	5	83
2	Досмукаметов Канат Мухаметкаримович	6	5	83
3	Хекстер Давид Ричард	6	5	83

Комитет туралы ережеге сәйкес, Комитет 2017 жылы мақсаттарын, міндеттерін және қызметтік міндеттемелерін толық орындады.

2017 жылғы стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің жұмысы

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің қызметтік мақсаты мәселелерді егжей-тегжейлі қарау және қабылдайтын шешімдерінің сапасын жақсарту үшін Директорлар кеңесіне ұсыныстар беру болып табылады.

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 6/2016 хаттама шешімімен «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің құрамы бекітілді:

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің құрамы

(31.12.2017ж. жағдай бойынша)

№	Аты-жөні	Лауазымы	бастап Комитет мүшесі:
1	Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитеттің төрағасы	2016 жылғы 31 тамыздан
2	Хекстер Давид Ричард	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитеттің мүшесі	2016 жылғы 31 тамыздан
3	Исекешев Ерлан Орынтайұлы	«Транстелеком» АҚ тәуелсіз директоры, Комитеттің мүшесі	2016 жылғы 31 тамыздан
4	Баймырзаұлы Асқар	«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитеттің мүшесі	2016 жылғы 31 тамыздан

2017 жылы Комитеттің 7 отырысы өтті. Отырыстың күн тәртібіне сәйкес, Комитетпен барлығы 14 мәселе қарастырылды және қарастырылған мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне тиісті ұсыныстар берілді.

Есепті кезеңде Комитет отырысында Комиетттің құзіретіне кіретін қызметтерінің барлық мәселелері қаралды.

Комитет төмендегі мәселелерді қарап, Директорлар кеңесіне ұсыныстар берді:

- ✓ «Транстелеком» АҚ 2026 жылға дейінгі даму стратегиясын бекіту бойынша ұсыныстар енгізу;
- ✓ «Транстелеком» 2016жылғы «Транстелеком» АҚ бюджетін орындау бойынша есепті алдын ала мақұлдау;
- ✓ «Транстелеком» АҚ Жарғысына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды алдына ала қарау;
- ✓ 2017 жылғы «Транстелеком» АҚ түзетілген бюджетін алдын ала мақұлдау;
- ✓ Директорлар кеңесіне стратегияны іске асыру барысы туралы ақпараты, қызметтің негізгі көрсеткіштерінің стратегиялық мақсатты жетістіктері бар, қарауға ұсынылған құжаттарды алдын ала қарау;
- ✓ 2018 жылғы «Транстелеком» АҚ бюджетін алдын ала мақұлдау;
- ✓ «Транстелеком» на 2018-2022 жылдарға арналған «Транстелеком» АҚ Даму жоспарын алдын ала мақұлдау.

2017 жылғы стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің отырыстары:

2017 жылғы стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет мүшелерінің отырыстарға қатысуы

№	Аты-жөні	Барлық отырыстар саны	Отырыстарға қатысушылар саны	Отырыстарға қатысуы, %
1	Досмұқаметов Қанат Мұхаметкәрімұлы	7	6	86
2	Хекстер Давид Ричард	7	6	86
3	Исекешев Ерлан Орынтайұлы	7	5	71
4	Баймырзаұлы Асқар	7	7	100

Комитет туралы ережеге сәйкес, Комитет 2017 жылы мақсаттарын, міндеттерін және қызметтік міндеттемелерін толық орындады.

Комитет отырысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер толықтай қаралды, Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдаған салмақталған және тыңғылықты ұсынымдар берілді.

2017 жылғы Корпоративтік
хатшының жұмысы туралы есебі

Корпоративтік хатшы туралы туралы Ереже

Корпоративтік хатшы туралы туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) 2016 жылғы 17 қарашада Директорлар кеңесінің шешімімен қабылданды (№9/2016 хаттама). Ережеге сәйкес, Қоғам Директорлар кеңесінің және Басқарманың мүшесі болып табылмайтын Корпоративтік хатшыны Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайды және Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады.

Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері:

1. Қоғам органдары мен лауазымды тұлғаларының Қазақстан Республикасының корпоративтік басқару саласындағы Заңнамасын, листинг қағидасын (қор биржасындағы құнды қағаздарға қатысты) Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексі мен Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы саясат пен практиканы жетілдіру;

2. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің тиімді қызметін қамтамасыз ету;

3. Қазақстан Республикасының Заңнамасына, Жарғы және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, акционердің жалпы жиналысының шешім қабылдауын қамтамасыз ету;

4. Қоғам туралы маңызды ақпаратты сақтауды, ашу мен беруді, сондай-ақ ақпараттық мөлдірліктің жоғары деңгейін ұстап тұруды қамтамасыз ету;

5. Қоғам мен акционердің жалпы жиналысының, сондай-ақ Қоғам органдары арасында нақты және тиімді өзара әрекетті қамтамасыз ету.

2017 жылғы Корпоративтік хатшының жұмысы

2017 жылы «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 11 мәжілісі өткізілді, оның 8 күндізгі, 3 сырттай өтті. Корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес, Директорлар кеңесінің сырттай мәжілістерінің саны ең аз деңгейге теңелді. «Транстелеком» АҚ қызметтерінің негізгі қырлары бойынша барлығы 72 мәселе қарастырылды. Сонымен қатар, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің 7, Кадрлар және тағайындаулар жөніндегі Комитеттің жұмысы 6 отырысы болды.

Корпоративтік хатшы Қазақстан Республикасының Заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, Директорлар кеңесіне/Комитеттеріне қарауға Қоғамның құрылымдық бөлімшелері ұсынған материалдарға талдау жасалды.

Есепті кезеңде, Директорлар кеңесінің тиімді қызметін қамтамасыз ету мақсатында Корпоративтік хатшының қызметімен қамтамасыз етілгендер:

- ✓ Директорлар кеңесінің, Комитеттердің отырыстарын ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті материалдарды жасау және тарату (отырыс өткізу туралы хабарлама, отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер жобасы, алдын ала танысуға арналған құжаттардың жобалары және т.б.);
- ✓ Директорлар кеңесіне, Комитеттерге қарауға берілген құжаттарды белгіленген тәртіпте уақытылы ресімдеу; Директорлар кеңесі атынан сұраныстар дайындау және хаттарға жауап беру, Директорлар кеңесімен бекітілген, құжаттарды тарату;
- ✓ Отырыстарды сырттай өткізуді ескере отырып, тиісті бюллетендер жасалды, Директорлар кеңесінің мүшелеріне дауыс беру үшін бюллетендер жіберу (беру), толтырылған бюллетендерді, Директорлардың жазбаша пікірін алу және оларды Директорлар кеңесінің Төрағасына жіберу қамтамасыз етілді.
- ✓ Директорлар кеңесі/Комитеттер отырысына арналған материалдарды ағылшын тіліне аудару, сондай-ақ Директорлар кеңесі/Комитеттер күндізгі отырыстарын орыс тілінен және/немесе ағылшын тіліне синхронды/тізбектелген аударма жасау қамтамасыз етілді.

Тұтастай алғанда, есепті кезеңде Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің тиімді қызметін қамтамасыз ету, сондай-ақ Директорлар кеңесінің, акционердің жалпы жиналысының және Қоғам Басқармасының арасында нақты және тиімді өзара әрекетті қамтамасыз ету бойынша міндеттерін қоса алғанда, Қоғамның ішкі құжаттарында қарастырылған көптеген міндеттер мен қызметтерді жүзеге асырды.

«Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы қызметі «Транстелеком» АҚ тұрақты жұмысын сақтау және оны Қазақстан Республикасындағы ірі байланыс операторы ретінде дамыту, Қоғамның инвестициялық және капиталдық тартымдылығын арттыру, активтерге иелік ету, инвестициялық және қаржы-шаруашылық қызметін қоланыстағы бақылауды қамтамасыз ету, басқарудың ішкі механизмдері нәтижиелігін және ашықтығын жақсарту, бақылау жүйесін жетілдіру және Қоғамда басқару органдарының есеп беруі, акционерлердің құқығын сақтау үшін қажетті шараларды қабылдауға бағытталды.

Қоғамның Директорлар кеңесі туралы қағидаға, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, Директорлар кеңесі 2017 жылы мақсаттарын, міндеттерін және қызметтік міндеттемелерін толық орындады.

Басқарудың атқарушы органдары

Басқарма Төрағасы мен мүшелерін тағайындау, олардың міндеттемелері мен жауапкершілігі

Басқарма мүшелері «Транстелеком» АҚ Басқармасы туралы Ережеге сәйкес, Акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғам директорлар Кеңесінің мүддесін қорғауға және шешімдерін орындауға міндетті. Қазақстан Республикасының заңнамаларына және Қоғамның Жарғысына, Барсқарма туралы Ережеге сәйкес, «Транстелеком» АҚ директор Кеңесімен Басқарма мүшелерін тағайындау және олардың уәкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ сандық құрамы мен уәкілеттілік мерзімін анықтау жүзеге асырылады. Басқарама мүшелерінің саны бес адамнан аспауы тиіс.

Қоғам мен Басқарма мүшелері арасында еңбек шарттары (егер Басқарма мүшесі Қоғам қызметкері болып табылса, онда еңбек шартына Қосымша келісім жасалады) жасалған, ол Қоғам қызметінің басты көрсеткіштері бойынша мақсаттарға жетуге Басқарма мүшелері мен Төрағаны материалдық көтермелеуге тікелей тәуелділікті қарастырады.

Басқарма мүшелерінің міндеттері, құқықтар және міндеттемелері Қазақстан Республикасының заңнамаларымен, Қоғам Жарғысымен, Басқарма туралы Ережемен, сондай-ақ еңбек шарттарымен белгіленеді. Басқарма мүшелері де Қоғамның құрылымдық бөлімше басшылары секілді қабылданған Басқарма шешімін уақытылы және сапалы орындауға, сондай-ақ, заңнамалармен белгіленген ақпараттарды ұсыну тәртібін бұзу нәтижесінде келтірілген Қоғам шығындарына жауапты болады.

Қоғам Басрқамасының құрамы (2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)

Аты-жөні	Лауазымы
Надыров Жанболат Орақұлы	Президент (Басқарма Төрағасы)
Жексембеков Данияр Тахирұлы	Экономика, қаржы және қамтамасыз ету жөніндегі Вице-президент, Басқарма мүшесі
Адайбеков Елнар Русланұлы	Даму және құқықтық мәселелер жөніндегі Вице Президент, Басқарма мүшесі
Байтуғанов Сакен Мадиханұлы	Коммерция жөніндегі атқарушы директор, Басқарма мүшесі
Канапин Айдос Мағауияұлы	Құқық мәселелері жөніндегі атқарушы директор, Басқарма мүшесі

Басқарма мүшелерінің тізімі



Надыров Жанболат Орақұлы

Басқарма Төрағасы
Президент

Туған жылы: 1974 жылы 18 сәуірде

Азаматтығы: Қарағанды облысында дүниеге келген.

Білімі:

1998 жылы Сатпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университетін тәмәмдады, 2002 жылы Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін «Қаржы және несие» мамандығы бойынша «Қаржы-экономист» біліктілігін иеленіп тәмәмдады.

Еңбек өтілі:

1974 жылы 18 сәуірде Қарағанды облысында дүниеге келген.

1998 жылы Сатпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университетін тәмәмдады, 2002 жылы Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін «Қаржы және несие» мамандығы бойынша «Қаржы-экономист» біліктілігін иеленіп тәмәмдады.

Еңбек өтілін «Балхаш-Мыс» ӨБ 3-ші дәрежелі металшы болып бастады.

2002 жылғы сәуірден бастап тамызға дейін - басқарма басшысы, «КМТ» ЖШС-нің бас директоры,

2002 жылдың наурыз айынан 2004 жылдың қыркүйек айына дейін Қарағанды қаласындағы «ТПК Азия» ЖШС филиалының директор орынбасары,

2005 жылдың ақпан айынан 2006 жылдың наурыз айына дейін Атырау қаласындағы «АМО» АҚ Басқармасының Төраға орынбасары,

2007 жылдың сәуір айынан 2008 жылдың тамыз айына дейін Алматы қаласындағы «Нұрбанк» АҚ-ның Корпоративті бизнес басқармасының бастығы,

2007 жылдың тамыз айынан 2008 жылдың қыркүйек айына дейін Алматы қаласындағы «Нұрбанк» АҚ басқарушы директоры,

2008 жылдың қыркүйек айынан 2010 жылдың мамыр айына дейін Алматы қаласындағы «Нұрбанк» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары,

2010 жылдың мамыр айынан 2010 жылдың қазан айына дейін «Қазақстан Даму банкі» АҚ Өкілдігінің директоры,

2013 жылдың 26 қарашадан бастап «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Экономика және қамтамасыз ету жөніндегі вице-президент м.а. –Басқарма мүшесі болып тағайындалды,

2014 жылдың 31 желтоқсанынан бастап Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен Бірінші вице-президент м.а. – Басқарма мүшесі болып тағайындалды.

2016 жылғы 17 қарашадан бастап Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, Қоғамның Президенті болып тағайындалды.

2017 жылғы 20 қаңтардан бастап Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, Қоғамның Президенті болып қайта тағайындалды.



Левитанус Александр Владимирович

Өндіріс жөніндегі Вице-президент

Туған жылы: 1974 жылы 18 сәуірде

Азаматтығы: Қарағанды облысында дүниеге келген.

Білімі:

1963 жылы 1 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысында дүниеге келген. В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының металлургия өндірісін автоматтандыру мамандығы бойынша аяқтаған.

2007 жылы Мемлекеттік университет-экономика жоғары мектебінің MBA - іскери басқару шебері MasterofBusinessA dministrator(MBA) N018281 мамандығы бойынша аяқтады.

2010 жылдан іскери басқару докторы Doctor of Business Administration (DBA) рег N15. Протокол N16.

Еңбек өтілі:

1983 жылдан 1991 жылдар аралығында «УМЗ» 5 разрядты бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика бойынша дәнекерлеуші;

1991жылдан 1993 жылдар аралығында «УМЗ» ТББ шебері;

1995 жылдан 2012 жылдар
аралығында «Raiting» ЖШС («Рейтинг» ЖШС) фирмасының директоры қызметін атқарды.

2002 жылдың 30 мамырынан 2008 жылдың 5 желтоқсаны аралығында «Raiting» ЖШС директорлар Кеңесінің Төрағасы болып қызмет атқарды.

2008 жылдың 02 шілдесінен бастап «ДК УМЗ» ЖШС, «УМЗ» ААҚ директоры болып жасады.

2012 жылдың 12 сәуірінен Қоғам директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес, Қоғам Басқармасының мүшесі-өндіріс жөніндегі вице-президенті м.а. болып сайланды.

2013 жылдың 13 наурыздан 2017 жылғы 20 қаңтарға дейін Қоғам Басқармасының мүшесі-өндіріс жөніндегі вице-президент қызметін атқарып келеді.

Халықаралық ақпараттандыру академиясының корреспондент-мүшесі(диплом №341)

2006 жылдың 8 желтоқсанындағы Жарлықпен «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.



Жексембеков Данияр Тахирұлы

Вице-президент по экономике, обеспечению и коммерции

Туған жылы: 1988 жылғы 18 тамызда дүниеге келген

Білімі:

London Metropolitan University-ін «Қаржы» мамандығы бойынша тәмамдады, өз еңбек жолын «Бухучет-НАП» ЖШС-да бухгалтердің көмекшісі болып бастады.

Еңбек өтілі:

2012 жылы «Транстелеком» АҚ экономика және қаржы басқармасының ақша ағындарын жоспарлау және реттеу бөлімінің жетекші маманы болды.

Одан әрі жұмыс тәжірибиесін «ТауКен Самрук» ҰТК» АҚ менеджер болып жалғастырды.

2014 жылы «Транстелеком» АҚ экономика және қаржы басқармасының ақша ағындарын жоспарлау және реттеу бөлімінің бас маманы болды.

2015 жылы «Транстелеком» АҚ Сатып алу бөлімі басшысы болып ауысып, кейіннен Экономика және қаржы жөніндегі атқарушы директордың м.а болды.

2016 жылғы 8 қарашадан бастап Экономика, қамтамасыз ету және коммерция жөніндегі Вице-президентінің м.а. лауазымына тағайындалды.

Біліктілік арттыру курстары: Бухгалтерлік есеп, Көшбасшылық әлеуетті дамыту, менеджерлерге арналған медиативтік құзіреттіліктер, «Самұрық Қазына» ҰӘҚ тобында сатып алуды ұйымдастыру және өткізу, Кәсіпорындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау, «Операцияларды тиімді басқару» (CIMA P1), TM Forum Инвойс №17184407 от 31.03.2016 ж., «Өзгерістерді басқару: стратегиялық көзқарас».

2016 жылғы 17 қарашадан бастап Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, Қоғамның Экономика, қамтамасыз ету және коммерция жөніндегі Вице-президенті болып сайланды.

2017 жылғы 20 қаңтардан бастап Директорлар кеңесінің шешіміне сәйке,с экономика және қаржы жөніндегі Вице-президент болды.

2017 жылғы 12 желтоқсаннан бастап Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, экономика, қаржы және қамтамасыз ету жөніндегі Вице-президент болып тағайындалды.



Адайбеков Елнар Русланұлы

Корпоративтік басқару және құқықтық мәселелер жөніндегі Вице-президент

Туған жылы: 1986 жылы 18 ақпанда

Азаматтығы: Алматы қаласында дүниеге келді

Білімі:

Kings College London, University of London BSc Computer Sciense мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек өтілі:

2008 – 2009 жылдары Алматы қаласындағы «Нұрбанк» АҚ жобалық менеджер болып жұмыс жасады.

2009 - 2010 жылдар Алматы қаласындағы «Нұр-Транс» АҚ тәуекел бөлімі басшысы қызметін атқарды.

2010 – 2011 жылдары Romania-дағы RompetrolGasSRLBucharest аға тәуекел менеджері болып жұмыс жасады.

2012 жылдан 2015 жылға дейін Romania, RompetrolGasSRLBucharest бас директорының орынбасары болды.

2015 жылғы 14 сәуірден бастап Қоғамның директорлар Кеңесі шешіміне сәйкес, Корпоративтік басқару және құқықтық мәселелер жөніндегі Вице-президенті – Қоғам Басқармасының мүшесі.

2017 жылғы 20 қаңтардан бастап Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, даму және құқықтық мәселелер жөніндегі Вице-президент – Қоғам Басқармасының мүшесі болып тағайындалды.



Байтуғанов Сакен Мадиханұлы

Коммерция жөніндегі атқаушы директор

Туған жылы: 1974 жылы 14 шілдеде

Азаматтығы: Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген

Білімі:

1997 жылы Қазақ химия-технологиялық Университетінің «Инженер-механик» мамандығы бойынша тәмамдады.

Еңбек өтілі:

1996 жылдың қаңтарынан 2003 жылдың сәуір айы аралығында Қазақстандағы "WrigleyGmbH" өкілдігінде түрлі позицияда жұмыс жасады.

2003 жылдың маусым айынан 2008 жылдың наурызы аралығында "GilletteGroup LLC" және "Procter&Gamble" жұмыс жасады

2008 жылдан 2012 жылдар аралығында бизнесті дамыту жөніндегі аймақтық менеджер/"GSM Kazakhstan" ЖШС/»Қазақтелеком» АҚ/ "Кселл"АҚ директор қызметтерін атқарды.

2012 жылдың желтоқсан айынан "Корпорация Аю" ЖШС коммерциялық директоры,

2013 жылдың желтоқсанынан "ABConsult". ЖШС Атқарушы директоры қызметін атқарды.

2014 жылдың 29 сәуірінен Қоғам директорлар Кеңесінің шешіміне сәйкес, Қоғам Басқармасының мүшесі - коммерция жөніндені Атқарушы директор болып сайланды.

2015 жылғы 14 сәуірден бастап Қоғамның директорлар Кеңесі шешіміне сәйкес, Қоғам Басқармасының мүшесі болып қайта сайланды.

2017 жылғы 20 қаңтардан бастап Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, телекоммуникациялық қызметтерді сату жөніндегі атқарушы директор болып тағайындалды.

2017 жылғы 12 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, коммерция жөніндегі Вице-президент болды.



Сапронов Андрей Александрович

Жаңғырту және дамыту жөніндегі атқарушы директор

Туған жылы: 1967 жылы 31 тамызда

Азаматтығы: Алматы облысында дүниеге келген

Білімі:

Томскідегі Автоматтандырылған басқару жүйесі және радиоэлектрика институтын «электронды- есептеу аппараттураларын құрастыру және өндіру» мамандығы бойынша тәмәмдады.

2002 жылы Экономика және қаржы институтын «Экономикадағы менеджмент» мамандығы бойынша тәмәмдады.

Еңбек өтілі:

1999 - 2003 жылдар аралығында Мини-АТС бөлімінің басшысы, «ComInTel» ЖШС-нің техникалық директоры болып жұмыс істеді.

2003-2012 жылдар аралығында Жоба жұмыстары бойынша атқарушы директор, Жобаларды жасау және енгізу Департаментінің директоры, бас техникалық сарапшы, Вице-президент, Бас техникалық директор, «Транстелеком» АҚ-ның бас инженері болып қызмет атқарды.

2012 жылғы 18 сәуірден Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Қоғамның Жаңғырту және дамыту жөніндегі атқарушы директоры – Басқарма мүшесі болып тағайындалды.

2015 жылғы 14 сәуірден бастап Қоғамның директорлар Кеңесі шешіміне сәйкес, Қоғам Басқармасының мүшесі болып қайта сайланды.

2017 жылғы 20 қаңтардан бастап Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.



Хидуанов Жаркимбек Ишанбекұлы

Атқарушы директор - «Телекоммуникациялық желілерді пайдалану дирекциясы» филиалының директоры

Туған жылы: 1956 жылы 25 қаңтарда

Азаматтығы: Қызылорда облысында дүниеге келді

Білімі:

Қазақ көлік және коммуникация академиясын «Энергетика инженері» мамандығы бойынша тәмәмдады.

Еңбек өтілі:

2000-2008 жылдар аралығында Қызылорда стансасының телеграф аға электрмеханигі, филиалдың басқарушы директорының орынбасары, «Қызылордатранстелеком» филиалының басқарушы директоры,

2008 жылы «Астанатранстелеком» филиалының техникалық директоры,

2008-2012 жылдар аралығында «Көкшетаутранстелеком» филиалының Басқарушы директоры болып жұмыс атқарды.

2013 жылдың 10 қаңтарынан бастап «Транстелеком» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен «Транстелеком» АҚ Атқарушы директоры – «Телекоммуникациялық желілерді пайдалану дирекциясы» филиалының директоры – Басқарма мүшесі болып тағайындалды.

2015 жылғы 14 сәуірден бастап Қоғамның директорлар Кеңесі шешіміне сәйкес, Қоғам Басқармасының мүшесі болып қайта сайланды.

2017 жылғы 20 қаңтардан бастап Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.



Канапин Айдос Магауияұлы

Құқықтық мәселелер жөніндегі атқарушы директор

Туған жылы: 1976 жылы 10 желтоқсанда

Азаматтығы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Нұрталды ауылында дүниеге келді

Білімі:

Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетін құқықтану мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек өтілі:

1999 - 2000 жылдары Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі салық және кеден басқармасы қазыналық саясат және болжау департаментінің кеден заңын дайындау бөлімінің жетекші экономисті болды

2000 - 2001 жылдары "Гросс Ост Тайм" ЖШС директор м.а болып жасады.

2001 жылғы сәуірден шілдеге дейін Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі салық және кеден басқармасы қазыналық саясат және болжау департаментінің кеден заңын дайындау бөлімінің бас экономистінің міндетін атқарушы болды.

2001 тамыздан бастап 2003 жылға дейін "Темиртау" ТП жанындағы "Ай. Си.Эс. Инспекшн энд КонтралСервисед Казахстан" ЖШС аймақтық менеджері болып жұмыс істеді.

2003 – 2004 жылдары "Гросс Ост Тайм" ЖШС директорының орынбасары болып жасады.

2004 - 2006 жылдар аралығында Көлік және коммуникация министрлігі Заң департаменті Нормошығармашылық қызмет басқармасының басшысы, Заң департаменті құқықтық сараптау басқармасы заң жобаларын құқықтық сараптау бөлімінің бас маманы м.а болып қызметтер атқарды.

2006 – 2008 жылдары Қазақстан Республикасы сауда және индустрия министрлігі Бәсекелестікті қорғау Комитетінің бақылау және жауап беру басқармасының басшысы болды.

2008 - 2009 жылдары "OlympexAdvisers" ЖШС құқықытық қызмет департаментінің құқықытық мәселелер жөніндегі топтың заңгері болып жұмыс істеді.

2009 жылғы мамырдан қарашаға дейін ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігінің Тауар нарықтарын талдау департаменті директорының орынбасары болып қызметін ауыстырады. (Монополияға қарсы агенттік)

2009 жылғы желтоқсаннан 2010 жылғы шілдеге дейін Ауыл шаруашылығы министрлігі су ресурстары жөніндегі комитетінің «Қ. Сәтпаев атындағы канал» РМК бас директорының орынбасары.

2010 жылғы қыркүйектен 2012 жылғы тамызға дейін «Balkantau» ЖШС директорының орынбасары, бас менеджер қызметінде болған.

2013 қаңтардан 2013 мамырға дейін Қарағанды облыстық Әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы болып жұмыс істеді.

2013 жылғы мамырдан 2014 жылғы маусымға дейін ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігінің Заң департаменті директоры болып тағайындалды(Монополияға қарсы агенттік).

2014 жылғы маусымнан 2015 жылғы қаңтарға дейін "Ипотека АФ " АҚ Басқарма басшысының бірінші орынбасары болып жұмыс істеді.

2015 маусымынан қазіргі уақытқа дейін Астана қаласындағы «Трансгелеком» АҚ Құқықтық мәселелер жөніндегі атқарушы директоры м.а.

2015 жылғы 14 тамыздан Қоғамның директорлар Кеңесі шешімімен құқықтық мәселелер жөніндегі атқарушы директор – Қоғамның Басқарма мүшесі болып таңдалды.

2017 жылғы 20 қаңтардан бастап Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, Қоғам Басқармасының мүшесі болып қайта сайланды.

2017 жылғы Қоғам Басқармасының мәжілістері

Компанияның Басқарма қызметі Жарғыда, корпоративті басқару кодексінде және Басқарма туралы Ережеде жазылған ұстанымдармен белгіленеді. 2017 жылы Басқарманың 25 мәжілісі өткізілді, онда атқарушы орган құзырындағы Қоғам Жарғысына қарасты 101 мәселелер қарастырылып, сол бойынша шешімдер қабылданды. Басқарма өз қызметін акционерлердің жалпы жиналысына және Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

Аты-жөні	Барлық мәжілістер, саны	Мәжілістерге қатысымы саны	Ескерту
Надыров Жанболат Орақұлы	25	21	2016 жылғы 14 желтоқсандағы №10/2016, 2017 жылғы 20 қаңтардағы №1/2017 Директорлар кеңесінің шешімімен қайта тағайындалды
Левитанус Александр Владимирович	3	3	2015 жылғы 14 сәуірдегі №3/2015 Директорлар кеңесінің шешімімен қайта сайланды (2017 жылғы 20 қаңтардағы №1/2017 Директорлар кеңесінің шешімімен уәкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды)
Жексембеков Данияр Тахирұлы	23	23	2016 жылғы 17 қарашадағы №9/2016, 2017 жылғы 20 қаңтардағы №1/2017, 12.12.2017 жылғы №10/2017 Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалды
Адайбеков Елнар Русланұлы	25	22	2015 жылғы 14 сәуірдегі №3/2015, 2017 жылғы 20 қаңтардағы №1/2017 Директорлар кеңесінің шешімімен сайланды
Байтуғанов Сакен Мадиханұлы	23	16	2015 жылғы 14 сәуірдегі №3/2015, 2017 жылғы 20 қаңтардағы №1/2017, 12.12.2017 жылғы №10/2017 Директорлар кеңесінің шешімімен қайта сайланды
Канапин Айдос Магауияұлы	25	25	2015 жылғы 14 тамыздағы №7/2015, 2017 жылғы 20 қаңтардағы №1/2017Директорлар кеңесінің шешімімен сайланды
Сапронов Андрей Александрович	3	3	2015 жылғы 14 сәуірдегі №3/2015 Директорлар кеңесінің шешімімен қайта сайланды (2017 жылғы 20 қаңтардағы №1/2017Директорлар кеңесінің шешімімен уәкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды)
Хидуанов Жаркинбек Ишанбекұлы	3	3	2015 жылғы 14 сәуірдегі №3/2015 Директорлар кеңесінің шешімімен қайта сайланды (2017 жылғы 20 қаңтардағы №1/2017Директорлар кеңесінің шешімімен уәкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылды)

Басқарма мәжілісіндегі қарасырылған өзекті мәселе болып табылады:

1. **ОА пен филиалдардың штат кестесін бекіту** (өзгерістер мен толықтырулар енгізу);

2. **Ішкі құжаттарды бекіту:**

- «Трансгелеком» АҚ орталық аппаратының жаңа құрылымдық бөлімше бойынша бос орындарын алмастыру ережесі» біріктірілген менеджмент жүйесінің жұмыс нұсқаулығы;
- «Трансгелеком» АҚ орталық аппараты әкімшілік-өндірістік персоналдарының лауазымдық еңбек ақы және сыйақы көлемін белгілеу ережесі» біріктірілген менеджмент жүйесінің жұмыс нұсқаулығы;
- «Қызметкерді іріктеу туралы Ереже» біріктірілген менеджмент жүйесінің жұмыс нұсқаулығы жаңа редакцияда;
- «Трансгелеком» АҚ қаржы көрсеткіштерін талдау әдістемесі» біріктірілген менеджмент жүйесінің жұмыс нұсқаулығы;
- «Трансгелеком» АҚ Инвестициялық комитеті туралы Ережесі;
- «Трансгелеком» АҚ Бюджеттік комитеті туралы Ережесі;
- «Трансгелеком» АҚ Техникалық кеңес туралы Ережесі жаңа редакцияда;
- «Трансгелеком» АҚ айналымдағы капиталдарымен жұмыс бойынша комиссия туралы Ереже жаңа редакцияда;
- «Трансгелеком» АҚ жақсарту бойынша Кеңесі туралы Ереже;
- «Трансгелеком» АҚ GREEn қозғалысы туралы Ереже;
- «Трансгелеком» АҚ қаіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы саясаты;
- «Трансгелеком» АҚ қаржы саясаты жаңа редакцияда;
- «Трансгелеком» АҚ жобаларды басқару саласындағы саясаты;
- «Трансгелеком» АҚ ақпараттық саясаты;

3. **бектіу:**

- 2016 жылғы жұмыстарының қорытындысы бойынша «Трансгелеком» АҚ Басқармасының құрамына кірмейтін, орталық аппараттың атқарушы директорлар қызметтерінің нақты мағынасымен негізгі көрсеткіштер картасын;
- «Трансгелеком» АҚ Басқармасының құрамына кірмейтін, орталық аппараттың басшы қызметкерлерінің 2017 жылға уәждемелік картасын;
- «Трансгелеком» АҚ Тәуекелдер жөніндегі комитет құрамын жаңа редакцияда

4. **Сатып алу мәселелері бойынша:**

- «TNS-Intec» ЖШС-нен бір көзден алу тәсілімен ҚҚС есептегенде 104 753 600 (жүз төрт мың жеті жүз елу үш мың алты жүз) теңгеге «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ локомотивтерінде Локомотив деңгейіндегі «Энергодиспетчерлік тарту» автоматты басқару жүйесі жабдықтарын іске қосу-жөндеу жұмыстарын сатып алу жүзеге асырылды;
- қызметтерді сатып алу жүзеге асырылды:

  1. «Русский регистр Евразия» ЖШС-нен бір көзден алу тәсілімен ҚҚС есептемегенде жалпы сомасы 1 900 000 (бір миллионтоғыз жүз мың) теңгеге энергетикалық менеджмент жүйесі бойынша инспекциялық аудит жүргізуді сатып алу жүзеге асырылды;

  2. «Русский регистр Евразия» ЖШС-нен бір көзден алу тәсілімен ҚҚС есептемегенде жалпы сомасы 2 850 000 (екі миллион сегіз жүз елу мың) теңгеге сапа менеджменті жүйесі бойынша қайта серификатталған аудит жүргізуді сатып алу жүзеге асырылды;

  3. «Русский регистр Евразия» ЖШС-нен бір көзден алу тәсілімен ҚҚС есептемегенде жалпы сомасы 2 850 000 (екі миллион сегіз жүз елу мың) теңгеге экологиялық менеджмент жүйесі бойынша қайта серификатталған аудит жүргізуді сатып алу жүзеге асырылды;

- Халықаралық сот органдарында және арбитраждарда мүдделерді ұсынуға байланысты, Curtis, Mallet-Prevost, Colt & Mosle LLP –дан бір көзден алу тәсілімен ҚҚС есептемегенде жалпы сомасы85 000 АҚШ долларына заңдық консультатциялық қызметтерді және өкілеттік қызметтерді сатып алу жүзеге асырылды;
- «Corporate Business Systems» ЖШС-нен бір көзден алу тәсілімен ҚҚС есептемегенде 798 376 909 (жеті жүз тоқсан сегіз миллион үш жүз жетпіс алты мың тоғыз жүз тоғыз) теңгеден аспайтын сомаға серверлік лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз ету сатып алу жүзеге асырылды;
- «Corporate Business Systems» ЖШС-нен бір көзден алу тәсілімен ҚҚС есептемегенде 156 034 145,40 (жүз елу алты миллион отыз төрт мың жүз қырық бес) теңге 40 тиыннан аспайтын сомаға үш жыл мерзімге (жылына 52 011 381,80 теңге) Microsoft SQLSvrEntCore ALNG LicSAPk MVL 2Lic CoreLic лицензияланған бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдануға құқық беретін 20 лицензияны ұсыну қызметін сатып алу жүзеге асырылды;
- «Астана Новые Технологии-2008» ЖШС-нен бір көзден алу тәсілімен ҚҚС есептемегенде жалпы сомасы 172 984 401 (жүз жетпіс екі миллион тоғыз жүз сексен төрт мың төрт жүз бір) теңгеге телекоммуникациялық жабдықтарды жөндеу/жаңарту бойынша жұмыстарды сатып алу жүзеге асырылды.

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Транстелеком» акционерлік қоғамының Жарғысына және «Қазақстан Темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы беру Типтік Ережелеріне сәйкес әзірленген, «Транстелеком» акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы беру Ережелеріне (бұдан әрі- Ереже) сәйкес жүргізіледі.

Ереже мынадай принциптерге негізделеді:

- «Қазақстан Темір жолы» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының және Қоғамның мүддесін қорғайтын тапсырмаларды орындауға байланысты сыйақы беру;
- сыйақы көлемінің принциптерін анықтаудың қарапайымдылығы және айқындылығы;
- сыйақы көлемі басшы қызметкерлердің Қоғамдағы қызметінің нәтижелеріне байланысты.

Басшы қызметкерлердің қызметтерінің тиімділігін анықтау процедурасы келесі кезеңдерден тұрады:

- уәждемелі ПӘК таңдау, мақсатты мәселені жолға қою;
- уәждемелі ПӘК бекіту;
- нәтижелелік мониторингі;
- нақты нәтижелілік есебі және бекіту.

Уәждемелі ПӘК нақты көрсеткіштерге Қоғамның стратегиялық мақсаттарын жіктеу жолымен мақсатты түрде ПӘК картасы түрінде әзірленеді. Бұл ретте әрбір ПӘК-ке ПӘК паспорты әзірленеді.

Жұмыс нәтижелері бойынша (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сыйақы беру), сондай-ақ жылдық қызмет нәтижелері бойынша қол жеткізілген табыстарға материалдық ынталандыру мақсатында сыйақы төленеді, жұмыс тиімділігін арттырудың тұрақты сипаты жоқ және орташа еңбекақыны есептеу кезінде ескерілмейді.

Қызметтің тиімділігін бағалау Компанияның қаржылық-шаруашылық жұмысының тиімділігін (Корпоративтік ПӘК) және басқарма мүшелері қызметінің жеке бағыттары бойынша нәтижеге жету деңгейін (жеке ПӘК) сипаттайтын ПӘК негізінде жүзеге асырылады.

Корпоративтік ПӘК Қордың Басқарма мүшелерінің барлығы үшін бірыңғай болып табылады. Жеке ПӘК жетекшілік ететін бағыттары бойынша мақсаттарға жетуге бағытталған.

Корпоративтік және жеке ПӘК шекті және мақсатты мәнге, сондай-ақ «Шақыру» мәніне ие. Шекті мән - лауазымдық міндеттер адал атқарылған жағдайда жоғары ықтималдылықпен қол жеткізілетін қызмет нәтижесінен ең аз күтуді сипаттайтын ПӘК мәні. Мақсатты мән - қызметтің жоғары нәтижелерінің күтілетін деңгейін сипаттайтын ПӘК мәні; «Шақыру» Қоғамның жоғары мақсаттарын іске асыруға ықпал ететін қызметтің аса үздік нәтижелерін сипаттайтын ПӘК мәні.

Сыйақы берудің мөлшерлі көлемі басшы қызметкерлердің жылдық жұмыс қорытындылары бойынша жалақының 4 еселенген жылдық сомасынан (лауазымдық жалақы) артық болмайды.

Есептік жылы Компанияның шешуші басқа қызметкерлеріне төленген сыйақы көлемі (жалақының және ақшалай формадағы сыйақының барлық түрінің жиынтық көлемі) 338 971,059 мың теңгені құрады.

№	ПӘК атауы	Өлш.бір.	2017		Нәтижелігі
			Жоспар	Факт 2017 жыл	
Өндірістік көрсеткіштер					
1	"Транстелеком" АҚ қызметкерлерінің жұмыс өнімділігі	мың.тг./ адам	24 111	23 801,1	96,8
2	Өткен жылмен салыстырғанда кең жолақты интернет желісіне қолжетімділікті қолданатынушылар санының өсуі	%	100	114,62	125
3	Магистарльдық желінің сенімділік деңнейі	%	99,3	99,83	125
Қаржы көрсеткіштері					
4	EBITDA margin	%	27,96	28,93	106,9
5	Таза пайда	мың.тг.	5 549 941	5 331 602	90,2
6	ROE – өз капиталының табыстылығы	%	22,71	21,91	91,2

Ішкі
аудит қызметі

«Транстелеком» АҚ ішкі аудиттің ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін Ішкі аудит қызметі (ІАҚ), Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді. ІАҚ қызметіне Қоғам Директорлар кеңесінің Аудит бойынша комитеті жетекшілік етеді. Қызметтің басшысы мен қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесімен тағайындалады.

Ішкі аудит қызметінің міндеті Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуі үшін Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасына өз міндеттемелерін жүзеге асыруда көмек көрсету болып табылады.

Қызметтің негізгі мақсаты Директорлар кеңесі мен Аудит бойынша комитетке Қоғамда ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін жақсартуға бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру болып табылады.

ІАҚ туралы Ережемен ІАҚ мақсаты, өкілдігі және жауапкершілігі, сондай-ақ біліктілік талаптары анықталды. ІАҚ туралы Ереже Халықаралық кәсіби стандарттар негізінде әзірленген. ІАҚ туралы Ереже «Транстелеком» АҚ бизнесінің арнайы қажеттіліктеріне толықтай сәкес келеді.

Директорлар кеңесінің ІАҚ әкімшілендірген есеп беруі және функционалдық есеп беруі келесі шарттармен жүзеге асады:

1. ІАҚ қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, қызметтерін және тәртібін регламенттеуші, ішкі аудит саласындағы ережелер мен басқа да саясатын Директорлар кеңесіне бекітуге (Аудит бойынша комитетпен алдын ала қарау);

2. жылдық тәуекел-бағдарланған аудиторлық жоспарларды Директорлар кеңесіне бекітуге (Аудит бойынша комитетпен алдын ала қарау);

3. жылдық аудиторлық жоспардың орындалуы туралы тоқсандық және жылдық есепті және ішкі аудит қызметі туралы басқа ақпараттарды Директорлар кеңесіне ұсыну (Аудит бойынша комитет);

4. ішкі аудит бөлімшесінің басшысын және қызметкерлерін тағайындау, жұмыстан боасту, сыйлық ақы беру туралы шешімдерді Директорлар кеңесіне бекітуге (Аудит бойынша комитетпен алдын ала қарау);

5. ІАҚ өкілдіктерін елеулі шектеу немесе ішкі аудитті жүзеге асыруға кері әсерін тигізетін басқа да шектеулерді Директорлар кеңесіне қарастыруға (Аудит бойынша комитет) ұсынады.

ІАҚ басшысымен ІАҚ жұмысын реттеуші ішкі құжаттар әзірленді (Ереже, ішкі аудитті ұйымдастыру бойынша Нұсқаулық және т.б.), аталған құжаттар қарастырылды, Аудит бойынша комитетпен және Директорлар кеңесімен алдын ала мақұлданған.

ІАҚ өз қызметін Қоғамның Директорлар кеңесімен жыл сайын бекітілетін және қажет болу шараларына қарай қайта қаралатын, жылдық тәуекел-бағдарланған аудиторлық жоспарлар негізінде жүзеге асырады.

ІАҚ үнемі қызметтің жалпы қабылданған стандарттарына жәнеүздік тәжірибелерге сәйкес, ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалауды жүргізеді.

2017 жылы ІАҚ нақты саны 3 адамды құрады году.

2017 жылғы 17 наурыздағы «Транстелеком» АҚ директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес (№2/2017хаттама), 2017 жылы 9 аудиторлық тексеріс жүргізілді. Аудиторлық тексерістің негізгі бағыттары - телекоммуникациялық процесстерді, ақпараттық технологияларды, инвестициялық қызметтер мен комерциялық процесстерді қоса қанда, Қоғам қызметінің әртүрлі салаларындағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процедураларының тиімділігін бағалауға қатысты болды

Барлық аудиторлық тексерістердің нәтижелері бойынша, келісілген және аудит нысанымен орындауға қабылданған 78 ұсыныс берілді. ІАҚ аудиторлық тексерістер барысында берілген ұсыныстарының орындалуына тұрақты түрде мониторинг жүргізеді. Аудиторлық тексерістердің нәтижелері және мониторинг бойынша ІАҚ есебі тоқсан сайын Қоғамның Директорлар кеңесіне қарауға ұсынылады.

Мүдделер қақтығысын реттеу

Компанияда Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, «Транстелеком» АҚ-ның Корпоративтік жанжалдарды реттеу саясаты бар, ол «ҚТЖ» ҰК » АҚ мен басқа да Қоғам органдары арасындағы корпоративтік қақтығыстарды реттеу тәртібі мен рәсімдерін реттейді.

Компания Компанияда туындауы мүмкін корпоративтік жанжалдарды толық және тез анықтауға және Қоғам органдарының іс-әрекеттерін нақты үйлестіруге, атап айтқанда:

- Корпоративтік шиеленістерді дамуының ең ерте кезеңдерінде сәйкестендіруін, Қоғам және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан оларға мұқият қарауды қамтамасыз етеді;
- Корпоративтік хатшы Қоғамның акционерлерінен алынған хабарламаларды, хаттар мен талаптарды тіркеу, корпоративтік қақтығыстарды есепке алуды жүзеге асырады. Қоғамның Корпоративтік хатшысы алдын-ала бағалауды жүргізеді және құзыретіне осы қақтығысты қарауды қамтитын Қоғамның органына жібереді.

Корпоративтік хатшы акционерлердің өтініштері мен акционерлердің құқықтарының бұзылуымен байланысты жанжалдардың шешілуін Қоғамның қарауына кепілдік береді. Компания филиалдарында мұндай жұмыстарды ұйымдастыру оларды басқаратын тұлғаларға жүктелуі тиіс. Бірақ бұл жағдайда Компанияның Корпоративтік хатшысы Қоғам филиалдарында туындаған корпоративтік жанжалдар туралы толық ақпарат алуға тиіс;

- мүмкіндігінше тез арада қақтығыстың мәні бойынша өз ұстанымын айқындайды, тиісті шешім қабылдайды және оны Жалғыз акционердің назарына жеткізеді.

2017 жылы Қоғамда мүдделер қақтығысқан жағдай тіркелген жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет. Адалдық және әдеп

«Транстелеком» АҚ стратегиялық тапсырмаларының бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет болып табылады. Компания ұлттық қауіпсіздіктің жүйелі қатерлерінің бірі болып қарастырылалын кез келген жемқорлықтың туындауымен күресуде.

«Транстелеком» АҚ мемлекеттік компания ретінде мемлекеттік саясатта сыбайлас жемқорлықпен қаралатын басымдылық және қағидалық бағытында бет түзейді, сондықтан да бұл аяда Қазақстан Республикасының қолданыстағы барлық заңнама талаптарына сәйкес тіркеледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетті басқару

ҚР Президентінің жариялаған 100 нақты қадам Ұлт жоспарында экономикалық дағдарыс жағдайындағы жемқорлыққа қарсы заңнамалық базаның жаңартылуы болды. Жаңа заңның басты ерекшелігі, ол кәсіпкерлік қызметті жемқорлықтан қорғауға кепілдік беріп қана қоймай, кәсіпкерлерді жемқорлыққа қарсы әрекет ететін субъект ретінде таниды. Демек, бизнес иелері енді жаңа заң бойынша, жемқорлыққа қатысты заңбұзушылықтардың орын алуына жол ашатын себептер мен жағдайларға тойтарыс беретін шараларды қолға ала алады.

Жемқорлыққа қарсы әрекет және алаяқтықпен күрес «Транстелеком» АҚ дамуының стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады.

2015 жылғы қарашада Қоғамда бекітілген жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы әрекет Саясатына сәйкес, компанияның барлық қызметкерлері оны басшылыққа алып, принциптерін мүлтіксіз орындайды:

- ✓ Заңдылық;
- ✓ Адамның және азаматтың бостандығы мен негізгі құқықтарын
- ✓ мойындау, қорғау және қамтамасыз ету;

  Қоғам жұмысшылары қызметінің жариялылығы және ашықтығы;
- ✓ Жемқорлық заңбұзушылықтарын жасаған жағдайдағы жауапкершілік;
- ✓ Қоғам қызметкерлерінің алаяқтық пен жемқорлықтан аулақ болатын, лауазымдық міндеттерін атқаруда адалдық принциптері мен сатқындықтың болмауын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетінің қалыптасуы;

- ✓ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат жүргізу;
- ✓ Саяси, ұйымдастырушылық, ақпараттық насихатау, саяси-экономикалық, құқықтық, арнайы және басқа да шаралардың кешенді пайдаланылуы;
- ✓ Компанияның, мемлекеттік органдармен, Қоғам контрагенттерімен
- ✓ Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету аясында қызмет атқару.

Саясаттың міндеттері:

- ✓ Құқыққа қарсы әрекеттерді ескерту;
- ✓ Қоғам қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін, сондай-ақ Қоғамның қызметін реттеуші ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрибиелеу;
- ✓ Алаяқтық пен жемқорлықты туғызатын жағдайлар мен себептерді жою;

Корпоративті басқару, сатып алуларды өткізу барысындағы клиенттермен, контрагенттермен және әріптестермен өзара байланыс, сондай-ақ, мемлекеттік органдармен қарым-қатынас салаларындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша нақты шараларды жүзеге асыру мақсатында:

- ✓ сыбайлас жемқорлық бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары барлық қызметкерлердің назарына жеткізілді;
- ✓ қызметтерді ұсыну және сатып алуды жүргізу барысында тұрақты;
- ✓ қадағалау жүргізіледі; (2017 жыл үшін қызметтерді ұсыну және сатып алуды жүргізу барысында нормативтік актілердің бұзушылық фактісі болған жоқ);
- ✓ сатып алуларды ұйымдастыру және өткізу процесін автоматтаныру үшін заманауи информациялық жүйені пайдаланып оның жариялылығын және қатысымдылығының жоспарларын дайындау уақытында қамтамасыз етілді.

Сатып алуларды өткізу мерзіміне сәйкес, Қоғаммен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ акцияларының елу және одан да көп пайызы (қатысу үлесі) тікелей немесе жанама жататын ұйымдармен және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамымен тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алулар Ережесін сақтауды қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жүргізілді.

2016 жылдан бастап Қоғамда Компанияда жұмыс істейтін кез келген қызметкер немесе Компанияның серіктесі ұжымдағы, филиалдардағы дайындалып жатқан немесе болған сыбайлас жемқорлық фактілері және мәселелік жағдайлар туралы айтуға және басшылыққа сұрақ қоюға болатын «Сенім телефоны» қолданысқа енгізілді.

Нормативтік актісіне сәйкес, қызметкерді жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан шығау кезінде, бос лауазымдық орынға конкурстық іріктеудің жариялылығы, ашықтығы және айқындығын қамтамасыз ету бойынша бақылау жүргізеді.

Конкурстық іріктеу қорытындысы туралы ақпарат ресми сайтта жарияланады. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды дамыту департаментіне тоқсан сайын бос лауазымдық орынға кандидаттарды қарастыру жөнінде есеп жіберіледі.

Қазіргі таңда, Қоғамның орталық аппараты мен филиалдарында сыбайлас жемқорлықпен күрес жағдайының тұрақты мониторингі жасалды. 2014-2015 жылдары қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық әрекеті жайлы шағым түскен жоқ. 2017 жылы «Тәуекелдер және қауіпсіздік» бағыты 18 қызметтік тексеру жүргізді, сыбайлас жемқорлық фактісі тіркелген жоқ.

Терроризмге қарсы іс-қимыл

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы аясында (2010 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1404 «Қазақстан Республикасында терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы қызметті ұйымдастыру қағидасын бекіту туралы» Қаулысы, 2013 жылғы 5 наурыздағы жиналыстың №2 хаттамасы) Қоғамда терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастырылған іс-шаралар:

- ✓ 2017 жылы нысандарды терроризмге қарсы қорғанышпен қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді;
- ✓ жаңартылған әдістемелік материалдарды дайындау кезінде персоналдарды оқытуды ұйымдастыруға өзгерістер енгізілді;
- ✓ Қоғам филиалдарының объектілерін қорғауды қамтамасыз етуді ұйымдастыру жүйесіне талдау жүргізілді және теміржол көлігіндегі лаңкестік қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл туралы материалдар дайындалды;
- ✓ 2014-2017 жылдарға арналған Қоғам филиалдарының маңызды нысандарын кезең-кезеңмен техникалық жабдықтаудың әзірленген және бекітілген жоспары бойынша жұмыс жүргізілуде.

Компания филиалдарында террористік қауіптің «сары» деңгейін енгізуіне байланысты халық арасында лаңкестік қауіп-қатерді белгілеу бойынша халықтың іс-қимыл тәртібі бойынша ұсынымдар таратылды. «Терроризмге қарсы тұру және темір жол көлігі объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейту туралы» бұйрықтар шығарылды.

Компания 2015 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасы терроризмге қарсы күрес орталығының штабы әзірлеген «Терроризм актісінің пайда болуы туралы ақпарат мониторингін жүргізу және халықты ақпараттандырудың мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеу ережелерін» мемлекеттік органдарының қолдану тәртібін зерделеу бойынша сабақтар өткізді.

Режимдік, күзеттік және профилактикалық іс-шаралар:

- ✓ Қоғам филиалдарының ғимаратында қол жетімділікті басқару және бақылау жүйесі бар, жаңа қабылданған қызметкерлерге электронды кіру карталарымен беріледі;
- ✓ Қоғам нысандарында тәулік бойғы және күндізгі жеке күзет бекеттері орнатылды;
- ✓ Бөгде заттарды анықтау үшін әкімшілік ғимараттарды, аумақтарды және желінің және кабельдік шаруашылықтың қоршауын жағдайын сайын тексеріледі;
- ✓ Нысандар заманауи инженерлік және техникалық күзет жабдықтарымен қамтамасыз етілген, бейнебақылау және қолжетімділікті бақылау және басқару жүйесімен жабдықталған;
- ✓ Әкімшілік ғимараттарды терроризмге қарсы қорғаудың паспорттары әзірленді және бекітілді;
- ✓ террорлық сипаттағы қауіп болған жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлердің әрекетін үйрету бойынша ай сайын жоспарланған сабақтар өткізіледі;
- ✓ Қоғам филиалдарының нысандарында террористік акт жасау немесе қауіп төну жағдайында хабарландыру кестелері мен тізімдерін түзету және жаңарту;

Техникалық іс-шаралар:

- ✓ Түнде объектілер аумағын жарықтандыру құралдарының жұмысқа қабілеттілігі үнемі қамтамасыз етіледі;
- ✓ Терроризмге қарсы қорғаныс тақырыбы бойынша көрнекі үгіт-насихат жаңартылады;
- ✓ Қоғам филиалдарының барлық нысандарында күзет дабылының жұмыс қабілеттілігі ай сайын тексеріледі;
- ✓ Қоғам филиалдарында жеке қорғану құралдарының жағдайын тоқсан сайын тексеру және алдын-алу жүргізіледі;
- ✓ Қоғам филиалдарының жертөлелеріне, төбелеріне және іргелес аумағына ай сайынғы тексеру жүргізіледі;
- ✓ Бөгде заттардың бар екендігін білу үшін желілік байланыс құралдарына мерзімді тексеру жүргізу.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын орындауды қамтамасыз ету.

Қоғам жүйелі түрде діни төзімділікті, өзара сыйластықты және діни экстремизмді болдырмауды насихаттау жұмыстарын жүргізеді.

Көрсетілген жұмыстар аясында келесі іс-шаралар жүргізілді:

- ✓ Діни экстремизм мен терроризмге қарсы күресудің құқықтық негіздерін зерделеу бойынша дәрістер мен сабақтар өткізілді;
- ✓ Қызметкерлер мен жас мамандармен терроризмге қарсы қорғаныс және діни экстремизмнің алдын алу бойынша сабақтар өткізу үшін филиалдардың шағын станцияларынан шығамыз.
- ✓ Тұрақты негізде террористік және экстремистік сипаттағы әдебиеттің енуін болдырмау үшін бақылау жүргізілді;
- ✓ Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде жұмысшы персоналмен әрекеттер жасау бойынша тәжірибелік іс-шаралар жүргізілді;
- ✓ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарын, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің баптарын, «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» және «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңдарын түсіндіре отырып, филиалдардың діни ахуалын зерттеу.

Құндылықтар
және этикалық принциптер

Компанияның корпоративті құндылығы

Қоғамның қызметінің негізі қаланған, корпоративтік құндылықтар негізін қалаушы қоғамға толығымен және қызығушылық танытқан тұлғаға парасаттылық, сенімділік және оның қызметкерлерінің шеберлігі, олардың еңбегінің тиімділігі, өзара көмегі, бір біріне сыйластығы.

Қоғам іскери этиканың келесі принциптерін басшылыққа алады:

- Адалдық;
- Әділдік;
- Адал ниеттілік;
- Ашықтық;
- Жауапкершілік.

«Транстелеком» АҚ іскери этика Кодексі Компанияның корпоративтік мәдениетінің негізін қалайтын және корпоративтік құндылықтарды нығайтатын ішкі нормативтік құжаттар болып табылады. Кодекспен Компанияның және оның қызметкерлерінің іскери әрететінің маңызды ережесі, ішкі корпоративтік қатынас этикалық нормалары, әлеуметтік жауапкершілік, сондай-ақ корпоративтік басқарудың іскери этикасы мәселелері анықталады.

Іскери этиканың Кодексі үздік қазақстандық және шетелдік корпоративтік басқару практикасының тәжірибиесін есептеп, жалпы қабылданған іскери этиканың негізінде жасалды.

Кодекс Компанияның барлық қызметкерлері (филиал қызметкерлерін қоскқанда) және оның басқару органдары мүшелері үшін міндетті сипатқа ие.

Компаниямен жасалған, азаматтық-құқықтық шарт бойынша жұмыс жасайтын жеке тұлғаларға, сондай-ақ тапсырма орындайтын, агент болып табылатын, мердігерлер мен кеңесшілерге арналған немесе Компанияны үшінші тұлға алдында ұсынушылар, егер олар Компания атынан әрекет етсе Кодекске қайшы келетін бөлімдері болмаса, Кодекс ұсынбалы сипатқа ие.

Кодекс мазмұны бойынша қолданыстағы заңнамаға бағынады және даулы мәселерді шешуде қолданылуы мүмкін.

Бәсекелестермен қатынас

